



МӘУЕЛІ БӘЙТЕРЕК



МӘУЕЛІ
БӘЙТЕРЕК

Тарту кітабы

Қарағанды - 2017 ж.

ӘОЖ 37.0

М 37

Кітап Жұматай Құтжанұлының балаларының ұсынысы бойынша шығарылды.

Жинақты әдеби қалыпқа түсіріп, жүйелеп, компьютерлік теруді ұйымдастырып, өңдеуден өткізіп құрастырған: **ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ТҮРКСОЙ-дың «Ұлы Түрік қыраны» медалінің иегері Сәбит Қыдырбайұлы БЕКСЕЙІТОВ.**

Мәуелі Бәйтерек: Тауту кітабы/құраст: Сәбит Бексейітов.-

М 37 Қарағанды: «Tengri Ltd», 2016. - 252 бет

ISBN 978-601-7814-58-8

Бұл кітап жайсаң жан, ел ағасы, соғыс және еңбек ардагері, «Құрмет белгісі» орденінің иегері, ҚазКСР Халық ағарту ісінің үздігі, Шет ауданының Құрметті азаматы Жұматай Құтжанұлының педагогикалық қызметі, жеке тұлғасы, шығармашылығы жайлы сыр шертеді. Бұл жинақта абзал азаматтың адами келбеті, жан сұлулығы, мінез байлығы, қайраткерлік қасиеттері жан-жақты ашылған. Абыз ақсақалдың өміріне байланысты жарияланған деректі құжаттар мен суреттер жинақтың мазмұнын барынша байытып тұр.

Жинақты құрастыруда қызметтестері, шәкірттері, көзкөргендер мен ардагерлердің естеліктері, жылы лебіздері, баспасөз бетіндегі мақалалар пайдаланылды.

«Ұстаз деген - ұлы есім» деп Мұхтар Әуезов айтқандай, осынау мәртебелі атаққа лайық Жұматай Құтжанұлының өнегелі өмірі мен ұстаздық жолы жайлы жазылған тарту кітабының келешек ұрпаққа тәрбие беруде мәні зор деп білеміз. Сондықтан жинақ мерейгердің ұрпақтарына және көпшілік қауымға арналған.

ӘОЖ 37.0

ISBN 978-601-7814-58-8

© Сәбит Бексейітов, 2016 ж.

Абыз ақсақал,
даңқты майдангер,
ұлағатты ұстаз

Жұматай
Құтжанұлының

100

жас мерейтойына
арналады

*Шет ауданының
Құрметті азаматы*



Жұматай

Құтжанұлы

АБЫЗ АТА, ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ

Қазақтар бір адамның жасын 100 жылға мөлшерлеп, оны Дәуір деп атаған. «Елу жылда - ел жаңа, жүз жылда - қазан» деген мәтел сөз, бір ғасыр аралығын дәуір деп атау содан шыққан.

ЖҮЗ ЖЫЛДЫҚ НЕСІБЕ

«Жақсы атақ алғаннан басқа жақсы іс жоқ» деп Рашид-ад-Дин айтпақшы, бүгінде Жаратқан Иесінің берген ұзақ ғұмырына, өсіп-өнген әулетіне, өзіне және ұрпағына бұйырған несібесіне, бастарына қонған бағы мен бақытына шүкіршілік айтып, жүзжылдық жақсылық пен ізгілік шарапатын көріп отырған Құтжанұлы Жұматай 1917 жылы Спасск мыс қорыту зауытының жұмыскерінің отбасында дүниеге келді.

Қазан төңкерісінен кейін отбасы Шет ауданына келіп, ауыл шаруашылығын кәсіп етеді. Аты шулы Мешін жылы, яки 1932 жылы аудан орталығы - Ақсу-Аюлы мекеніне көшіп келіп, балалықтың бал қызығын көрмей, ерте есейіп, Ақсу колхозына Құтжан әкесімен бірге мүше болып еңбекке араласады. Он бес жасар Жұматай сол кезде ашаршылықтан тірі қалған жасөспірімдермен бірлесіп, қол еңбегімен егін салысады, шөп шабысады. Көптің тілегі қабыл болып, еңбектерінің жанғаны шығар, 1934 жылы егіннен мол өнім жиналды. Егінді қол орақпен орды. Сол шағын серіктестікте әйелдермен бірге Есмағанбетов Бонақай, Меңісов Адамбек, Бекмағанбетов Жұмаділдамен қоян-қолтық бірге жүріп бидай орды. Сол жылы жас дихан үздік орақ

орушы атағына ие болды. Бұл - он жеті жасар еңбеккердің алғашқы жеңісі еді!

Күн мен желдің өтінде колхозда еңбек ете жүріп, 5 -7 сыныпты бітірді. Көзі ашық, көкірегі ояу әкесінің «Оқы, білімді бол!» деген батасы мен таудай талабының арқасында жалын жүрек жиырмалардағы жігерлі жас 1937-1940 жылдары Ақмола педагогикалық училищесін оқып бітірді. Оқып жүргенде оқушылардың комсомол, кәсіподақ ұйымдарының жетекшілері қатарында болды. 1938 жылы Қазақ КСР-нің Жоғарғы Кеңесін сайлау кезінде Ақмола педучилищесінің сайлау учаскесінде үгіт пунктін басқарып, «Сталин жолы» газетінде үгітші ретіндегі еңбегі бағаланды.

Оқуын тәмамдап келген 1940 жылдың тамылжыған тамыз айында бертінде Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектеп атанған аудандағы осы білімнің қарашаңырағына физика, математика пәндерінен 5-7 сыныптарға сабақ беретін мұғалім болып орналасты. Келер жылы жазда бүкіл әлемді дүрліктірген Ұлы Отан соғысы басталып кетті, ер мұғалімдер майданға аттанды. Жұматай отбасы жағдайына, денсаулығына байланысты уақытша елде болып, мектеп басқарды. Өте қысталаң да қиын уақыт, 8-9 сыныптар жабылып қалды. Мектепте отын-су, оқушыларға оқу құралдары, жазу-сызу құралдары жетіспейді. Өзі болса жарғақ құлағы жастыққа

тимей, табылса көлікпен, табылмаса жаяу-жалпы таяудағы колхоздарға барып, жергілікті басшылардың, ата-аналардың қолдауы мен көмегіне сүйеніп, мектепке шам, отын, сабан әкелдіріп, хал-қадарынша мектепті бірде жылы, бірде суытқан күйде ұстап, оқу-тәрбие жұмысын үзбей, бірқалыпты жүргізіп отырды.

Жаз айларында 5-7 сыныптар оқушыларын өзі бастап апарып өз колхозында немесе жақын маңдағы шаруашылықтарда топ болып барып шөп шабу, егін жинау, масақ теру сияқты науқандық жұмыстарға жұмылдырды. Қай жұмыс болса да, шәкірттер ортасында өзі жүрді. Өзі бастап, бір үйдің балаларындай жамыраған оқушылар қоштап металл сынықтарын жинады, ұсақ қол киімдерін тоқыды, тіктірді. Адал еңбек еш кетпейді ғой, 1942 жылдың қазан айында облыстық халыққа білім беру бөлімі басқарып отырған мектебін тексеріп, нәтижесінде Жұматай Құтжанұлына алғыс жариялады.

Соғыстың нағыз қызған шағында, 1943 жылы наурыз айында Жұматай әскер қатарына алынып, сол жылдың 20 наурызынан 1944 жылдың 11 қазанына дейін Тамбов әскери училищесінде офицерлік даярлықтан өтті. Онда да рота комсомол ұйымының хатшылығына сайланып, оны мінсіз атқарды. Әскери-саяси даярлықтан өтіп және кіші

офицерлік атақ алып, өзі құралыптас жас офицерлермен бірге майдан даласына аттанып кетті. 1944 жылдың 21 қазанында, айдарынан жел ескен 27 жасында І Белорус майданының 175-дивизиясының 277-атқыштар полкының командирі болып Польша жерін босатуға, Германиядағы кескілескен ұрыстарға қатысты. Үлкен қалаларды жау қыспағынан алуда взвод жауынгерлерімен бірге көрсеткен ерлігі үшін «Ерлігі үшін» («За отвагу») медалімен, І дәрежелі «Ұлы Отан соғысының» орденімен және ІІІ дәрежелі «Богдан Хмельницкий» орденімен марапатталды.

Соңғы орденмен наградтау туралы ғаламтордан алынған мұрағат құжатында: *«В бою за г. Дойч-Кроне 10.02.45 г. выдвинул свой взвод лощиной, в тыл противника, и внезапно атаковал его, создал панику, в результате чего батальон стремительным броском смял цепи противника, и задачу выполнил на отлично. В этом бою взвод тов. Кутжанова уничтожил 18 немецких солдат и 9 захватил в плен.»* деп жазылған (жазба №23365534, «podvig-naroda.ru» сайты).

Бұл орденді Мәскеуден сәл кейінірек, 1947 жылы әкесі Құтжанның мекенжайына жіберіпті. Бұдан екі жыл бұрын, 1945 жылдың ақпан айында өзі ауыр жараланып, Ұлы Жеңістің туын желбіреткен сол жылдың шілде айында аман-есен елге оралды.

Екі-үш ай ес жиып, аунап-қунап, сол жылдың қазан айында өзінің тел кәсібіне кірісті. Өзінің устаханасына айналған айналайын Алтынсарин (ол кезде жеті жылдық) мектебінің директорлығына тағайындалды. Тағы да кес-кестеген қиындық: соғыстан кейінгі ауыр жағдай, жетіспеушілік, жөндеу көрмеген мектеп үй-жайы, сынған есік, терезе, отын жетімсіз, ол аз десең мектеп жанындағы интернатты қоса басқару керек. Кем дегенде үш мезгіл берілетін құнарлы тамақ, жылы интернат үйі жетіспейді, электр жарығы жоқ, қолшам бар да, оған құятын керосин бірде бар, бірде жоқ. Сәл-пәл болса да қолы ұзындау, мүмкіндігі бар ата-аналардан керек-жарақты сұратып алғызады. Бір ғажабы - сол кезде оқу-білімге, дұрыс тәрбиеге ата-аналар да, оқушылар да өте ынталы болатын. Сонымен мектеп ісін дұрыс басқару, оқу-тәрбие процесін дұрыс ұйымдастыру, аянбай еңбек ету нәтижесінде мектептің іші-сырты жөнделді. Интернатты ата-аналардың қалтқысыз көмегімен мұғалімдер мен оқушылар ретке келтірді. Мектептің ұйымшыл ұжымының жолға қойылған жұмысын, оқып білім алуға, тәрбие алуға жасалған жақсы жағдайын 1948 жылы тамыз айында Ыбышев Жүніс «Советтік Қарағанды» газетіне жазған болатын.

Орда бұзар отыздардағы жігерлі жігіттің іскерлігін байқаған лауазымы жоғары басшылар

1949 жылдың қыркүйегінде оны аудандық оқу бөлімінің меңгерушілігіне тағайындады, бұл қызметті Жұматай 1952 жылдың тамыз айына дейін атқарды. Осы уақытта Қарағандының Молотов атындағы Мемлекеттік оқытушылар институтын бітіріп Ақбұлақ, Шет, Жарық, Нұраталды, Айғыржал және басқа да бастауыш мектептердің оқу ісі материалдарының жөнделуіне күш салды. Өзінің негізгі қызметімен қоса қоғамдық жұмыстарға да белсенді қатысты. Соның нәтижесінде аудандық Кеңестің депутаты болып сайланып, Кеңес президиумының мүшесі де болды. Облыстық, аудандық халық сотының Заседателі болып, адам тағдыры қаралған істерге де қатысып, олардың дұрыс шешім қабылдауларына өз үлесін қосты. Көзкөргендердің айтқан пікірлеріне қарасақ, Жұматай қызметке араласқаннан бері «Тура биде туған жоқ» деген принципті ұстанған азамат. Үнемі жетістіктерді айтып мақтанып, масаттана бермей «әрине, кемшіліктер де болды» деп орын алған олқылықтарды да сын тезіне салып отырды.

КСРО құлап, ыдырағаннан бері социализмді орынды-орынсыз сынау мен мінеу көбейіп кеткені анық. Ал шынтуайтында ол қоғамдық құрылыстан да үйренетін нәрселер көп. Соның бірі - сын және өзара сын мәселесі. «Сын түзелмей, мін түзелмейді» деген аталы сөз бекер айтылмаған.

Енді бірі - жоспарлы экономика. Үшіншісі - жастар саясаты, өйткені ол - алға ілгерілеуге бағдарланып, келешекті нысаналаған мемлекеттік саясаттың ажырамас бір бөлігі. Мұны өткен ғасырда, социализм тұсында билік басындағылар қатты ескерген болатын.

Сонау XX жүзжылдықтағы жаңа заманның іргетасы қаланып жатқан, алмағайып отызыншы жылдардың өзінде бұл мәселе назардан тыс қалмапты. Міне, осыны кәмөнестер күні кешегі қайта құру тұсында да мықтап қолға алған болатын. Осындайда ақын Олжас Сүлейменовтің социализмнен үйренетін жайлардың көптігі туралы ордалы ойы еріксіз ойға оралады. Шынында да ұрпақтар сабақтастығы болған жерде дәуірлер сабақтастығы да болады емес пе? Әр заманының жақсысынан үйреніп, жаманынан жиренген жөн сияқты.

Қырық жылдық ұстаздық қызметінде ұрпақ тәрбиесі келешек тұтқасы екенін жақсы түсінген ол барлық саналы ғұмырын педагогикалық қызметке арнап, сол жолда талай қиындықтардан мойымай толайым табысты істерге қол жеткізді. Мектеп директоры, педагогикалық жетекші, білгір ұйымдастырушы ретінде Жұматай ақсақал өз заманынан әлдеқайда озық тұрғанын істерімен дәлелдей білді.

Жұматай Құтжанұлы 1952 жылдың тамызы мен 1977 жылдың қыркүйегі аралығында, аттай ширек ғасыр бойы Алтынсарин мектебінде үзбей математикадан мұғалім болды. Үш рет осы мектептің директорлық лауазымын атқарғанын жоғарыда айтып кеттік. Өскелең ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беруде теориялық даярлық және әдіскерлік біліктілік ауадай қажет болғандықтан, үнемі ізденісте болуға тура келді. Заман талабына сай білім мен кәсіби біліктілікті көтеру қай салада болса да әр азаматқа парыз еді.

Өмірінің қырық жылын табан аудармай бір мектепте жас ұрпаққа білім беру ісіне арнаған Жұмекең күнбе-күнгі оқу-тәрбие жұмысымен шектелмей, партия, кеңес, қоғамдық ұйымдардың - жұмыстарына уақыт тауып, үлкен жиындарда, жергілікті атқарушы органдарда мектеп ұжымының талап-тілектерін әділ түрде жеткізіп отырды. Жігерлі де дігерлі істердің жемісті нәтижелерін де көпшілікпен бірге көрді. Кеңшарды көгалдандыру, су жүйесін жүргізу, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту мәселелеріне өз құзыреті шегінде белсене қатысты. Қазір айтсаң тарих, шын мәнісінде күні кеше болған жайлар ғой, тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде оқушылар бригадасын басқарып, жүгеріден мол өнім алғандары әлі де есінде. Электр, телефон жүйелерін жүргізу барысында жер қазып, бағана

тұрғызуға да қатысты. Сөйтіп, тың игеру медалімен де екі рет марапатталды.

Оған берілген қай мінездемені оқысаңыз да, тек қана оң сипаттамаға куә боласыз. Тәжірибелі педагог. Білім беру саласында адал еңбек еткені, қоғамдық жұмысқа белсенді және іскерлікпен қатысқаны бағаланып, 1966 жылы Үкімет Жұмекеңді «Құрмет белгісі» орденімен марапаттап, «ҚазКСР ағарту ісінің үздігі» атағын берді. Сонымен қатар, жастарға отансүйгіштік тәрбие беру ісіне үзбей әрі белсенді қатысқанын, ауданның даму тарихын, оны экономикалық-мәдени жағынан дамытуға қосқан жеке үлесін, қалың бұқараға өмірден озған айтулы азаматтардың ісі мен есімін тиісінше насихаттап жүргенін бағалап, аудан әкімі мен ардагерлер ұйымының ұсынысымен әуелі 1987 жылы «Шет ауданының Құрметті азаматы» атағы берілді, сосын 1995 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды.

Жұматай Құтжанұлының, әлде математик болғасын ба, есте сақтау қабілеті керемет екенін замандастары мен шәкірттері жыр қылып айтады десе де болады. Өзінің осыдан 30-40 жыл бұрын бітіріп кеткен шәкірттерінің аты-жөндерін, қай ауылдан екендігін, кейбір қылықтарын әңгімелеп отыратын және соған рахаттанатын. Ол шәкірттері,

жоғарыда айтқандай, әр кезеңде лауазымды қызметтер атқарып мектеп-интернатқа өз көмектерін көрсетіп жүрді.

Шет ауданындағы білімнің қара шаңырағы - Ыбырай Алтынсарин атындағы қазақ орта мектебі, өткен ғасырдың 1931 жылы жеті жылдық мектеп негізінде құрылған. Бұл мектептен Пәну Әбдіқасова, академиктер Баян Рақышев, Жамбыл Ақылбаев; Кәмел Жүністегі, Рымқұл Сүлейменов сияқты жазушылар, Сәтбек Дулатбеков, Қасымбек Медиев, Жолдыбек Күлейменов, Еден Кенжин, Зекен Ізбасаров, Боранбай Жұмкин т.б. шаруашылық басшылары, партия, кеңес қызметкерлері оқып білім алып, үлкен өмірге қанат қақты. Жүз жасаған мәуелі бәйтеректей әлеуетті әулет атасы, ұлағатты ұстаз Жұматай Құтжанов ақсақал осы алтын ұядан түлеп ұшып, бүгінде егемен еліміздің халық шаруашылығының әр саласында еңбек етіп, өзіндік үлестерін қосып жатқан азаматтардың дұрыс бағыт алып, үлкен өмірден өз орындарын тапқанында менің де үлесім бар ғой деп шын жүректен қуанады, риясыз көңілмен мақтанады. «Жасым жүзге жеткенмен, жақсы дәрежеде жүргеніме, жұлдызымның жанып, еңбегімнің еленгеніне ризашылық білдіріп отырамын, Алла тілегімді қабыл ете гөр» дейді абыз ақсақал. «Әмин!» дейік баршамыз да.

Жаңа, 2017 жыл басында 100 жас мерейтойын атап өткелі отырған абыз ақсақалға, бірегей мерейгерге «Білімнің бұтақ жайған бәйтерегі» деген өлең арнап:

Мәуелі бау-бақшасы Жұмекеңнің,
Көресің Тәңір қолдап, Күн өпкенін.
Өмір бойы болашақтың бағбаны боп,
Біледі үлкен-кіші гүл еккенін.
Көз көрген замандасы алғыр деді,
Шешіпті мәселені сан күрделі.
Елгезек ізбасары - бұтақтары,
Жап-жасыл жапырағы - шәкірттері, - дер
едім.

Енді, қарап тұрсам, санасында үй мен түз
ұғымы біртұтас болып кеткен ұлағатты ұстаз өз
әулетінің ортасында да сол мәуелі бәйтерек
тұлғасында көрініс беретіні - ақиқат.

Аудандағы қара шаңырақ аталған, ауыл
балаларына жан-жақты білім мен тәрбие беретін
мектеп-интернаттың дамуына қырық жылдан
артық өмірін арнаған үлкен жүректі азаматтың
өнегесі бүгінгі күнгі ұстаздарға үлгі.

Өскелең ұрпақты жан-жақты жетілген,
елжанды азамат етіп тәрбиелеудің сан қырлы
жолдарын іздестірумен тынымсыз еңбек еткен жан
екенін көзін көрген әріптестері де, жұртшылық та
жақсы біледі. Соңына қалдыратын асыл мұрасы -
зейнетке шыққаннан кейін де жарғақ құлағы

жастыққа тимей жарасымды жалғасын тапқан шын мәнісінде өмір бойғы ағартушылық еңбегі қашанда келер ұрпаққа үлгі, ізбасар шәкірттеріне аманат.

Атам қазақ «Өткенсіз бүгін, бүгінсіз болашақ жоқ» дейді. Осы аталы сөзге ұйыған Жұматай ақсақалдың әулеті «Өткенге - салауат, бүгінге - қанағат, ертеңге - аманат» деп отыр. Бекерді бекерге шығарып, өткен тарихты белден бір сызып тастап отырған жоқ. Атасы бастаған істі балалары, балалары жалғастырған істі немерелері мен шөберелері ілгері қарай, керім де кемел келешекке аманат етіп апара жатыр...

Сәбит Бексейітов
ақын, Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі, ТҮРКСОЙ-дың
«Ұлы Түрік қыраны» медалінің иегері

Соғыс және еңбек ардагері Жұматай ҚҰТЖАНҰЛЫНЫҢ
алған наградаларының тізбесі

Майдангер ретіндегі марапаттары

1. III дәрежелі «Богдан Хмельницкий» ордені, №392939, I Белорус майданының 14.04.1945 ж. №531/4 бұйрығымен берілді.
2. I дәрежелі «Отан соғысы» ордені.
3. «За отвагу» медалі, №067227, 16.04.1947 ж.
4. «Г.К.Жуков медалі», 20.12.1996 ж.
5. «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 50 жыл» мерекелік медалі, №572186, 1995 ж.
6. «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 65 жыл» мерекелік медалі, №128250, 2010 ж.
7. «Беларусь Республикасының неміс-фашист басқыншыларынан азат етілгеніне 65 жыл» мерекелік медалі, 2010 ж.

Бейбіт еңбек марапаттары

1. «Құрмет белгісі» ордені, №519213, 30.09.1966 ж.
2. «Ерлігі үшін» медалі, ҚР Президентінің 24.04.1995 ж. №75 Жарлығымен берілді.
3. «Тыңға 50 жыл» медалі, №16694, 08.11.2005 ж.
4. «Астанаға 10 жыл», № 29125.
5. «Шет ауданының Құрметті азаматы» атағы берілді, 1987 ж. №1 куәлік.
6. «Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі» атағы берілді.
7. Жезқазған облысы әкімінің Ұлы Жеңістің 50 жылдық мерейтойына грамотасы.
8. Қарағанды облысының 60 және 65 жылдық мерейтойларына алғыс хаттар.
9. ҚР Білім және ғылым министрлігінің грамотасы, 01.08.2011ж.

КЕНЕН АҚЫЛ, КЕМЕЛ ОЙМЕН БӨЛІСКЕН

ДҮЙСЕМБЕКОВ Кәмали Жұматайұлы (1924) Шет ауданының Спасск елді мекенінде дүниеге келген. Ұлы Отан соғысының ардагері, Даңқ ордендерінің толық кавалері, 1-ші және 2-ші дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен, жауынгерлік медальдармен, бейбіт еңбек ардагері ретінде Октябрь революциясы, Еңбек Қызыл Ту, Құрмет белгісі ордендерімен марапатталған. Мәскеудегі Жеңіс парадына қатысушы. Қазақстан КП ОК жанындағы партия мектебін бітірген (1953). Соғыстан кейін Қазақстан Компартиясы Ворошилов аудандық комитетінің насихатшысы, бөлім меңгерушісі, Жаңаарқа аудандық комитетінің хатшысы, ауатком төрағасы болды. Партия, кеңес, басқару органдарының тарланы. Шет аудандық партия комитетін он сегіз жыл басқарған. Жезқазған облыстық полиграфия және баспа басқармасының бастығы қызметін атқарды. Қарағанды қаласының, Шет ауданының Құрметті азаматы. Бүгінде шын мәнісінде тоқсанның төріндегі абыз ақсақал, ақылман аға, мыңдаған ізбасарларға жол нұсқап, бағдар берген мемлекеттік қызмет майталманы.

Шет өңірі Ақтоғай ауданына қарап, біраз берекесі кеткен жылдар болғаны тарихтан белгілі. Сол олқылықтың орнын толтырар сәулелі сәт те келіп туды-ау әйтеуір. Аудан өзінің тарихи атауымен қайта құрылып, 1965 жылғы қаңтарда Ақшатауда Шет аудандық партия комитетінің пленумы болды, аупарткомның бірінші хатшысы болып мен, екінші хатшысы болып Мұқаев Ибрайхан, ауаткомның төрағасы болып Перерва сайланды. Аудан өзінің тарихи орнына орналасқаннан кейін, біз осы өңірдің елі мен жерін, суы мен нуын, тұрғын халқы мен табиғатының ерекшелігін жақсы білетін ел ағаларымен, ауыл ақсақалдарымен ақылдасып, кеңесіп отырдық. Олар шын мәнісінде біздің кеңесшілеріміз болды. Сол кісілердің біразы аудан активінің құрамында болды. Сол активтің, қазақша айтқанда ел белсенділерінің бел ортасында мерейлі майдангер, ұлағатты ұстаз, көпті көрген ел ағасы, білім саласындағы білікті басшылардың бірі Жұматай Құтжанов жүрді. Кенен ақылымен, кемел ойымен бөліскен ақылшы ағалардың бірі әрі бірегейі болды. Балалар мен жасөспірімдер арасындағы

спорт, балабақша мәселелерін сол кісілермен кеңесіп, ақылдасып бірге шешіп отырдық. Айталық, бұрын аудан орталығы - Ақсу-Аюлы селосында бір ғана қазақ мектебі болған еді. Әрнәрсе заманына қарай ғой, ауданда тұратын өзге ұлт өкілдерін, яғни орыс тілді тұрғындардың талап-тілегін ескеру керек болды. Жұматай Құтжанұлы, Шәукей Жұқанұлы сияқты беделді педагогтармен ақылдасып, кеңесіп, келісе отырып Максим Горький атындағы орыс мектебін ашуды ұйғардық. Ол еңбегіміз де зая болған жоқ - орыс тілі мен әдебиеті мамандарының бірнеше буыны оқып шығып, алған білімдерін жоғары оқу орындарында әрі қарай жетілдірді. Күні бүгінге дейін еліміздегі үш тұғырлы тілдің бірі - орыс тілі болып отырғаны әмбеге аян.

Ауданда сол жылдардан бастап әрбір құрылыс ұйымы мекемелерді қамқорлыққа алып, көптеген үйлер салына бастады. Айталық, Балқаш қаласының құрылысшылары жиырмаға тарта екі пәтерлі үй салды. Аупарткомның үш қабатты ғимаратын, аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының Мәдениет үйін Орджоникидзе кеңшары қаржысының есебінен сол жылы-ақ

салып бітірді. Сол аупартком ғимаратының жанынан әрқайсысы сегіз пәтерлік екі қабатты оннан астам үй салынып, пайдалануға берілді. Келесі жылы байланыс торабының үйі салынды. Тұтынушылар одағы аупарткомның қарсысынан әмбебап дүкен (универмаг) салды. Тұрмыстық комбинаттың үйі, «Ақсу-Аюлы» мейрамханасы, милицияның, қаржы бөлімінің екі қабатты кеңселері сап түзеді. Бір сөзбен айтқанда, Ақсу-Аюлы селосы кәдімгідей шын мәніндегі аудан орталығына айналды.

Бұрынғы Кеншоқы кенішінде болатын кәсіптік-техникалық училище аудан орталығына, Орджоникидзе кеңшарының батыс жағына көшіп келіп, бөлек бір қалашық сияқты болып орналасты. Міне, осының бәрі «жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей, аупартком бастап, аудан активі қоштап, Шет өңірі еңбеккерлерінің ересен еңбегінің арқасында мүмкін болды. Жыл сайын үйлер салынып, пайдалануға беріліп жатты. Ауданның көркеюі үшін бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, сіңірген еңбектің еленбей қалуы мүмкін емес. Оның бәрі тасқа басылып, қағазға түскен дүние ғой. Алдыңғы толқын ағалар да, кейінгі

толқын інілер де мерзімді баспасөзде, естелік кітаптарында ризашылықтарын білдіріп жазып жатады. Республика орталығымен де, облыспен де байланыстарымыз күшті болды да, аудан орталығын осындай көп-көрім халге жеткіздік. Аудандық партия комитеті кадрларды іріктеу және оларды жауапты орындарға жіберуге үлкен мән беріп, тұрақты түрде жүргізіп отырды. Ауданның шаруашылықтарын басқарту үшін бірталай білікті мамандарды жұмысқа тарттық. Олар - Әлихан Шәйкенов, Сәмен Шалабаев, Аманкүл Әбдірахманов, Зәкір Көкжалов, Баеділ Оспанов, Балтабай Қапасов, Құндақбай Керімов, Мақсұт Сәдуақасов, Сұлтан Ысқақов, Дәулет Нүркеев, Әбілхасен Көпеев, Дулат Смайылов, Вячеслав Прокопенко, Николай Дворук, Николай Давидовский, Шәкір Қасымов, Қуаныштай Сейілбеков, Мағауия Сатыбалдин, Манарбек Сағымбеков, Аман Түсіпханов, Бекежан Хамзин, Есенқұл Түсіпов, Марат Ахметов, Айтуған Әбеуов. Есімдерін ұмытыңқырап отырмын, осы директорлардың легіне Жарықбаев пен Сандықбаевты қосуға болады. Бұл азаматтар өндірісте өздерінің іскерлігін, ұйымдастыру

қабілеттерін көрсетіп, шаруашылықтардың, кәсіпорындардың дамуына ықпал жасап, жоғары көрсеткіштерге қол жеткізді. Шаруашылық басшыларының оң қолы партторгтар десек, сондай партия ұйымдарының парасатты жетекшілерінің санатында Мақан Есмағамбетов, Кәрім Тілеубергенов, Өкен Жуасбаев, Жұмабек Күлейменов, Әбікен Манабаев есімдерін лайықты атап өту ләзім.

Ауыл ақсақалдарының басалқалы сөзі қай кезде де қажет болған. Жоғарыда есімдері аталған Жұмекең, Шәукеңдермен қатар Меди ақсақал бастаған ел ағалары жүрген жерлерінде партия мен үкіметтің саясатын қарапайым жұртқа ұғынықты тілмен, уәжді сөзбен жеткізіп отыратын. Бұл елге сыйлы азаматтар халық шаруашылығының кезінде өздері қызмет атқарған әр саласынан хабардар болатын. Айталық, құқық мәселесінде кезінде сот болған Әбікен Кішкентаевқа, ауыл шаруашылығы мәселесінде Мыңжасар Әдекеновке, коммуналдық шаруашылық мәселесінде ауатком төрағасының сол сала бойынша орынбасары болған Бақи Мақажановқа жүгінетін едік.

Жоғарыда аты-жөндері келтірілген басшылардың, ақсақалдардың біразы дүниеден өтті. Оларға иман байлығын берсін.

Менің ауданды басқарған жылдарым Қазақстанның қарқынды даму кезеңімен тұспа-тұс келді. 1966-1980 жылдары аудан орталығы Ақсу-Аюлы селосында 8 пәтерлі 6 үй, 40-тан аса екі пәтерлі коттеждер, мәдениет және пошта үйлері салынып, халықтың игілігіне пайдалануға берілді. Ауданның іргелі шаруашылықтарында - Нұраталды, Шет, Бұрма, Красная Поляна, Путь к коммунизму, Орджоникидзе кеңшарларында, 6000-нан астам ірі қара малға сүт және ет өнімдерін өндіруге арналған толықтай механикаландырылған кешендер салынып, ауданның экономикасын көтеруге нақты негіз болды.

1979 жылы аудан көлемінде егін бітік шығып, біздің ауданымыз мемлекетке өткізетін жоспары 21000 тонна бидайдың орнына 64000 тонна өткізді. Жоспарды жоғары деңгейде орындап, сол жылы ауданның 40 шақты ауыл шаруашылығы қызметкерлері мемлекеттік наградаға ұсынылды.

Жезқазған облысы құрылған 1973 жылдан бастап ауданның аумақтық көлемін ұлғайтуға көп

күш салынды. Жаңадан Ақши, Дарья, Батық кеңшарлары құрылып, аудан еңбеккерлеріне көптеген жұмыс орындары ашылды. Уақыт талабына орай, ауыл шаруашылығы саласындағы жаңалықтарға мейлінше жақын тұрдық, оларды өндіріске енгізуге бар қабілетімізді жұмсадық. Облыстық, республикалық деңгейдегі басшылармен ретіне қарай тіл табысып және олардан қаржылай, материалдық қолдау алып, өндірісте тиімді пайдаланып, ауданның экономикалық әлеуетін дамытып, халықтың әлеуметтік-тұрмыстық деңгейін көтеруде толағай табыстарға ие болуға ұмтылдық. Осы жылдары Шет ауданы екі мәрте Қазақ КСР-нің ауыспалы Қызыл Туын жеңіп алғанын аудан жұртшылығы жақсы біледі.

1974-1977 жылдары қар аз түсіп, жаңбыр жаумай, шөп, егін шықпай қалды, қатты қуаңшылық болды. Кеңшардағы қоғамның малдарын қыстан аман сақтау үшін аудандық партия комитетінің ұйымдастыруымен барлық шаруашылықтарда шөп шабу науқаны қатаң бақылауға алынып, жайылымдардағы шөп аралас қарағандарды шауып, олар жем цехы арқылы

дайындалып, малға берілді. Мұндай қуаңшылық ^{^I} жағдайлар тағы да қайталанатынын болжаған біз 1974-1980 жылдары аудандағы суармалы жердің көлемін көбейтіп, ол жерлерде жемшөп дақылдарын (жүгері, күнбағыс, жоңышқа, сұлы, арпа, т.б) өсіруді әр кеңшардың басшыларына жүктеп, мал басын арттырып, оның өнімін көбейтуге тікелей араластық. Былайша айтқанда, біз ауданның бас мұрабы (мелиораторы) болып кеттік десем, артық айтқандығым емес деп ойлаймын.

Жұмекең үлкен шаңырақтың, ынтымақты отбасының иесі. Он баланы тәрбиелеп өсірді, бәрі де жоғары білім алды. Батагөй ата болып, немерелер мен жиендер, шөберелер мен неменелер сүйді. Халқымызда «Әйеліңмен дос бол - үйіңе береке енеді, азаматпен дос бол - қадіріңді біледі, білімдімен дос бол - сасқанда ақыл береді» деген қанатты сөз бар. Бүгінде жүзге жетіп, ұрпақтарының бал күлкісін қызықтап отырған абыз ата Жұмекең мен жаңа ғасырдың басында бақилық болып кеткен Рәш Шәріпқызы екеуі осы бір дана сөздің жанды бейнесіндей болды, Осы бір тамаша достықтың арқасында ел елеулісі, халық

қалаулысы атанды. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырды.

Өзара жақсы сыйластығымыз құда, жегжаттыққа ұласты. Алланың қалауымен 1989 жылы Жұмекеңмен құда болдық. Менің Сыздық ағамның ұлы Қайрат пен Жұмекеңнің кенже қызы Айжан үйленді. «Құда - мың жылдық, күйеу - жүз жылдық» дегендей, сол күннен бастап күні бүгінге дейін құдамызбен бірде бір рет әй-шәй дескен жоқпыз. Содан бері жиырма жеті жыл өте шығыпты. Иншалла, сол екі ортада көзіміздің ағы мен қарасындай Айгерім немереміз бой жетті. Мен әрдайым жасы үлкен ағама ізет көрсетсем, ол кісі жасы кіші маған ілтипат білдіреді. Осы сыйластығымыз жағымыз түскенше жалғаса берсін деймін.

Құрметті құда,
Ардақты аға,
Ісінді тағдыр оңдасын,
Қайда жүрсең қолтықтап,
Қызыр бабаң қолдасын!
Бұйыртқан жасты жасай бер,
Денеңде дерт болмасын.
Тойың тойға ұласып,
Жан-жүрегің толғансын.
Күннен күнге көбейсін,

Дос-жараның, жолдасың,
Бақытың тассын әманда,
Бергенін Тәңірі алмасын!
Өміріңді ұзартып,
Балаң менен шөберең,
Шөберең мен шөпшегің,
Туажаттар жалғасын!

ӘДЕМІ ҚАРТАЮ ДА - БІР БАҚЫТ

МЕДИЕВ Қасымбек (1938) Шет ауданының Ақсу-Аюлы селосында дүниеге келген. Мемлекет және қоғам қайраткері. XI-XII шақырылған ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты. «Құрмет», Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен, ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің грамотасымен марапатталған. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері (1996). Қазақстан мәслихаттарының құрметті депутаты. Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі (2002). Шет, Ақтоғай аудандарының, Қарағанды қаласының Құрметті азаматы.

Еліміздің осы күндегі толағай табыстары мен жарқын жетістіктерін көңіліміз марқайып сөз еткенде ең алдымен қазыналы қарияларымыз еске түседі. Тамырсыз ағаш болмайтыны сияқты тағдырсыз халық болмайды. Қазақ халқы - талай қиындықтарды жеңген, болашағына байыппен, үмітпен, сеніммен қараған тағдырлы халық. Тарихтың тереңіне көз тастасақ, халқымыздың қиын-қыстау жолдарынан өткенін көреміз. Әріге бармай-ақ, Ұлы Отан соғысын алайық. Сол сұм соғыста қаншама адам қырылып кетті. Оның

ішінде сол кезде ортақ Отанымыз саналған Кеңестер Одағын қорғау жолындағы қанды шайқастарда Шет ауданының азаматтары да Жеңісті жақындатуға зор үлестерін қосты. Соның бірі - әм бірегейі данқты жерлесіміз Құтжанов Жұматай.

Бәрін айтпай-ақ сол қанқұйлы соғыстағы ерлігі үшін «Богдан Хмельницкий» орденімен марапатталуы куә бола алады. Бұл орденмен иісі Шет ауданында бір ақ адам марапатталған. Осының өзі біздің ұстазымыз Жұмекең ағамыздың соғыста қалай ерлік көрсеткенін дәлелдей алады.

Ал, соғыстан кейінгі бейбіт еңбек майданында, халық шаруашылығын қалпына келтіруде қосқан үлесі өте зор. Жастарға Отан сүйгіштіктің тәрбие беру ісіне үзбей қатысқандығы үшін, ауданның экономикалық және мәдени дамуына үлкен үлес қосқаны үшін Жұматай Құтжанов ағамыз Ұлы Жеңістің 50 жылдық мерекесінде Қазақстан Республикасының «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды.

Жалпы Жұмекең ағамыз туралы өте көп айтуға болады. Ол кісінің өмірі, жүрген жолдары, халық үшін істеген қызметтері үлкен бір романға арқау боларлық.

Жұматай Құтжановтың негізі мамандығы - ұстаздық. Осы жолда жұбайы Рәш апамызбен бірге жалықпай еңбек еткен адамдар. Қазір Жұмекең

тәрбиелеп өсірген азаматтар кең байтақ Республикамыздың түпкір-түпкірінде, егеменді еліміздің гүлдене беруі, табыстан-табысқа жете беруі үшін еңбек етіп жүр. Олар академиктер Рақышов Баян, Жамбыл Ақылбаев, жазушы Кәмел Жүністегі, үздік ауылшаруашылық маманы, бүгін әлі де аттан түспеген Боранбай Жұмкин, облыстың атақты байланыс қызметкері Мейрамбек Балтин - списокты әрі қарай жалғастыра беруге болады.

Бұл семья - нағыз бақытты семья. 10 бала тәрбиелеп өсірген. Қазақша айтқанда ұлын ұяға, қызын қияға қондырған адамдар. Ағамыздың бақыты сонда, немере, шөбере, - тіпті неменесін көрген адам. Бұндай бақытқа кемде-кем адамдар ғана жеткен.

Жұмекең ағамыздың ең үлкен қасиеті Қеңес Одағы ыдырап, елдегі өндіріс орындары жаппай жабылып, жұмыссыздық жайлаған қиын тұста ұстамдылық пен көрегендік танытты. Сол қиын уақытта жерлестеріме біттей де болса көмегім тисін деп, тұңғыш Президентімізден сұранып, елге тұңғыш әкім болып келдім. Сондағы Жұмекең ағамыздың ісімен де, сөзімен де көрсеткен көмегі күні бүгінге дейін көз алдымда тұрады. Сол кездегі қиындықты жеңуге қалай көмектесті десеңізші. Зейнеткерлер 7-8 айдан зейнетақысын, бюджетте істейтін адамдар 6-7 айдан еңбек ақысын ала алмаған, су, жылу, электр жарығы жоқ кез.

Дүкендердің сөрелері жылан жалағандай бос тұрды. Кәзіргі жастарымызға осының бәрі ертегі, болмаған жағдай сияқты. Солай болды дегенге бүгін олар сенбейді. Осы кездегі Жұмекеңнің бүл өтпелі кезең екендігі, әлі тұрмысымыз жақсарады, сөйтіп халықты сабырға шақырғандығы естен кетпек емес.

Жұмекең ағамыздың бір ерекшелігі, ел арасындағы өсек-аяңға ілеспей, қашан көрсең де бір сыдырғы мінезімен, ақкөңіл нұрлы шуағымен, көпшілдігімен, қарапайымдылығымен, бауырмалдылығымен өзіне тартып тұрады.

Жұмекеңнің салиқалы ойларын, өмір тәжірибелері туралы естеліктерін тыңдай жүріп, «қарттық - кәрілік емес, даналықтың, абыздықтың көрінісі» деп көнекөз аталарымыздың бекер айтпағанына көз жеткізерсің.

Қарияларымыздың осы бір мінезі сонау ертеректе өмірден өтіп кеткен ауыл тұлғалары - дәрия қарияларды еріксіз еске түсіреді. Есімізде, олар жиі: «О, жаратқан ием! Барлығын алсаң да, абыройымды алма» - деп тәубәлік жасап отыратын, жарықтықтар.

Біле-білсек шынында да әдемі қартаю да бір бақыт емес пе? Аға буын өкілдері ұзақ жасап, мемлекеттің, өз ұрпағының қамқорлығына бөленіп, ақылын айтып жүрсе қуаныш емес пе? Қазіргі жаңашылдық, жасампаздық, ер жүректілік аға

буын өкілдерінен жұғысты болғанын айтуға тиіспіз. Сондықтан Тәуелсіздіктің қадіріне жетіп, аға ұрпақтық жанкешті еңбектері мен ерен ерліктерін бір сәтке де ұмытпау қажет. Қарттарын қадірлеген елдің келешегі кемел, болашағы жарқын болатынын естен шығармайық.

ӘРКІМ ОСЫНДАЙ АҚСАҚАЛ БОЛСА ҒОЙ

ЖҮНІСТЕГІ Кәмел (1939) Шет ауданының Ақсу-Аюлы селосында дүниеге келген. Жазушы-драматург. Қазақстан Жазушылар одағының басқарма мүшесі. Өлкетанушы, тарихшы. Қажы. «Құрмет» орденінің иегері. Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, С.Сейфуллин атындағы сыйлықтың иегері. Шет ауданының Құрметті азаматы. «Дос көңілі», «Көне хикая», «Көксеу», «Көксеңгірдің тасында», «Соңғы абыз», «Ұлы пайғамбар және ұрпақтары», «Шырағдан», «Қоңыр құлжа», «Мөрші», «Арманым оттан өрілген», «Едіге», орыс тілінде «Вожак», «Адам, қайда барасың?» кітаптарының, «Құба белдер» трилогиясының, «Тар заман» спектакілінің авторы.

Өткен ғасырдың елуінші жылдарының ортасы еді. Біз оқитын шулы класқа физикадан сабақ беретін болып Жұмекең келді. Түсі зәрлі, суық емес, бірақ бәрімізді тәртіпке шақыратындай бір жинақылық бар. Кей сабақтың үстінде партаның астынан табылып қалатын балалар жымдай болды. Сабақты сұрағанда да өзі жетелеп отырып, білмегенді білдіріп жібереді. Жаңа сабақты

түсіндіргенде аспай саспай тәптіштеп, миыңа әбден орныққанша, жетеңе жеткенше сабырлық танытатыны күні бүгінге дейін естен кетпейді.

Мектеп бітірдік, жан-жаққа кеттік. Біреулер айтпақшы «қағынып» Ресей империясына қарсы шығып «халық жауы» атанып, сібірге «қажылыққа» барып қайттық. Талайлар бізді жау көрді, амандаспады. Бірақ бірде Жұматай Құтжанұлы келіп «сен енді партияға өтсең қайтеді, саған сондай бүркеншек керек қой» дегені тағы есте. Бірақ компартия бізден үркіп, біз одан үркіп, ақыры жолымыз қабыспай-ақ кеттік.

Жұмекең қазақтың жақсы өнерін бойына жинақтай білген адам. Ол кісінің ит жүгірткен аңшылығының өзі басқалардан өзгеше. Далақтап атын басқа, көзге сабап шауып келе жатқанын көрмейсің. Ия, «жау» деген жазамызды өтеп келген соң, көңілдегіні жазуға тиым салынып, жанымды қоярға жер таппай, өзімді-өзім ұмыту үшін, мен де аңға шығуды, ит асырауды әдетке айналдырғанмын. Жұмекеңмен Аюлы тауының ту сыртында сан кездесіп, тұлкіге ит қосқан сәттер болған. Жұмекең асықпайды, «әнебір балақты қарай салшы» дейді. Сол тұстан аң кезіктіреді. «Күннің астымен жүр, күнге қарсы қараған тұлкі жақындағаныңша сені көрмейді» деп үйрететін. Бір жолы Қаштай сайының қалың ағашының бір

бәйтерегіне шығып алған сілеусінге бұғалық салып, сүйретіп түсіріп алғаны да бар еді.

Сөйтіп жүріп сексенінші жылдардың ортасына да іліктік. М.Горбачевтың «Қайта құру» жылымығы басталып, сәл еркіндеу сөйлеуге де қолымыз жетті. Өзіме қажетті мәселелерді мен де сұрай бастағанмын. 37-нің сұмдығынан аудан басшыларының аман қалмағанын бұрын да естігенмін. Сол оқиғаларды екінші, үшінші адамнан қайталап сұрап, дәлелдей түсу өмір бойғы ұстанымым. Міне, Жұмекең ұстазым сол отыз жетіде қазақшылығы мол, алшысынан тымақ киіп, «Барко» (арабша «найзағай») деген сырттан тазы ұстаған аудан басшысы Тоқтаровтың да құрбан болып кеткенін баяндаған. Әсіресе өкіне еске алатындарының бірі осы Шет өңірінің алғашқы ұстаздарының бірі Ахмет Әбдірайымұлы еді. Ол кісі Алаш партиясының белді мүшесі екен. 1916 жылы қазақтан солдат алған заманда «орысшадан хабарсыз қазақтың баласы қорлыққа түспесін» деп, солдатқа алынған қазақ жастарымен бірге Гомельде бірге болған екен. 1930-1931 жылдары аудандағы алғашқы мектепті қаласып (бұрынғы потребсоюз), соның директоры да болған екен. «Көзі ашық, рухы берік сондай азаматтардың атылып кетуі орны толмастай болды ғой» деген еді Жұмекең.

- Әбіш деген ақын болған десей, - деймін мен.

- Ее, болды ғой, оны сонау жиырмасыншы жылдары өз ағайындары ұстатып жіберген, деп бірер адамның есімін де атады.

Аудан орталығының 1930 жылы осы Аюлы баурайына ерекше еңбек еткен адам Шәріп Нұрмағанбетов деген басшы болды, дейді Жұмекең. Орталық үкіметтің қаулысымен бұрынғы Ағылшын зауыты Қызыл еспеге берілген еді. Шәріп бірінші хатшы болып келген соң сол үкімді бұзып осы елге қолайлы жерге ауданды көшіріп әкеліп, үйлер салдыра бастады. Құрылысқа басшы етіп Сақыпты бекітіп, құрылыс жұмысы қолынан келетін Темір, Әбдіғали, Нұрғали, Сапарларды отбасымен Қарқаралыдан осында көшіріп әкелді. Сонда бірінші салынған мектеп пен соған жақын дүкен екен. ГПУ Қарқаралыдан бір байдың үйін бұзып әкеліп өзіне кеңсе салдырыпты.

Сонау Голощекиннің тұсынан басталып, сексенінші жылдардың соңына дейін ұзаққа созылған қысылтаяң заманда Жұмекең ішінде болған запыранды өкінішті сыртқа шығара алмай жүр екен. Соның көбін маған ақтарған еді. Есімін айтуға тиым салынған Шортанбай жыраудың иісі кәпірге сатқын болып бара жатқан бай, болыстарға, төсегінен жеріген әйел затына айтқандары, атын ел ұмытуға айналған Тәшен, Түсетай, Төлеубек естіп білгенін, есте қалғандарын жеткізген еді. Табын Төлеубек ақынның мұрасын іздеп, біраз жерді

шарладық. Ақын Төлеубектің, сері Төлеубектің, аңшы Төлеубектің дүниеден өткен соң екі ақ тазысы, қабірін іздеп жүріп, тауып алып, сол жерден шықпай жатып алып, өлгенін естігенде жүрегім сыздады. Жұмекең осы тұста Төлеубекпен аса сыйлас болған Боқай болыстың 1916 жылы қайтыс болғанын еске алып, ол туралы Төлеубектің:

Ақ иық Боқай едің Нұрадағы,
Алысты жақын еткен қиядағы
Орныңа екі жасық таласып жүр

Орныңа болмаған соң тиянағы, - дегенін айтып қалған.

Төлеубек Көрпетайдың Қарағаш қыстағына жерленіпті. Сол жолы бара алмай кеттік. Иісі ақын Төлеубекке жақын ағайындарына барып «белгі қойсаңдар» деген тілек айтқан едік. Дайын асқа ат сабылтып келетін жұрт ол тілекті орындай қойса жақсы. Жұмекең ақсақал осы маңайдағы тарихи оқиғаларды негіздеп жеткізушінің бірі. Кейде осыны өзің ғана біл дейтіні де болушы еді. Жанғұтты шешеннің баласы Тәттібектің сотталып кетуші туралы әңгіменің негізгі өзегін жеткізуші Жұмекең (бұл оқиға менің «Соңғы абыз» романымда жазылған). Тәттібек елге мазасыздау болған екен. Барымта-сырымта, ұрлықпен де шұғылданса керек. Ақыры бес атаның отыз шақты биі қол қойып, арыз түсіріп, оған болыс Боқай қол

қойып, бірер жылдан соң Петропавл жақта қайтыс болыпты. Намысшыл жұрт Тәттібектің айдалып кетуіне Боқайды кінәлі санап, бір түнде оның жылқысының (Боқайда ыңғай боз жылқы екен) бір бөлігін айдап әкеліп, Тәттібектің үйіне және тағы басқа туысқандарының үйін жиырма шақтысын сойып тастайды. Мұны естіген Боқай жағы қол жинап, Ақтасқа келгенде (осы күні аэропорттың арғы жағы) алдынан Мұса қожа, Баймұрын бастаған ел жақсылары шығып, сойылдасуды тоқтатқан екен. Сол бетінде Боқай бастаған жігіттер Жәкең ауылына «бауырымдап» ат қойып келген екен. Ел жақсыларының ұйғарымымен Тәттібектің үйіне сойылған екі жылқы «ағайынның көмегі» делініп, басқа жұрт сойған мал Боқайға мал ретінде қайтарылыпты. Ия, сол кездегі ағайынның сондай берекелі ісіне де риза боласың.

Жұмекеңнен бір реті келгенде Әжі төренің Көпбайдан ат сұрату тарихын сұраған едім.

- Өзің не білесің?,- деді. Мен Әжі төренің ат сұратқан өлеңін білгенімше айттым.

- Ендеше тыңда, - деп Әжі төре өлеңінің толық нұсқасын жеткізді.

- Сәлем айт Көбекеңе бір ат берсін.

Құйрық жалы төгілген құр ат берсін,

Боздығы бұхардың бөзіндей болсын.

Естілігі көненің көзіндей болсын,

Қимастығы Қара мен Бәжеңдей болсын,

Әділдігі
Дүйсенбайдың жеңіндегі бізіндей болсын,
Көрегендігі
Шортанбайдың көзіндей болсын,
Жорғалығы Жанқұттының сөзіндей болсын,
Семіздігі Көпбайдың өзіндей болсын, - деп
бес атаның бар жақсысының атын атап, ат сұраған
екен.

Қазақтың қаймағы бұзылмаған заманда сөз шеберлері өз пікірін тұспалдап, мысалдап жеткізудің шыңына шыққан ғой. Ия, бұл тұспалдың шешуін менің «Шырағдан» атты кітабымнан табасыздар.

Сексенінші жылдардың соңында, қазақ халқының басына төнген қатер, отыз бірінші жылдың ойраны, отыз екідегі шебанистер мен олардың сойылын соқан өзіміздің көрсоқырлардың алып келген аштық пен жаппай қырылу мәселелерін көтеру көлденең тұрды. Бұл жөнінде біз республикада бірінші болып сөз көтердік. 1988 жылы тиым салынған архивке ретін тауып кіре алып, Шеттің 48311 адамынан 5021 адам зорға тірі қалғанын аудандық, облыстық, республикалық газеттерге жария еттік. Міне осы кезеңде Жүмекең біздің ісімізге белсене кірісті. Жүмекең, Жанасылұлы Қапас, Жексенбин Төлеубай, Әлікеев Зәбира біз ұйымдастырып әкелген теледидарға бар көргендерін айтып, сұхбат берді. Әсіресе Жүмекең

1931 жылдың жазында Нұра жағасына жақын орналасқан ауыл адамдары күнұзақ атылған мылтық дауысын естіп отырғандарын, ертеңінде балық аулаған болып барып, қып-қызыл қанға боялған жағаны көргендерін, өздерін ГПУ жіберген бір орыстың аттың бауырын алып қуғанын жүрегі ауыра отырып жеткізген еді. Жараланып, есінен танып құлаған Құдаш деген түнде қашқан екен, ертеңінде оны белсенділер іздеп жүріп тауып алып, атқаны тағы бар. Бұл бейнефильм Жезқазған теледидарынан, кейін республикалық телевидениеден көрсетілген еді. (нақты нұсқасы қолымызда бар, бірақ көшіріп алайынша деген жұртшамалы, әлі ұйқыдамыз. К.Ж.). Бұл қасіретті оқиғаның сол кездегі астана Алматыда көрсетілуіне нахақтан оққа байланғандардың бірі, Жүмекеңнің айтуынша аса белгілі адам, Балпақтың Ахметжанының қызы Қадишаның Президент аппаратына жазбаша шығуы негіз болған. Жүмекең Иман-Жолбарыс ауылы адамдарының қырғынға ұшырауына нақты себепкер Төлеубай дегеннің ісі екенін де дәлелдеп білді. Ағайынның арасындағы бас араздықты ГПУ да өз мүддесіне пайдалана алған. Жүмекең осы жолы жазықсыз жазаланған отыз үш адамның мүрдесін іздеуде де талай еңбек етті. ГПУ атылған адамдардың үстіне жарды құлата салған екен. Жұрт біліп қалған соң, аршып алып, басқа жаққа

апарып көмген екен. Соларды көмуге Төсбай деген кісіні көндіріпті. Елуінші жылдардың соңында бір реті келгенде Жұмекең Төсбайдан жазықсыздардың жатқан жерін сұраған екен. Төсбай «Табан төбеде шидің арасы, кейін көрсетемін» деп созып жүріп, кейін өзі де қайтыс болған екен. Ия, ол кісіні кінәлау өте қиын, мініп келе жатқан атыңның құлағы естіп қоймады ма деп шошыған заманның қорқынышын бүгінгі заманның түсінуі қиын. Жұмекең екеуіміз Табан төбеге сан бардық. Осы жер-ау деп болжаған шилер де бар. Бірақ мұндай іске көмек етер археолог-тарихшыны таба алмадық.

Осыдан бес-алты жыл бұрын Жидебай батырдың шешесі Анардың басына көктас қою мәселесі туындайды. Ені он шақты шақырымға созылатын қатпар-қатпар Тағылы тауының бір асуы Анар аталатынын білетін едік. Кейінірек бұл асу Жидебай батырдың анасының атымен аталады деген сөз де құлаққа жетті. Қалың орманның бір шетінде тұрған аласа сұпыны менің құрдасым Адамқұл «осы Анардың моласы» деп те көрсеткен. Бірақ көңіл әлі де болса нақтылауды қалаған. Тағы да Жұмекең ақсақалға сүйенуге тура келді.

ГПУ жаппай депрессияны бастамай-ақ жобасын жасаған екен. Болашақ Карлагты ашу үшін ыңғайлы жер көлемін қарастырып, ол жерлерде мекендеп отырған халықты басқа

қоныстарға көшірген екен. Осы күнгі Ақан ауылының жанында Байшегір деген жер бар. Сол жер Карлагқа тиесілі болып, халқын Шет ауданының басқа жеріне көшіру ұйғарылыпты. Сол халықты Қатпар тауының бір сайына көшіріп әкелу үшін бір топ адам аттандырылған. Солардың ішінде атқосшы ретінде бала Жұматай да барыпты. Бері көшкен жұрт ертеңіне осы Анар сайына келіп, қонуға мәжбүр болыпты. Сол жерде үлкендердің айтуымен Жұматай бала Анардың бейітін алғаш рет көріпті (Жұмекеңнің осыны растаған қол қойған хаты бізде сақталған). Әлтеке Жидебай батырдың шешесінің мәңгілік орны осылай нақтыланған еді.

Жұматай ақсақалдың отырған жері берекелі әңгіме. Көнеден келе жатқан әңгімелердің бірін қозғап, тамсандырып, сусындатады. Асықпай қозғаған әңгімесі еріксіз өзіне баурайды. Осындай бір астың үстінде Балуан шолақтың да біздің елде болғандығын сөз еткенді. Балуан Шолақтың Жетісу жаққа кетіп бара жатқан сапары болса керек, даланың көкжалы Боранқұлдың үйіне түсіпті. Бірер күн сол ауылда аялдап, өзі ақын, өзі сері Балуан өнеріне жұртты тәнті етіпті. Бір отырыста Боранқұл күш сынасқысы келіп, қатар отырған Балуан Шолақты орнынан көтермек болған екен. Боранқұл алып денелі балуанды орнынан сәл ғана жылжыта алыпты.

- Сені атқа қондырып, жарлы-жақыбайдың кегін қудырып жүрген осы күш қой, депті сонда разы болған Балуан Шолақ.

Біз өзіміздің ұстаздарымызды қатты сыйладық. Мектеп бітірген он жылдық, жиырма жылдық, отыз жылдық, қырық жылдық, елу жылдық мерекелерімізде Жұмекең бастаған Шәукей Жұқанұлы, Сәлия Зейденова қостаған ұстаздарымыз қатынасқан еді.

Көненің үлгісін айтып отырған, көненің көзіндей болған Жұмекең бізге үлгі. Қарияның бәрі осындай ақсақал болса ғой деп тілейсің.

АРДАҚТЫ АҒА, АБЗАЛ ЖАН

Халқымыздың «Үлкенге ізет, кішіге ілтипат» деген мақалын санамызда сақтап өстік. Ауылымызда, оның ішінде бір атадан тараған біздер үшін Жүмекең ақсақалдың отырыстарда айтатын әңгімелері - біз үшін үлкен мектеп, академия десем, артық айтқандығым емес. Ағаның ақылдылығы мен парасаттылығына сай бүкіл болмыс-бітімі, жүріс-тұрысы, істеген ісі мен сөйлеген сөзі - өсіп келе жатқан ұрпаққа үлгі-өнеге. Шіркін-ай, өзімізді осы кісі сияқты табиғи әрі еркін ұстасақ қой, осы кісі сияқты әділ әрі сабырлы болып, айтайын деген ойымызды бүкпесіз, ірікпей жатық тілмен жеткізе алсақ қой деп тұратынбыз. Мен ағамен жиі жүздесіп, жақын жүрдім. Оған себеп менің қайынағам Әбжан Қыстаубайұлы -Жүмекеңнің бажасы еді.

Мен 1970 жылдары аудан орталығына қызметке ауысып келгенде, Жүмекеңнің жарқын жүзбен құшақ жайып қарсы алғаны әлі есімде. Жастық шақтың албырттығымен, қызбалығымен асығыс шешімдер қабылдаған сәттерімізде сабырлыққа шақырып отыратын. Дуалы ауызымен, уәлі тілімен, уәжді сөзімен айтқан

ақылы көңілге қона кететін. Бір сөзбен айтқанда, жүрекпен айтқан сөзі жүрекке жететін.

100 жасқа толғалы отырған Жұмекеңнің өмірбаяны, ғұмырнамасы тұтас бір дәуірмен, әрісі кезіндегі ортақ Отанымыз - Кеңестер одағының, берісі өз еліміз - бүгіндері Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойын салтанатпен атап өткелі отырған Қазақстан Республикасының, туған жеріміз - Шет ауданының тарихымен тығыз байланысты. Абыз ақсақалдың, мерейлі майдангердің, ұлағатты ұстаздың ұрпаққа берген ілім-білімі, тәлім-тәрбиесі - айтсаң, ұзақ бір дастан. Өмірдастан деп осы кісілердің өнегелі өмірін айтады. Тар жолды, тайғақ кешулі кезеңдерден, бейнетке толы бел-белестерден, азабы мен ғажабы мол асулардан шаршамай-шалдықпай, қажымай-талмай, бар қиыншылықтар мен ауыртпашылықты қара нардай көтеріп, батырға тән қайрат-жігермен мойымай, ғасырлық торқалы тойына жетіп отырған ардақты ағаның, абзал жанның бастан кешкен ұзақ ғұмыры жай ғана ғұмыр емес, ол дегеніңіз - Ғұмырнама!

Ағаның білімдарлығы, жанжақтылығы ол кісіні бұрыннан білетіндерді де, бертінде білісіп, танысқандарды да таң қалдырады. Қай тақырыпта әңгіме қозғалса да, сонау Канттың философиясынан бастап, осы күні-бүгінгі жаңа инновациялық жаңғыру мен даму тақырыптарын

да жете біліп, зерделеп отырады.

Ағадан екі мүшел, яки 25 жас кішілігім бар, мен де сексеннің сеңгіріне шығар жастамын, кейінгі ұрпақ үлкендердің жақсылығын бағаласа екен, жақсы мен жаманның арасын пайымдай білсе екен, ұрпақтар сабақтастығы мен тарих сабақтастығын ұмытпаса екен деп тілеймін.

Асқар АЙТЖАНҰЛЫ

ҰРПАҚТА ЖАЛҒАСЫН ТАПСА ЕКЕН

Уақыттың қалай өткенін байқамай қаламыз. Өмір-өзен деген осы! Кеше ғана Жұмекеңнен сабақ алған біздер зейнетке шықтық.

«Білімді мыңды жығады» дегенді естеріңнен шығармай, сабақты ынтамен оқыңдар», - деп бізге тәрбие берген менің нағашым, көрші тұрып келе жатқан соғыс, еңбек ардагері Жұмекең 100 жасқа толғалы отыр. Жұматай ақсақал мен Рәш шешеміздің бір-біріне деген сыйластығы маған бала кезімнен үлгі-өнеге болды. Сол кісілерге еліктеп өмірде осы кісілер сияқты өмір сүрейік деп өстік. Жұмекеңнің алдын көрген, білім алған белгілі азаматтар баршылық. Ұстазбен шәкірттің арасындағы сыйластығының да куәсі болып жүрмін. Қоғам қайраткері Қасымбек Медиев жиын-тойда кездескен сайын «көршің, мұғаліміміз Жұмекеңнің халі қалай» - деп сұрап жатады.

Менің әке-шешемнің айтуы бойынша Жұматай нағашымның әкесі Құтжан ой-өрісі кең, ақылды адам болған. Нағашымның шешесі Жәміш әжеміздің бейнесі әлі де көз алдымда. Салиқалы, жүзінен мейірім төгіліп тұратын кісі болатын. Мен бала кезімде басым ауырып жиі жатып

қалатынымын, сонда Жәміш әжеміз келіп мені ұшықтағанда, жазылып кететінмін. Сол әжеміз қайтыс болғанда, енді мені кім емдейді деп қатты жылаппын.

Біз бала күнімізден Жұмекеңнің еңбекқорлығын көріп өстік. 85 жасқа дейін қол орақпен шөп шауып, мал азығын өзі-ақ жинап алатын. 90 жасқа келгенше немерелерін соңына ертіп, малын өзі жайғап жүрді. Жұмекең нағашым салауатты өмір салтын ұстанды, жақсы ат, жүйрік тазы ұстады. Тазылары қыста үйдің кіре-берісінде жылы жерде жататын, оларға ерекше күтіммен қарап, тамақ істеп беріп жүретін.

«Сені баламнан артық көрмесем кем көрмеймін» - деп, арнайы мені шақыртып, иығыма ішігін жапты. Нағашы мен жиеннің осындай сыйластығы әлі күнге дейін осылай жалғасуда, Жұмекеңнің бұл ісі де бізге өнеге ғой деп ойлаймын. Екі үй сол татулықты сақтап келеміз. Салған моншама риза болып, соған келіп, бір рахаттанып, келген сайын батасын беріп жүрді.

Үлкендердің батасы да шығар, мен алған білімімнің арқасында өз саламда біраз жетістіктерге қол жеткіздім, басшылық қызметтер атқардым. Зейнеткерлікке шығып түйгенім, «айналаңдағы жақсыны көре біл, түйе біл санаңда, соны ұрпаққа жалғастыр».

Әділ СМАҒҰЛҰЛЫ

СҮЙЕГІ АСЫЛ ӘКЕМ ЖАЙЛЫ БІР ҮЗІК ОЙ !

Менің әкем Жұматай Құтжанұлы - ұрпағының мақтанышы, ортасының абыз ақсақалы атанған, соғыс және еңбек ардагері, Шет ауданының құрметті азаматы 1917 жылы дүние есігін ашыпты. Балалық шағы жан тебіренерлік қиыншылықпен өтіпті.

Отбасы перзент бойына адамгершілік, сүйіспеншілік пен мейірімділік дарытатын қара шаңырақ. Әкем Жұматай мен анам Рәш - 54 жыл бірге отасып, сәнді де мәнді өмір кешті. Анамыз 2000 жылы дүниеден озды.

Біздің үйге түстенуге, қона жатып әкейге сәлемдесуге, әңгімесін естуге қонақ көп келетін. Анам да ұстаз. Сол адамдардың бабын тауып, қонақ асын даярлаудан бір талмайтын. Әкей жыл сайын демалыс орындарына кеткенде үйдегі бар жұмысты өзі атқаратын. Бір баласына дауыс көтермеген абзал анам еді.

Әкеміз Шет өңірінде қазан төңкерісінен кейінгі алмағайып заманда ауданның зиялы

азаматтарымен иық тіресіп Кеңес өкіметін орнатуға, іргесін нығайтуға ат салысқан. Әкей аттай алпыс жылдан астам көрші отырған, бүгінде жүзден асқан Шәукей ақсақалмен Ақмола педагогикалық училищесінде бірге оқып, өткен ғасырдың отызыншы жылдарынан бастап бірге ұстаздық етіп, өсіп келе жатқан ұрпаққа білім және тәрбие беруге бар күш жігерін салған. Әкеміз мектеп директоры, аудандық оқу бөлімінің басшысы қызметін де атқарған. Бейбіт күндегі еліне сіңірген еңбегінің айғағындай «Құрмет белгісі» орденімен наградталуы, ҚазКСР «Халық ағарту» ісінің үздігі» төс белгісін алуы, Шет ауданының құрметті азаматтығын иеленгені одан туған ұрпақтарына - зор мақтаныш, үлкен мәртебе.

Әкей кешегі Ұлы Отан соғысында болған ұрыстарда төрт жерден жарақат алып, Висла өзенін қорғауда көрсеткен ерлігі үшін «Богдан Хмельницкий» орденімен наградталады. Қатарлас жауынгерлермен Еуропаның бірқатар мемлекеттерін азат етеді. Взвод командирі, рота басшылығында да болады. Әскерден лейтенант шеніндегі әскери атақпен оралады.

Әкеміз табиғатынан адами болмысы өте таза, тілі майда, сөзге шешен, көзбен көргендерін, естігендерін есте сақтағыш құйма құлақ, жадысы мықты. Өзіне де, өзгеге де талапшыл, қаталдығы да бар. Өңірдің өткен тарихын, шежіресін, белгілі өткен шешен билердің аталы сөздерін бәз қалпында айтып отырады. Осы ортаны зерттеп, тарихын жазушылардың шығармаларынан әкейден көп нәрсені естіп білгендері жөніндегі сілтемеден ақ көруге болады.

Әкейдің қолы бос кездегі кәсібі аңшылық еді. Үйде 2-3 тазы ит, жүйрік ат ұстайтын.

Әсіресе өзінің замандасы, досы Қиымбеков Зейнелмен ит қосып, мылтықпен аңға жиі шығатын, олжасыз болмайтын. Ол кісінің бәйбішесі қолынан ине - жібі түспеген, мейлінше ісмер жан еді. Алған аң терісінен отағаларына тымақ, ішік тігіп берумен болатын. Әкейдің бір аңшылық оқиғасы есіме түсіп отыр. Бірде ерткен үш тазысы бар Аюлы етегіндегі Қаштай сайында ағаш арасынан шыға қалған сілеусінді иттер қуа жөнеліп, сілеусін ағашқа өрмелеп шығып кетсе керек. Атты қамшылап жетсе, сілеусін ағаш басында ырылдап, иттер жерде шәуілдеп

жатқанның үстіне түседі. Әкей мылтықсыз, қолындағы құрыққа шылбырды шалма байлап, сілеусіннің басына лақтырып атын тебініп шаба жөнеліпті. Сілеусін жерге құлап түсіп иттер бас салғанда сілеусін де алдыңғы аяғымен қара қасқа тазыны өкпе тұсынан қысып жіберген екен. Әкей жалма - жан құрықтың қолға ұстар жағымен басынан төрт - бес рет ұрып соғып алыпты. Сол сілеусін терісі үйде төрдегі кілемде ілулі тұратын. Ауыл жұрты көп жылдар әкейдің осындай аңшылығын аңыздай ғып айтып жүретін еді.

Қазіргі Аюлы тауы етегінің солтүстік-шығысындағы Қаратөбе аталатын жерде қыстағымыз болған. Қолымыздағы жалғыз бие, төрт - бес ұсақ тұяғымызды бағып асыраумен жан сақтадық. Сонау отызыншы жылдары сол төбенің күнгей бетінен жанай өтетін Нұра өзенінің биік кемерінің астында ауданымыздың жазықсыз жандары атылған. «Менің 13 - 14 жастағы кезім. Бұзау қарауға балалармен өзен жағасына жақындағанда су бетінің қан болып аққанын, милиция формасын киген аттылы кісінің біздерді «Бұл жерден кетіңдер!» деп қуғаны есімде қалды. Кейін үлкендерден өлі денелерді төбенің теріскей

бетіне апарып көмгендерін» естігенін жеткізе айтып отыратын әкей бір әңгімесінде. Әкей аштық, нәубет, соғыс жылдарын есіне алғанда түсі өзгеріп, қатты ойға батып ақырын күрсіне сөйлеп отырғанын байқап отырамыз. Тоқсан жасқа келгенше атқа мініп келген әкей бүгінде үй ішінде аз сөйлеп, көп тындайтын жағдайда.

Тағы есте қалған бір оқиға. Үлкен әкем Құтжан менің бес - алты жасымда атқа мініп, мені алдына алып, ауданның көшесін аралатып қыдыртатын. Бірде аудандағы жалғыз дүкен үйіне келіп, ат үстінен «Әй, Секер! Ақшаң міне, балама жақсы кәмпитінен бер» дегенде апамыздың кішкене дорбамен алып шығып бергені бартын. Есік алдында тұрған үлкен кісілердің осы бір көріністі көре сала «Айналайын құлыным! Сен Жұматайдың емес, Құтжекеңнің баласысың. Атаңа қарашы, немересі дегенде елді жүгіртіп, тәттіге бір өзіңді тойдыртты - ау» деген сөздері әлі есімде.

Жаз шыға әкейдің қолы бос болмайтын. Мені қасына ертіп, ат шалғымен шөп шауып, оны тасымалдап, қысқы дайындықтың қамында болатынбыз. Жазға каникул кезінде мені совхоздың жұмысшыларына қосып, шөп маялауға

жіберетін. Күзге қарай тапқан аз ғана табысымызға мектепке баратын киім-кешек, оқу құралдарын алып беретін. Әкей «судың да сұрауы бар», әр адам өз қабілетімен, еңбегімен күн көруді өзінің міндеті деп білу керек дейді. Біреудің ала жібін аттамау, жұмысқа ұқыпты, жауапты болу керектігін өзіміз азамат боп қызмет атқарып жүргенде де айтудан жалыққан емес. Осы айтқан ақылын балаларға, немерелерге, біз де жеткізіп жүрген жағдай бар. «Үлкенді сыйлау - ұлы істің бірі» деген сөзін көп жыл Саран қаласында, Қарағайлы кентінде қызметте жүргенде еске сақтап, әр түрлі шаруамен алдыма келген қарт адамдардың көңілін қалдырмауға тырыстым.

Біздің үй ұстаздар үйі болғандықтан ба, әкешешеміз біздерге білім мен тәрбие беруге мейілінше көңіл бөлетін. Әрқайсымызға білім деңгейіне, мінез-құлқына, бейімділігіне қарай жеке-жеке тәрбие уақыттарын жүргізетін. Өзіміз он баламыз. Ата-ананың тұңғышымын. Бәріміз де білім алып, әр түрлі салада қызмет атқарып жүрміз.

Үлкен әкеміз Рахымбек Ағыбай батырдың асында түйе палуанды жер қаптырған екен. Ауданда мектепте оқып жүргенде Серік Демесінов

ағамыз бастаған қазақ күресінің дамып тұрған кезі болатын. Мен де күреспен шұғылданып жүріп, 1966 жылы Шымкент қаласында өткен республикалық турнирде өз салмағымда жеңімпаз болғаным бар. Ол кездегі «Лениншіл жас» газеті бетінен жеңімпаз ретіндегі суретімді көрген әкем: «Шырағым! Рахаң атаң бір аунап түскен шығар. Күресті қойып, оқуға түсіп бір мамандық алғаның дұрыс» дегенін құп алдық қой. Өмірлік серігім Несібелді екеуміз Нұрлан, Айгүл, Ерлан атты балаларымыздан немере, шөбере көріп, солардың қызығына кенеліп жатқан жағдай бар.

Бүгінде 100 жасқа жетіп, он баланың, немеренің, шөберенің, немененің барына тәубесін айтып, тілеуін тілеп, ақыл кеңестің таусылмас қазынасындай боп үйдің төрінде отырған әкеме өнегелі өмір сүрудің үлгісін көрсеткеніне ризалығым шексіз.

Есентай Жұматайұлы ҚҰТЖАНОВ

СӨЗІ СУСЫН, АҚЫЛЫ АЗЫҚ

Жігіттің үш жұртының бірі - қайын жұрт. Бір жерлерде «Қайын жұртың - міншіл. Жағаңның қызылдығын, қолыңның ұзындығын қалайды. Жуас болсаң жүндейді, мықты болсаң күндейді» деген әңгімелер бар. Бес саусақ бірдей болмайтын секілді, бұл енді әркімнің тағдырларына, пайым-парасатына байланысты шаруа ғой. Шаймерден Әділбекұлының «Үш жұрт» деген өлеңі бар, бұл өлеңде жігіттің үш жұртын тереңнен талдап, олардың мән-мағынасын аша түседі. Көлемділеу болған соң, қысқартып алынғандығын қаперлеріңізге саламын:

Небір дауда оңайлықпен алдырмас
Атам қазақ айтқандай бәрі рас.
Сонау күннен бізге жеткен мына сөз
«Ер жігіттің үш жұртының бары рас».
Біріншісі - өзің жұртың екен де
Кіндік кескен, туған атамекенде.
Өзің жұртың күншіл дейді
Күншіл деп
Ағайыннан безіп алыс кетем бе?
Екіншісі - нағашы жұрт,
Жақының,

Өмір барда кетпес аттан тақымың.
Бұлар сыншыл, еркелікті көтерер,
Жиендік қып,
Жетер болса батылың.
Үшіншісі - қайын жұртың
Сыйлайтын,
Ешқашанда жамандыққа қимайтын.
Қайын жұртың ел айтқандай «міншіл ме»
Келе қалсаң дастарханын жимайтын.
Міншіл дейді-ау,
Міншілдісін көрмедім.
Келіп едім, міне тағы төрдемін.
Қызын алдым, өсіп-өндім, - дейтіндей.

Иә, менің маңдайыма жазған қайын жұртым,
тек қана биіктерге өрлеуімді, тіл көзден аман
болуымды жан-тәнімен тілейтін ең бір тамаша
жандар. Күйеу атанып, қолға су құяр дәрежеге
жеткеннен кейін, атам ең бірінші руымды сұрап
еді. Сөз тартқысы келді ме, мен айта бастап едім
«қарағым болды, болды» - деп атам тыйып
тастады. «Ата баласы екенсің». Енді келген
кездеріңде сен шаңыраққа күйеумін деп босаға
жақты сағалама. Ата баласына төрде отырған
жарасар - деп іш тарта сөйлеп бойына тартты.

Атам шежірені, ру таратуды өте жақсы біледі.
Одан атам айтты екен деп, төрге шығып малдасын
құрып отырып алған жағдайым болған жоқ. Әдеп

сақтай білдім, бірақ көңіл түкпірінде атамның шежірені, ұлттық салт-дәстүрді терең білетіндігіне көзім жетіп, тек ризашылық сезімімнің оянғанын жасыра алмаймын. «Қарағым, пайғамбарда күйеу баласын сыйлаған, қысылма өз үйінде күйеу арқамнан қаға сөйлеп, батырландырып отырады. Бірде еркелетіп «Әзілің жарасса атаң мен де ойна» -деп, еркелете сөйлейді.

Атамның менен 30 жас үлкендігі бар. Мен 25 жасымда күйеу болдым, атам сол кезде 55 жаста. Мен де, атам да 14 жастан бастан шалғы ұстаған екенбіз, қыстық азықты малға қол шалғымен шауып дайындап алатынбыз. Енемнің дайындаған тары көжесін торсыққа құйып алып, атам екеуіміз шөп шабуға шығатынбыз. Жеткенше әңгіме айтып шабындыққа қалай жеткенімізді де аңғармай қалушы едік. Шабатын жеріміз -«Көк-тал» өзенінің бойы. Шөбі өте қалың, су ағар жерлері бар, сондай жерлерде жалбыз (мята)деген шөп өседі. Әлгі шөпке шалғы тигенде исі аңқып шығады, тынысың ашылып бір рахат күйге бөленесің. Ертеде жалбызды жинап күннің көзіне тигізбей құрғақ жерде кептіріп шәй орнына пайдаланған екен, емдік қасиеті де бар, тымау, өкпеге суық тигенде ішеді екен. Өзен бойының ауасы қандай, шөбі қандай таңғы шықпен шөп өте жеңіл шабылатын. Арасында балығында аулайтынбыз, бір тынығып қалатынбыз. Атамның

бір көне шалғысы бар ертеден келе жатқан, үйден шыңдап алып шыққанда онша көп қайрамай біраз күнге дейін шыңдамай ұзақ шабуға жарайтын. Мен болсам қайта-қайта қайрап көп үзіліс жасайтынмын. Атамның шөп шабысына қайран қалатынмын. Шабу техникасы бөлек, мен жаста болсам ілесе алмайтынмын. Атам 85 жасқа дейін атқа мініп, шалғысын тастаған емес. Аңшылықпен айналысып, табиғатты ерекше сүйіп, сүйсіне есіне алып, тарихи әңгімелерді жалықтырмай, нақышына келтіріп айтады. Бір ғасырлық ғұмыр анау-мынау адамға жаза бермейді-ғой.


Жан-жарым Шолпанға өмір сыйлаған, маған анамдай болған енем - Рәш Шәріпқызының бар ғұмыры бала тәрбиесіне мен ұстаздық еңбекке арналды. Ағайын-тума мен дос-жолдастарының, алыстан, жақыннан келетін мәртебелі де сыйлы қонақтардың алдында азаматының абыройын асыратын, дастархан қашанда берекелі, жүзінен қазақ әйеліне тән ибалық пен мейірім төгіліп тұратын. Әулеттің алтын қазығы, сәні мен көркі, шырайы мен шуағы іспеттес еді. Дайындаған дәмі әр уақытта дәмді, ашытқан қымызы мен айранының дәмі таңдайымнан осы уақытқа дейін кетер емес. «Марал, балам, осы қымызды өзіңе арнайы сақтап едім»- деп одан сайын мәз қылғанда, атамыз жымия күліп қояды. Жақсылығымды жаһанға бар дауысымен жариялап,

жамандығымды жасырған асыл енем бүгінде жоқ. Ауылымыздың жусанды бөктерінде тыныстап жатыр. Жатқан жері жұмақ болсын!. Өмір өткінші екенін осыдан кейін қалай сезінбейсің!

Кеше ғана емес пе еді, ауылымызда алғашқылардың бірі болып ата-анасының батасын алып, рұхсатымен Шолпан екеуміздің белгісіз болашаққа бірге аттағанымыз. Енді міне, ақарлы-шақарлы отбасы болып, ұл-қыз сүйдік, мейірлене немере иіскеп отырмыз. «Кездер де кетер»-дегенге осыдан кейін қалайша сенбейін. Қазір жиі айтылатын отаншылдық, патриотизм деген сезімдерді мен алғаш рет әкем мен атамның іс-әрекеттерінен аңғардым. Солардың маған артқан үкілі үміттері мен кіршіксіз сезімдеріне күні бүгінге дейін қылау түсіргім келмейді. «Таза жүр, адал бол»-деген ақылдарын үнемі жүрегімнің түкпірінде ұстаймын. Өмірлік темірқазағым мен кредом іспетті болған әлгі сөздері мен ақылдарын тек қана бала-шағама ғана емес, айналама да үнемі айтып жүремін.

Марал Момышұлы ОРЫМБЕКОВ

МАЙДАНДА ШЫНДАЛҒАН ДОСТЫҚ



Жас сардар Жұматай Құтжанов

Жоқшы



Құрман ҚОЖАХМЕТҰЛЫ

Жұматай ҚҰТЖАНҰЛЫ

Жоқшы – Жұматай Құтжанов – Ұлы Отан соғысының ардагері. Польша жерін алғаш азат етушілердің қатарынан. III дәрежелі Богдан Хмельницкий ордені мен көптеген медальдардың, марапаттардың иегері. Ұлы Отан соғысынан кейін қырық жыл бойы шеф-тәрбиеленген қарт ұстаз. 1943 жылы Семей әскери училищесінде бірге оқыған офицер досы – Құрман Қожахметовпен тілдесуді арман еткілі аттай алпыс алты жыл өтті. Өмірінің көп уақыты өткен тұста ардагердің досы табылды...

Ақсақалға заманауи технологияның көмегі тиіп, интернет арқылы досының Алматыда тұратыны анықталды. Соңғы рет көргенде жиырма бестелі жігіт, бұл күнде сексен төрттегі қарияға айналыпты. Ұры уақыт-ай! Өз дегенін қайтоса алады екен?!

Телефон арқылы тілдескен қос қарияның кездесуіне жер шалғайлығы мен қарттық кедергі етіп отыр. Дегенмен, Жұматай қарттың балалары мен немерелері Құрман Қожахметовке барып амандық-саулық сұрап та қайтты. Біздің ақсақалда сонау 1943 жылы досы өлеңмен тілек жазып берген сарғыш тартқан қойын дәптері бар екен. Көздің қарашығындай сақталған дәптер. Отан қарулас досының албырт шақтағы 19-20 жастағы туған жер, сезім туралы өлеңдері де түсіліп...

Ал Құрман ағамыз 1946 жылы елге оралған соң Ұйғыр аудандық прокуратурасының тергеушісі, аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, білім бастығы, хатшы сынды қызметтерін атқарыпты. Соғыстан кейінгі халық шаруашылығын көтеруде колхоз председателі, колхоз бастығы болған. Ұлы Отан соғысындағы ерлігі мен елге өткен еңбегі үшін «Қызыл Жұлдыз», «Отан соғысы» I дәрежелі, «Қызыл Ту», «Халықтар достығы», «Құрмет белгісі» ордендерінің иегері. Бұдан басқа да көптеген медальдармен марапатталған. «Қазақ қызы», «Ұйғыр қызы», «Біз-біз едік-біз едік...», «Қарқара», «Ханкелді», «Тохнияз» сынды кітаптарының авторы. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Ұйғыр ауданының «Құрметті азаматы», соғыс және еңбек ардагері, республикалық дәрежедегі зейнеткер. Құрман Қожахметұлы Жұматай ақсақалға соңғы жылдары жарық көрген «Бәйтерек» өлеңдер жинағын қолтаңбасымен беріп жіберіпті. Онда:

«Жұматай! Екеуміздің өткен жолымыз бір шежіре. Әскери оқуда, еңбекте бір болдық. Оны жазса бір кітап. Беларусь, Украина жерлерін басып өттік, Польша-Германия шекарасына жеттік. Сен қолыңнан, мен аяғымнан жараландым. Харьковте госпитальда тағы қайта табыстық. Сен – Жезқазған, Ақсу-Аюлыдан. Мен – Алатау, Хантәңірі, Албан жотасынан. Қара! Қандай жолдар! Елге келдік. Үйлендік. Перзенттері көрдік, сүйдік. Қара! Қандай жолдар! Еңбек еттік. Жеріміздің, еліміздің аман-есен болуы үшін. Экономикасы өсіп, мәдениеті гүлденуі үшін еңбек еттік! Бұл үлкен жолда елмен-ел болдық! Бір болдық! Айтса айтқандай, десе дегендей-ақ емес пе?!

Екеуміздің өткен жолдарымыз екі кітап шығар! Ардагер бауырым! Майдангер досым!», – депті. Ардагер бұл жолдарды тебірене отырып, қайта-қайта оқытады. Ат ауыздығымен сүзішкен, ер-азамат толарсақтан сөз кешкен, мұз жастанып, қар төсенген сұрапыл жылдар санасында жаңғыратын шығар. Ардада өткен алпыс алты жылдағы өмір жолы кинолентадай. Көз алдында елес беретін шығар, кім білсін?!

«Мен Құрманның елге аман оралып, халқы үшін осыншама қызмет еткеніне қуанамын. Мақтанамын. Ел басына күн туған шақта майданға бірге аттанып едік. Кейін жараланып, госпитальда кездестік. Бірақ бір-бірімізден осынша уақыт көз жазып қалдық. Құрман бүгінде 84-те екен. Республикалық дәрежедегі зейнеткер. Осындай досымды қайта тауып, қауышқанымға қуанамын», – дейді Жұматай ағамыз. Осынау ұзақ уақыт ішінде досынан күдер үзбеген Жұматай ақсақалдың достық туралы түсінік-пайымы тым биікте сияқты. Сондықтан да жылдар бойы аузынан тастамайтын Құрман досын тапты. Өтеуін сұрамайтын, шынайы, адал достық үлгісі осындай болатын шығар, сірә! Жұматай ағамыз енді Жоқшы емес.

Жеңіс туы желбіреген күннен бастап ол жоғын көп іздеді. Ол небары жиырма сегізде еді. Қазір тоқсанның төртеуінде. Көңілдегі алаң жылжыған жылдар ішінде бір тыншу бермеді. Өйткені, іздеген жоғы - қандыкөйлек досы... Ақыры іздеген жоғын тапты!

Ермұрат Нұрахметов.

ЖОҚШЫ

Жеңіс туы желбіреген күннен бастап ол жоғын көп іздеді. Ол небары жиырма сегізде еді. Қазір тоқсанның төртеуінде. Көңілдегі алаң жылжыған жылдар ішінде бір тыншу бермеді. Өйткені, іздеген жоғы - қандыкөйлек досы... Ақыры іздеген жоғын тапты!

Жоқшы - Жұматай Құтжанов - Ұлы Отан соғысының ардагері. Польша жерін алғаш азат етушілердің қатарынан. III дәрежелі Богдан Хмельницкий ордені мен көптеген медальдардың, марапаттардың иегері. Ұлы Отан соғысынан кейін қырық жыл бойы шәкірт тәрбиелеген қарт ұстаз. 1943 жылы Семей әскери училищесінде бірге оқыған офицер досы - Құрман Қожахметовпен тілдесуді арман еткелі аттай алпыс алты жыл өтіпті. Өмірінің көп уақыты өткен тұста ардагердің досы табылды...

Ақсақалға заманауи технологияның көмегі тиіп, интернет арқылы досының Алматыда тұратыны анықталды. Соңғы рет көргенде жиырма бестегі жігіт, бұл күнде сексен төрттегі қарияға айналыпты. Ұры уақыт-ай! Өз дегенін қайтсе де алады екен?!

Телефон арқылы тілдескен қос қарияның кездесуіне жер шалғайлығы мен қарттық кедергі етіп отыр. Дегенмен, Жұматай қарттың балалары мен немерелері Құрман Қожахметовке барып амандық-саулық сұрап та қайтты. Біздің ақсақалда сонау 1943 жылы досы өлеңмен тілек жазып берген сарғыш тартқан қойын дәптері бар екен. Көздің қарашығындай сақталған дәптер. Оған қарулас досының албырт шақтағы 19-20 жастағы туған жер, сезім туралы өлеңдері де түсіпті...

Ал Құрман атамыз 1946 жылы елге оралған соң Ұйғыр аудандық прокуратурасының тергеушісі, аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, бөлім бастығы, хатшы сынды қызметтерін атқарыпты. Соғыстан кейінгі халық шаруашылығын көтеруде колхоз председателе колхоз бастығы болған. Ұлы Отан соғысындағы ерлігі мен елге еткен еңбегі үшін «Қызыл Жұлдыз», І дәрежелі «Отан соғысы», «Қызыл Ту», «Халықтар достығы», «Құрмет белгісі» ордендерінің иегері. Бұдан басқа да көптеген медальдармен марапатталған. «Қазақ қызы», «Ұйғыр қызы», «Біз - біз едік - біз едік...», «Қарқара», «Ханкелді», «Тохнияз» сынды кітаптарының авторы. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Ұйғыр ауданының Құрметті азаматы, сотые және еңбек ардагері, республикалық дәрежедегі зейнеткер. Құрман

Қожахметұлы Жұматай ақсақалға соңғы жылдары жарық көрген «Байтерек» өлеңдер жинағын қолтаңбасымен беріп жіберіпті.

Онда:

«Жұматай! Екеуіміздің өткен жолымыз бір шежіре. Әскери оқуда, еңбекте бірге болдық. Оны жазса бір кітап. Беларусь, Украин жерлерін басып өттік, Польша-Германия шекарасына жеттік. Сен қолыңнан, мен аяғымнан жараландым, Харьковте госпитальда тағы қайта табыстық. Сен - Жезқазған, Ақсу-Аюлыдан. Мен-Алатау, Хантәңірі, Албан жотасынан. Қара! Қандай жолдар! Елге келдік. Үйлендік. Перзенттер көрдік, сүйдік. Қара! Қандай жолдар! Еңбек еттік. Жеріміздің, еліміздің аман-есен болуы үшін. Экономикасы өсіп, мәдениеті гүлденуі үшін еңбек еттік! Бұл үлкен жолда елмен-ел болдық! Бір болдық! Айтса айтқандай, десе дегендей-ақ емес пе?!

Екеуіміздің өткен жолдарымыз екі кітап шығар! Ардагер бауырым! Майдангер досым!», - депті.

Ардагер бұл жолдарды тебірене отырып, қайта-қайта оқытады. Ат ауыздығымен су ішкен, ер-азамат толарсақтан саз кешкен, мұз жастанып, қар төсенген сұрапыл жылдар санасында жаңғыратын шығар. Арада өткен алпыс алты

жылдағы өмір жолы кинолентадай. Көз алдында елес беретін шығар, кім білсін?!

«Мен Құрманның елге аман оралып, халқы үшін осыншама қызмет еткеніне қуанамын. Мақтанамын. Ел басына күн туған шақта майданға бірге аттанып едік. Кейін жараланып, госпитальда кездестік. Бірақ бір-бірімізден осынша уақыт көз жазып қалдық. Құрман бүгінде 84-те екен. Республикалық дәрежедегі зейнеткер. Осындай досымды қайта тауып, қауышқанымға қуанамын», - дейді Жұматай атамыз. Осынау ұзақ уақыт ішінде досынан, күдер үзбеген Жұматай ақсақалдың достық туралы түсінік-пайымы тым биікте сияқты. Сондықтан да жылдар бойы аузынан тастамайтын Құрман досын тапты. Өтеуін сұрамайтын, шынайы, адал достың үлгісі осындай болатын шығар, сірә!

Жұматай атамыз енді Жоқшы емес.

Ермұрат НҰРАХМЕТОВ

«Қазақ әдебиеті» газеті, № 49 (3265) 09.12.2011 ж.



Майдангер дос Құрман ҚОЖАХМЕТОВ

Жұматая!
 Өкеміздің өткен жолымыз
 бір шетіре: Әскер оқуда,
 сотыста, еңбекте бір болдық.
 Назар бір кітап:
 Беларусь, Украина жерлерін
 басан өттік, Польша-
 Германия шекарасына
 жеттік. Сен қолыңнан
 мен аялтанан жарапанды.
 Харьковті тосып алды.
 Тата қайта табырды.
 Сен Жазқазан, Шет-
 ақсақал - Ақсақал.
 Мен Алашау, Халықтар
 Аман жолымыз.
 Қара! Қандай жолдар!
 Біле келдік, үйлендік
 Перзенттер көрдік, сүйдік.
 Қара! Қандай жолдар!
 Еңбек еттік!
 Еңбек еттік!

Жертмиз, еліміздің
 аман есен болуы
 үшін, экономикасы
 өсіп, мәдениеті
 күрделі үшін
 еңбек еттік!
 Бұл үйкен жолда
 елмен-ел болдық!
 Бір болдық!
 Айтса айтқанда,
 десе дегендей-ақ!
 емес пе!
 Мына кітаптан
 фотолар, суреттер.
 Қара!
 Өкеміздің өткен
 жолымыз екі кітап
 мыңдар!
 Ардагер бауырым!
 Майдангер досым!
 Алашау
 15 02 2011 - ж.

P.S. Майдангер ақсақалдардың кездесуіне дәнекер болған Алматы технологиялық университетінің кафедра меңгерушісі, профессор, техника ғылымдарының кандидаты Айкен Жұматайқызы Құтжанованың түсіндірмесі:

Әкем майдандас досымен телефон арқылы тілдескеннен соң, мен Алматы қаласында тұрып жатқан Құрман ақсақалға әкемнің сәлемін жеткізуге үйіне бардым. Құрман ақсақал

бәйбішесімен, балалары мені құшақ жайып, дастарқан жасап зор қуанышпен қарсы алды. Ақсақал балаларын отырғызып қойып, дастархан басында өлім мен өмір арпалысқан соғыста қаншама мерт болған азаматтарды еске алудың қандай қиын екенін, өздерінің аман-есен елге оралғандарын қандай бақыт екенін тебірене әңгіме етті. Менің әкем жайлы, әсіресе Харьков госпиталінде қауышқанын жыр ғып айтып берді. Әкем қолынан жараланып түседі де, «япырай, осы госпитальде Қазақ жерінен біреу бар ма екен?» деп сұрастыра бастайды. Біреулер бір қазақ жігітінің аяқтан жаралы болып жатқанын айтады. Әкем сол жерді тауып алып барса, әскери училищені бітіріп, бір-бірімен қимай қоштасқан, іштерінен тірі қалар ма екенбіз деп, соғыстың әр бағытында ұрысқа аттанған Құрман досы. Қандай кездесу десеңізші! Ол туралы сол кезде Құрман досының жазған «Кездесу» өлеңі де әкеміздің сандығында сақталып қалыпты.

Құрман ақсақал: «Жұматайды көргенде қуанышпен бірге өзімнің жарақатым қиын екенін, аяқтан кем болып қалдым-ау деген өкініш өзегімді өрттеп жылап жібердім. Ол маған басу айтып, «госпитальдегі дәрігерлер сені әлі аяққа тұрғызады, жасыма» деп, бір жерден ағаштан таяқ тауып әкеліп, мені жігерлендіріп, госпиталь ішінде қолтықтап жүргізіп жүрді. Қандай азаматтық,

қандай достық, қандай адалдық! Балаларым, заман өзгерсе де адам адамгершілік қасиетін ылғи биікте ұстауы керек» деп әңгімесін түйіндеді. Иә, ғибратты ғұмыр кешкен қарттардың өмір жолы келешек ұрпақ үшін - үлгі өнеге. Құрман ақсақалдың батасын алып, отбасы, балаларымен танысқаныма алғыс білдіріп, мен орнымнан тұрдым. Менің кеудемді әкем үшін үлкен мақтаныш сезімі баурап алды.

(Жүмекең сақтаған сарғыш тартқан қойын дәптерден)

Жұматайға!

Ардақты жолдас,
Асыл дос.
 Сүйікті бауырым Жұматай.
Күліп ойнап,
Гүлдей жайнап.
 Жүрміз біз туғандай.
Есіңе аларсың,
Көзіңді саларсың.
 Бастан өткен өмірге,
Келіп әскерге,
Сен де, мен де.
 Кездестік қой Семейде.
Сонан бері,
Әрбір түрлі
 Өткіздік бастан жайларды,
Қыс пенен жаз,
Көктем мен күз.
 Ыстық, суық айларды.
Қатарға тұрып,
Аяқты ұрып.
 Командамен бір-екі-үш!
Оңға, солға,
Артқа, алға.
 Смирно, стой и ложись!
Екеуміз міне,
Келеміз бірге.
 Үйреніп соғыс өнерін.
Мылтық алып,

Көздеп атып.
Алып ұрыс керегін.
Дайын тұрмыз,
Ойнап жүрміз.
Кәзіргі күнде Тамбовта!
Жақын кезде,
Бітіріп мүлде.
Кетерміз тарап жан-жаққа.
Жұлдыз тағып,
Бұйрық алып.
Барамыз біз Майданға.
Взвод бастап,
Жолын нұсқап.
Салармыз Ура! Айғайға.
Барғаныңда соғысқа,
Кіргеніңде ұрысқа.
Аларсың мені есіңе.
Жаралансаң егер де,
Госпитальға келерде
Аларсың мені есіңе.
Жазылып жарадан,
Қайтсаң, Жұмажан,
Есіңе алғын мені де.
Аман-есен,
Түгел мүшең
Қайтқын елге аман-сау.
Карсы алар,
Ата-аналар,
Қойнын ашып Көкшетау.
Барғаныңда ауылға,
Көріскенде қауымға
Сәлем менен бауырға.

Туған жерге,
Өскен елге.
Қайтқын аман ауылға.
Белгісіз кәзір,
Біздің өмір.
Барлық өмір алда ғой.
Есіңе алғын,
Хатқа салғын.
Досыңа да бөлгін ой.
Тоқта, тоқта!
Адресің ұмытпа:
Казахстан-Алма-Аты облысы.
Подгорное селосы.
Әр уақта
Ойғыр аудан қонысы.
Кімге жазасың,
Есіңе аласың
Қожахмет ұлы Құрманға.
Бір жасар,
Көңіл ажар.
Хатыңды сенің алғанда.
Ардақты досым,
Есіңде болсын.
Өткен күндер, жан досым.
Жолың болсын.
Көңілің толсын.
Тілектес сенің жолдасың

г. Тамбов ТКВПУ
«1» октябрь 1944 г.
Құрман Қожахметов.

Кездесу

Харьков қаласы
Э2 №5972

26 май 1945 жыл
п/я №132. 6-отд.

Қуанышты жүректен.
Бауырлық тілекпен.
Аман есен көрістік.
Құшақ ашып,
Көңіл тасып.
Сәлеммен қол берістік.
Айтшы Жұматай,
Қандай жай.
Қайдан жүрсің жолдасым.
Шырағым Құрман,
Аман ба жан.
Сұрағанда жан досың.
Өмір дөңгелек,
Біздер дөңгелеп
Харьковте келіп көрістік.


Құрман Қожахметов.

КӨЗКӨРГЕНДЕР ЛЕБІЗДЕРІ

***Азаматпен дос бол - қадіріңді біледі,
білімдімен дос бол - сасқанда ақыл береді.***



1939 ж. Ақмола
педагогикалық
училищесінде
оқыған кезі
(Жұмекең ортада)



Мектепте физикадан сабақ беріп тұр



Тамбов әскери училищесінің курсанты
Жұматай Құтжанов



Жұматай мен Шәукей (бірінші қатарда), Мақсұт, Төлеутай, Иген,
Карсембай (екінші қатарда)



Сабак үстінде



Жұмекең оқушылар ортасында.



ын Қалижан Бекхожинмен кездесу сәті



Ел ағасы Жүмекең



1962 ж. Арасан-Қапалда жазушылармен бірге.
Ортада Ғ.Мұстафин мен С.Бегалин



1976 ж. Ыстықкөлде
демалыста



Ағасы Қасқатайдың шаңырағында



Ы. Алтынсарин мектебінің ұжымы



Шет ауданының соғыс ардагерлері



Аудан ардагерлерінің жастармен кездесу сәті



Жеңіс мерекесі салтанатында (Жұмекең ортада)



Кезекті марапаттау сәті (сол жақта Жезқазған облысының әкімі
Қажымұрат Нағманов)



Жүмекең ауылдастары арасында (оң жақтан екінші)



Құдалармен бас қосқанда

БЕРЕКЕЛІ ЖАНҰЯНЫҢ АТАСЫ

*(Жұмекеңнің 80-жылдық мерейтойы
қарсаңында жазылған)*

ЖҰҚАНҰЛЫ Шәукей (1915) XX ғасырдағы атышулы қырғын кәмпеске, алапат ашаршылық, сталиндік жойқын қуғын-сүргін сияқты қанқұйлы оқиғаларды көзімен көріп, баршасын бастан кешірген, кәміл пір қолдап ғасыр жасаған ұстаз-абыз. Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген мектеп мұғалімі, КСРО Халық ағарту ісінің үздігі, Шет ауданының құрметті азаматы. Республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер.

Жақсы адам елдің басшы серкесіндей,

Жұғымды болар елге еркесіндей.

Жақсының жүзі жылы, сөзі пайда,

Халқымның қалың жүнді көрпесіндей, - деп, жыр сүлейі Сүйінбай жырлағандай, бүгінде сексеннің сеңгіріне шығып отырған ауданымыздың қарт ұстазының бірі, Ұлы Отан соғысының ардагері Жұматай Құтжанов жайында өзімнің төмендегідей жылы лебізімді білдіргім келеді.

Жұмекең екеуіміз бірге оқыдық, мектепте бірге жұмыс істедік. Балаларымыз да бір класта бірге оқыды. Баяғыдан көрші тұрамыз.

Ұстаздық еңбектің бейнеті де, зейнеті де мол. Жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беруде, оларды адамгершілікке, имандылыққа, ізеттілікке, кішіпейілділікке тәрбиелеуде ұстаздың алар орны ерекше. Ұстаз дегеніңіз оқушылардың көз алдында бар болмыс-бітімімен, жүріс-тұрысымен, киім киісімен, сөйлеген сөзімен үлгі болуға тиіс. Ол жаңалық атаулының бәрінен хабардар болып, өз білгенін шәкірттер санасына құюға әркез тырысады, аянбай тер төгеді. Міне, ұстаздық еңбектің бейнеті мол дейтініміз осында. Жұмеке ұстаздық өмірінде осының бәрін басынан өткізген.

1937 жылы Қарағанды қаласындағы педагогикалық училище Ақмола қаласына көшірілді. Мектеп үйі бар, жатақхана жоқ. Студенттер пәтер жалдап тұрады. Жұбымыз жазылмайтын біздер - Жұматай, мен, Арыстанов Ахметжан, Шибәев Қалкен төртеуіміз бір қазақ үйін жалдап екі ай тұрдық. Үй иелері қарт адамдар. Балалары әскерге кеткен. Қолдарында Торғын деген жас келіндері бар. Торғын десе Торғын, әдемі әрі сыпайы. Торғынға деген ыстық ықыласымыз ерекше, қалжыңымыз жарасқан еді. Бұл үйде көп тұра алмадық. Бір күні төртеуімізге «Біздің жағдайымыз келетін емес, басқа жерден пәтер тауып алыңдар» деді. Сөйтіп, оқу жылы аяқталғанша басқа пәтерге ауысып тұрдық. Келесі оқу жылында жатақханада бірге жаттық. Бір тілім

нанды бөліп жеп, жастық шақтың қызығын да, шыжығын да басымыздан бірге өткердік. Жұмекең менен бір курс жоғары оқитын. Бикен Бәкірова екеуі бір курста еді. Жұмекең училищенің комсомол комитетінің секретары болды.

1939 жылы Ахметжан мен Қалкен әскерге кетті. Жұмекең семья жағдайымен әскерден қалып, менің көзімнің кем болуына байланысты әскер қатарына алмады. 1940 жылы маусым айының ішінде училищені бітірген Жұмекең туған ауылымызға қайтып оралып, қазақ орта мектебіне мұғалім болып орналасты. Физика, математика пәндерінен 5-ші, 8-ші кластарға сабақ берді. 1940 жылдың 1 қыркүйегінде орта мектеп аталған мектебіміз соғыс уақытында жабылып қалды.

1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталды. Ол кездегі мектеп директорлары Мұса Рақымбеков, Мәулен Рысбеков, Қуаныш Сүлейменовтер майданға аттанды да, Жұмекең мектеп директоры болды. 1943 жылдың ішінде Жұмекең де соғысқа аттанды. Оқ пен оттың ортасында етігімен қан кешіп, ел қорғаған Жұмекең кескілескен шайқаста көрсеткен ерлігі үшін көптеген жауынгерлік медальдармен, «Богдан Хмельницкий» орденімен марапатталды.

Елге оралғаннан кейін қайтадан мектепке орналасып, ұстаздық кәсібін жалғастырды. Мектеп директоры, оқу бөлімінің меңгерушісі болып еңбек

етті. Қырық жыл қатарынан оқу-ағарту саласында жемісті еңбек еткен Жұмекең «Құұұет белгісі» орденімен және «Республиканың озат мұғалімі» төс белгісімен марапатталды.

Жұмекең бақытты ақсақал. Құдай қосқан қосағы Рәшпен екеуі он бала өсіріп, оқытып тәрбиеледі. Бәрінің де жоғары және арнаулы білімдері бар. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырған әке, мәртебелі ата.

Бүгінде сексеннің сеңгіріне келіп отырған Жұмекең әлі де ширақ. Оның себебі Жұмекең 1977 жылы «Жас келсе - іске» деген, ендігі кезек солардікі» деп зейнеткерлікке шықты. Содан бері ат ұстап, саятшылық құрып, таза ауада жүріп, уақытының көпшілігін ат үстінде өткізеді. Қол шалғымен шөп шауып, жыл сайын екі-үш мәшине шөп дайындап алатыны еңбекқор жанның еңбекке деген ынталылығын танытса керек. Жаяу көп жүреді. Ауыл сыртындағы Қаратөбеге күніне екі барып, көрші-қолаңның, өзінің малдарын қайтарып әкеледі.

Құрметті Жұмеке! Сексен жасқа толған торқалы тойыңызбен құттықтай отырып, өзіңізге зор денсаулық, отбасыңызға береке-бірлік тілеймін!

«Заман» газеті, 01.02. 1997 ж.

МАЙДАНГЕР МҰҒАЛІМ

ЖҰМКЕҰЛЫ Боранбай (1940) Шет ауданының Орджоникидзе колхозында дүниеге келген. Ақмола ауыл шаруашылығы институтының түлегі (1964), инженер механик. Ұзақ жылдар бойы өңір экономикасын дамытуда өзінің үлесін қосқан тәжірибесі мол, ауыл шаруашылығы саласында нарықтық қатынастарды енгізуде көп еңбек еткен аудан басшыларының бірі. Бүгінде «Шеткөмек» ЖШС басқармасының төрағасы. Шет ауданының Құрметті азаматы (2001). «Құрмет» орденімен (2003), басқа да медальдармен марапатталған. «Отан» партиясының аудандық филиалының алғашқы төрағасы (1999). Жұматай мұғалімнің оқушысы.

Бүгінде Шет өңірінде екінші Жаһан соғысы солдаттарының қатары сиреп, не бары үшеу-ақ қалды. Солардың бірі - есімі елге мәшһүр 98 жасқа қараған Жұматай ҚҰТЖАНОВ ақсақал. Кейінгіге айтары бары бізді қарсы алғанынан-ақ айқұлақтанды.

- Жағдайымды білуге Жеңіс күнінің алдында

келгендеріңе көп рахмет, - деп, әңгімені ақсақалдың өзі бастады. 1943 жылдың қаңтар айының басында аудан орталығындағы орта мектепте мұғалім едім, мені әскер қатарына шақырды. Бір жылдай Семей қаласында Тамбовтың Қызыл Тулы жаяу әскер училищесінде оқыдым. Училищеде республиканың түкпір-түкпірінен жиылған қазақ жастары ұрыста қолданатын соғыс құралдарының қыр-сырын меңгеріп, тынымсыз дайындалдық. Ондағы қарулас достарым Құсайын Зарипов, Құрман Қожахметов Алматы облысынан, Әбітай Ниязбеков Жезқазған қаласынан, Нұрлан Әбдіқалиев Жамбыл облысынан, тағысын тағы. Біразы соғыста қайтыс болды. Қандыкөйлек досым Құрман Қожахметовпен 66 жылдан кейін 2011 жылы интернет арқылы табыстық. Үлкен қуаныш болды. 1944 жылы қазан айының 11 жұлдызында лейтенант шенінде Беларусь майданында, 175-ші атқыштар дивизиясының 277-ші атқыштар полкі құрамында взвод командирі лауазымында алғаш рет ұрысқа кірдім. Бұл - мен үшін ұмытылмас күн. Ұрыстың алдында бір топ офицер партия қатарына қабылдандық. Ол кезде соғыста жүріп партия

қатарына өту әр жауынгерге, әсіресе, командирлерге үлкен жауапкершілік жүктеп, соғыстың алдыңғы шебінде болып, қандай қиындық болса да, жауды жеңу міндеті тұратын. Жазатайым оққа ұшсақ немесе қолға түссең жау ойланбастан бірінші кезекте партия мүшелерінің көзін жоятынын жақсы білетінбіз. Висла өзенінің бойында үш ай қорғаныста мұз қатқан кезде біздің дивизия неміс басқыншыларына шабуыл жасап, кері қарай ығыстырдық. Жаудың барлаушысын қолға түсіріп, «тіл» әкелгенім үшін мені «Ерлігі үшін» медалімен марапаттады. Взвод командирі ретінде бірнеше Еуропа мемлекеттерін азат етіп, қиян-кескі қанды ұрыстарға қатысып, жаудың тылына ендік. 1945 жылы ақпан айының 10 жұлдызында Шығыс Пруссиядағы шағын Дойч-Кроне қаласының шебін бұзуға бомбылағыш ұшақтар мен ауыр артиллериядан кейін менің взводым бірінші болып қалаға кірдік. Осы ұрыста әрбір үй, ғимарат үшін алапат шайқас үстінде ауыр жараландым. Ұрыстағы взвод жауынгерлерінің көрсеткен ерлігі жоғары бағаланып, мені армия генералының ұсынысы бойынша III дәрежелі Богдан Хмельницкий атындағы орденге ұсынды.

Соғыстың аласапыран осы кезеңінде орденді тапсыру өте қиын болатын және мен Харьков қаласындағы №4475 госпитальда емделіп жатқанмын. Награда туралы арнайы хат елге, әкеме жетіп, менің үйлену тойымда 1946 жылдың маусым айының 23 күні келді. Одан кейін бір жылдан соң тұңғыш балам Есентайдың шілдеханасында орденнің өзі келді, - деп, мұғалім көзіне жас алып, отты жылдар әңгімесін тоқтатқандай болды.

Бұдан кейінгі әңгіме арқауы балалық шақта көрген жайларға, ұрпақтар сабақтастығына ойысты. Иә, менің балалық шағым қалың жұрт бай мен кедей болып бөлініп текетіреске түскен шақта өтті. - деп сабақтады әңгімесін көпті көрген көнекөз қарт. - Онан кейін жарлы-жақыбайдың айы оңынан туып, дәулеттілердің төбесін қашаған кезеңді де көрдік. Сайын даланың сәнін келтірген қазақтың қолындағы қалың малын өкіметке өткізіп, тігерге тұяқ қалдырмаған Голощекин зұлматын да бастан өткізіп, қалың жұттың айдалада ақсүйек болып қырылған қасіретті бейнелері көз алдымда. Одан кейін елім, халқым деп еңіреген ерлердің «Халық жауы» атанып,

ешбір сот-тергеусіз үштіктің оғына ұшқанына, итжеккенге айдалғанына да куә болғанбыз, - деп ақсақал сәл кідірді. Ауданның Құрметті азаматы, Ұлы Отан соғысының ардагері, 40 жылдан астам өмірін жас ұрпақ тәрбиесіне арнаған Жұматай Құтжанов 1917 жылы Спасскіде кен жұмысшысының отбасында дүниеге келіпті. Әкесі 1931 жылы аудан орталығының жанында жаңадан ұйымдасып жатқан «Ақсу» колхозына қоныс аударып, колхозға мүшелікке енеді.

1938 жылы 7 жылдық мектепті Балқашта оқып, ойдағыдай бітіреді. Қарағандыда педучилище ашылып, сонда 3 жылдай оқиды. Кейін училище Ақмолоға көшіп, онда бір жыл оқып, училищені тәмамдайды. 1940 жылдың басында Ақмоланың жанында Сарыарқа ауылдық кеңесінде орналасқан Тайтөбе деген елді мекенге Жұмекеңді 5-7 кластарға математика және физика пәндерінен дәріс беруге мұғалімдікке жібереді. Осы кезеңде 20-дан асқан жас жігіт туған ауылын аңсап, 1940 жылы елге келеді.

Осы оқу орнында жүргенде Ақмоланың Айдашев детен мұғалімі математика, физикадан сабақ береді. «Жақсының жақсылығын айт, нұры

тасысын» дегендей, тап осы жерде менің ұстазым, мектепте жоғарыда көрсетілген пәндерден 5-6-7 сыныптарда бізге сабақ берген мұғалімнің аты-жөні, менің 20 жылдан кейін Ақмоладағы жоғары оқу орнына түсуіме үлкен көмегі болғанын айта кеткенді жөн санаймын.

1959 жылы оқуға түсерде физикадан емтихан алған сол Айдашев: «Шырағым, сен қай жерденсің?» - деп сұрады. Мен Қарағанды облысының Шет ауданынанмын, дедім. «Ә, онда сен Құтжанов Жұматайды білетін шығарсың?.. Ол 1940 жылдары біздің педучилищені бітірген», деді. Иә, білемін, бізге үш жыл математика мен физикадан сабақ берген, дедім. Маған өзінің жылы шырайлылығын танытып және менің жауабымның дұрыс екенін құптап, емтихан парағына 5 деген бағасын қойып бергенін кейін өз мұғаліміме айтып, есімін пайдаланғанымға риясыз ризашылығымды білдіргенмін.

Арнаулы білім алған ұлағатты ұстаз ауылға оралып, Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепте ұзақ жылдар математика, физика пәндерінен дәріс береді. Еңбек ете жүріп Қарағанды мұғалімдер институтын сырттай бітіріп, жоғары білім алады.

Жүктелген міндетті жауапкершілікпен атқаратынын байқаған аудан басшылары Жұмекеңді мектеп директорына, аудандық оқу бөлімінің меңгерушісіне дейін көтереді.

Жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беруде мұғалімнің ел арасында ұстаздық беделі жоғары болды. Бейбіт өмірдегі жемісті педагогикалық еңбегі үшін 1966 жылы мемлекеттік «Құрмет белгісі» орденімен марапатталады. ҚР ағарту ісінің үздігі атанды.

Мұғалімнің күнделігінде: «23 июль, 1946 жыл. Өзімнің көптен күтіп жүрген Шәріпқызы Рәшқа үйлендім. Бұл менің үлкен қуанышым және қызығым. Зайыбым Рәш жоғары білімді, қазақ тілі және әдебиеті пәнінен орта мектепте ұзақ жылдар дәріс берген, асыл ана өмірге 10 сәби - 2 ұл, 8 қыз әкеліп, 1980 жылы құрметті зейнеткерлікке шығып, 2000 жылы дүниеден өтті», - деген жазу бар.

Мұғалімнің отбасында жиырмадан астам немере, жиырма шақты шөбере, төрт неменесі бар. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырған Жұматай ақсқал Ұлы Жеңістің 50 жылдығында ел Президентінің қолынан Тәуелсіз еліміздің тұңғыш

«Ерлігі үшін» медалын алған қарттардың бірі. Бүгінде Шет өңірінде қалған санаулы соғыс ардагерлерінің бірі - аяулы ұстаз, абыз ата, даңқты майдангерге денсаулық тілеп, Жеңістің 70 жылдығын көруге Алла нәсіп етсін!

Кезінде бұл мақала «Майдангер мұғалім» деген атаумен «Орталық Қазақстан» газетінде(07.05.2014 ж.), «Отан үшін от кешкен майдангер» деген тақырыппен «Шет шұғыласы» газетінде (07.05.2014ж.) жарияланған, осы нұсқасында біріктіріліп, сәл редакцияланды.

АТҰСТАР

Төрехан МАЙБАС 1954 жылы Шет ауданында туған. Қ.Сәтбаев атындағы ҚазПТИ-де оқыған, Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың түлегі. Журналист, жазушы, этнограф. ҚР Мәдениет қайраткері. Қабанбай атындағы сыйлықтың лауреаты. Ел, жер тарихына қатысты көптеген тарихи және танымдық мақалалары, бірнеше кітаптың авторы. Мақалалары шет елдерде жарияланған. «Ақадыр таңы» газетінің бас редакторы, Шет аудандық «Заман» газеті редакторының орынбасары болып істеген. Қазір облыстық «Орталық Қазақстан» газеті бас редакторының орынбасары.

Әдетте қазекем атұстар деп ер баланы айтады. Кең мағынасында түсетін үйді айтса керек-ті.

- Бұл ауылдың атұстары қайсысы екен? - деп жатады үлкендер.

- Алдымен атұстарымызды белгілейік, - деп қауқылдасады сапаршылар.

Мұндай үйлер қашанда андағайлап тұрады. Қоңырсыған түтіні үзілмейді. Белдеуден ат кетпейді. Кешінде қара домбыраға кезек тиеді.

Мұндай үйдің құпиясы болмайды. Ондағы айтылған әңгімеден ертеңінде мүтіл ауыл құлағдар болып отырады.

Түстенетін, аттанатын үй әр ауылдан-ақ табылады. Ал атұстар үйге келгенде ойланып-ақ қаласыз. Ондай үй иесі қонағының әлекесін төрге оздырады, күшімін айбесікке бөлейді, ал жалқұйрығын ұрғашы тарақпен күлтелеп қояды. Басына қоржын іле кетуді де ұмытпайды.

Алаң жүрген жерде әңгіме жүрмейді. Соған орай қонақтың бабын тапқанша тыным болмайды. Қыз-келіншектер білектерін үзілдіріп, шыныаяқ жағалатады, үлкендердің жарасымды әңгімесі үзілмесін деп шайды кесенің ернеуіне тигізіп, жалатып құяр еді.

Ақсу-Аюлыда да түстенетін, аттанатын үйлер аз болмаса керек. Атұстар үй де баршылық.

Соның бірі Жұматай Құтжанов ақсақалдың шаңырағы.

Ақсу-Аюлыға жиі сапарлаймын. Бірінде өз шаруаммен барсам, көбіне ағаларға атқосшы болып барам. Сондағы ат басын тірейтін үйлерімнің бірі осы Жұматай ақсақалдың шаңырағы.

Ректор Ақылбаев, хатшы Медиев, академик Рақышев...

Қашан барса да бұл кісілер мүмкіндігінше сол кісіге сәлемдесуге ұмтылады.

Қашан барсақ та нұр жүзінен мейірімі төгіліп тұрады. Оның себебін алыстан іздеп керегі жоқ. Ағамыз өмір көрген жан. Отан үшін от кешкендердің қатарымызда жүрген санаулыларының бірегейі.

Кешегі кеңестік күндеріміз болса бүгінде Жұматай ақсақалды революция құрдасы деп сайрар едік. Жарты ғасырға жуық ғұмырын жас ұрпақ тәрбиесіне арнаған ағамыз 1917 жылы Спасскіде дүниеге келген. Мұнда ағылшын кеніштерінің бірінде жұмыс істегені белгілі.

Қыр қазақтары бала-шағасын осында келіп сақтаған. Өйткені арнайы карточкамен мұнда жүгері наны, өсімдік майы, тіпті тақта шай да берілуші еді. Жылына екі рет дамбалдық, қамбалдық сәтен матасы босатылатын. Бастысы мұнда сауат ашу мүмкіндігі бар еді.

1931 жылы Ақсу колхозы ұйымдасады. Әкесі соған мүшелікке енеді. Өзі жетіжылдық мектепті бітіреді. Ботатірсек бозбаланы колхоздың ауыр

жұмысына да жегуге болатын еді. Алайда баланың оқысам деген тілегіне қарсы тұрар күш жоқ еді. Сол оқысам деген ынта жас Жұматайды Ақмоланың педучилищесінен бір-ақ шығарады.

Елге оралып, аудан басындағы Ы. Алтынсарин атындағы мектепке математика пәнінің мұғалімі болып орналасады. Осында мұғалім болып істейтін белгілі сықақшы Жүсіп Алтайбайдың ықпалында болады. Ол кісі Дияқажы мектебінде оқыған, соңынан Қарқаралының педін тауысқан болатын. Жүсекеңнің ескілікті қисса-дастандарды айтқыштығы Жүмекеңді тәнті етеді. Енді өзі де батырлар жырын іштей ыңылдап айтатын халге келеді. Соларға еліктеп өзін өзі тәрбиелейді.

Осынысы кешегі екінші жаһан соғысынан аман қалуына себеп болады.

Бұрынғылардың батырларындай отқа күймейтін, суға батпайтын болып шынығады. Қанды қырғынға 1944 жылдың қазан айында кіреді. Висла өзенінде кеңірдектен тұрып үш ай бойы қорғайды. Сонан азат ету жорықтары басталады. Еуропаны керзі етікпен көктей өтіп, бірқатар мемлекеттерді азат етеді. Взвод командирі

болады. Рота да басқарады. Екінің бірінің маңдайына жазбаған «Богдан Хмельницкий» орденін кеудесінде жарқыратып, туған елге оралады.

Алған білімін жалғастыруды ұмытпайды. Қарағанды мұғалімдер институтын өндірістен қол үзбей жүріп бітіріп алады. Мектеп директоры да болады, аудандық оқу бөлімін де басқарады.

Алайда ол кісі ел жадында бас әріппен жазылатын Мұғалім ретінде қалды.

Құдай қосқан апамыз Рәш Шәріпқызы да мұғалім болатын. Ол кісінің де бақилық болғанына сегіз жылдың жүзі болыпты.

Осының барлығы кәдімгідей бір адамға жүк.

Ешкінің құйрығының тұштаңдағаны шам емес, қойдың құйрығының тұштаңдағаны шам. Жұматай ақсақал осыны естен шығармайды.

Ол намыстың құлы.

Қойдың омақа асқаны ештеңе емес, ал түйенің сүрінгені көрініп қалады.

Жұматай ақсақалдың өмірлік ұстанымы осы.

Мұндай адамдардың рухы мықты болады. Көшелікке жаратылған адамдар деп осы кісілерді айтады.

Ал атұстарлығы табиғатынан болса керек-ті.

Тоқсан деген белесіне ол кісіні осы
атұстарлығы алып шығып отыр.

21.07.2008.

Қарағанды.

Төрехан Майбастың «Портреттер»
атты очерктер кітабынан алынды.
Алматы, «Нұр-Принт-75», 2013 ж.

ӘКЕЛЕРІМІЗ - ЖЕҢІС ЖАУЫНГЕРЛЕРІ

Бұл күнге жеткендер де бар, жетпегендер де бар. Бәрі - бір Алланың жазуы. «Өткенге салауат, қалғанға берекет» дейді мұндайда, әлбетте.

Тірі адам тірлігін жасайды, жеңісті күнді аңсайды. Біз үшін сондай жеңісті күндердің бірегейі - 9 мамыр. Соған орай бүкіл адамзат тарихындағы теңдесі жоқ Ұлы Жеңістің кезекті мерейтойын жыл сайын елмен бірге атап өтеміз.

Өткенінді білмеу өрге бастырмайды. Біздің буын - жаңа ғасырда өмір сүріп жатқанымен, XX ғасырдың көзі тірі куәлері. Соғыстан кейін дүниеге келген ұрпақ екі ғасырдың екі жарты бөлігін жалғастырып тұрған дәнекердей, рухани көпірдей көрінеді маған. Өткен ғасырдың денін еңсерген майдангер әкелеріміздің алдында отырып, талай әңгімелерін естіп өстік. Соғыстың қиямет-қайым жолдары түстеріне кіріп, неше сандырақтағанын естідік. Олардың жан жарасы мен тән жарасынан қиналған сәттерін көріп өстік.

Әр жыл сайын дүбірлетіп атап өтетін Ұлы Жеңіс күні мерекесі алдында, егеменді еліміздің төл мейрамдарының бірі - Отан қорғаушылар күні зердемізді оятып, жадымызды жаңғыртады.

Қашанда халықтың қаһармандығын, ерлігі мен батырлығын паш етіп отыру, ерлер есімін есте сақтап, рухына тағзым ету өскелең жас ұрпақ бойында ұлтжандылық пен отансүйгіштік рухты қалыптастырады. Отан үшін от кешіп, халық үшін қан төгіп, қиын да ауыр хал кешіп, гүлдәуренін, жырдәуренін сарп етіп, азаттық үшін арпалыса білудің үлгілерін көрсеткен сан мыңдаған майдангерлер сапында біздің ардақты әкелеріміз де болған. Солардың бірі - әңгімемізге арқау болып отырған көпті көрген көнекөз, дәуір жасына жетіп отырған Жұматай ақсақал.

Иә, бұл соғысқа әр отбасының қатысы бар екендігін, Ұлы Жеңіске қол жеткізуде әр отбасының үлесі бар екендігін қаламгер қауымы бір кісідей жазып келеді. Мұхиттың арғы жағындағылар үшін бұл «Белгісіз соғыс» болса, біз үшін зердемізде кестеленген, жадымызда өшпестей болып жазылған сұрапыл соғыс. Сондықтан Еуразияны дүрліктірген қиян-кескі соғыста қол жеткізген Ұлы Жеңіс ешқашан ұмытылмақ емес.

Бір, әттеген-айы, біз солай десек те, жетпіс жылғы бейқам тіршіліктің салдары шығар, кейінгі жастар арасынан «Соғыс болды ма?» деп кекесінмен сұрайтын пысықайлар шыға бастапты. Оған қатты айтқым да келеді, әлеуметтік желіде фейсбук арқылы жайлап айтып та жүрмін.

Сондықтан жауап былай болды: сұрапыл

соғысқа 1 миллион 196 164 қазақстандық қатысты! Енді бір сойқан «Менің соғысым ба?» деп мұрнын шиырады. Қалайда, «Ұлы Отан» деген тіркеске тіреліп қалғандар көп осы күні. Демек, олардың пайымдауынша, «Қазақстан емес соғысқан, КСРО!» дегенге саяды пасық ойлары. Не дейміз, онда құқықтық негізде жауап берейік. Қазақстан 1941-45 жылдары өз алдына халықаралық қатынастардың субъектісі болған жоқ, былайша айтқанда, әлемдік қауымдастық үшін жеке дара, дербес Қазақстан деген мемлекет болған жоқ. Ал КСРО болды. Бұдан шығатын қорытынды: сол жылдары өмір сүріп, қан мен тер төккен сенің бабаларыңның Отаны - КСРО. Жетпіс жылдық тарихты қанша балталасаң да, тарих бетінен сызып тастай алмайсың.

Жалпы айтарымыз, Ұлы Отан соғысындағы төгілген қан - сенің және менің, екеуіміз бен оның, олар мен бұлардың интеллектуалдық ой-толғауларынан тыс адал. Бабаларымыз өз заманы үшін жауап берді. «Соғыс кезінде бұтаның артына тығылып тұрып бұтына жіберген ең қорқақ жауынгер - әлеуметтік желіге жылы жерден жазып отырған сенен мың есе артық», - дейміз.

Байқап қарасаңыз, жер бетінде бір де бір халықтың фольклорынан «Бабам қорқақ еді» дегенді не ертегіден, не дастаннан таппайсыз. Тау-тасты кезіп, Отансыз босып жүрген халықтардың

ауыз әдебиетінен де «Бәленбай деген батырымыз көзін адырайтып, мұртын едірейткенде - жаулары жүрек талмасынан сұлап түсетін» деген аңызды естігендеріңіз анық. «Оның қасында тап кеше болған соғыста ажалмен бетпе-бет келген өз атаңды жоққа шығару - қастық болар, қиянат болар, шырақ», дейміз тағы да.

Ендігі бір гәп, Ресейдің киноөндірісі соңғы жылдары Ұлы Отан соғысы хақындағы қай киносын алып қарасаңыз да Жеңіске тек орыс жауынгерлерінің арқасында қол жеткен секілді етіп көрсетеді. Басқа ұлттың өкілдері не кинода, не көркем шығармада көрінбейді. Осыдан мынадай заңды сауалдар туындайды. Бұл қалай? Кемедегінің жаны бір емес пе еді. Үстем ұлттың өкілдері көркем туындыда алабөтен ерекше көрінеді де, өзге ұлыстардың ұландары неге ұмыт қала береді? Біз осы секілді қараулыққа да қарсы тұра алуымыз керек. Күні кеше қанмен жазылған тарихты, өмір шындығын бұрмалауға болмайды. Ондай бейбастықты ортақ Отан үшін қыршынынан қиылып, өмірлерін сарп еткен, майдан даласында мәңгілікке көз жұмған боздақтардың рухы кешірмейді. Инш Алла, біздің тәуелсіз мемлекетімізде, егемен елімізде тарихқа қиянат жасамау жағы мықтап ескерілген, елдік пен ерлік дәстүрі тиісінше дәріптеліп, аталарымыз бен әкелеріміздің, ағаларымыз бен апаларымыздың

қаһармандық рухтарына тағзым етуге мемлекеттік тұрғыда үлкен мән берілген.

Аталмыш мерекенің негізгі мақсаты - екінші дүниежүзілік соғыстағы халықтың өшпес ерлігіне құрмет көрсету. Адамзат тарихындағы ең сұрапыл соғыстың жеңіспен аяқталуын ұрпақтар жадында қастерлеп сақтау. Халықтың теңдессіз ерлігі мен жанқиярлығын насихаттау, фашизмге қарсы күрес жолындағы Ұлы Жеңістегі қазақстандықтардың қосқан теңдессіз үлесін ашып көрсету.

Жеңіс - бүгінгі ұрпаққа миллиондаған ерлердің қанымен келген ерекше күн. Жеңісті жақындату жолында біреулер өмірін құрбан етті, біреулер денсаулығынан айырылды, біреулердің тағдыры тас-талқан болды. Көптеген ерлердің ерлігі лайықты бағасын алмағаны былай тұрсын, қабір бұйырмай, ескерткіш тақтаның бетіне есімдері жазылмай атаусыз қалған сайыпқырандар қаншама! Олар да кеше қанды майданға елді, жерді қорғаймыз деп аттанбап па еді?!..

Жеңіс дегенде көбінесе елдің есіне Кеңес Одағы Батырлары түседі. Десек те, батырлық кеудеге тағатын белгімен ғана өлшенбесі хақ. Майданның қанды жолымен өткен сарбаздардың әрқайсысын алсақ та батыр атына лайық.

Енді назарларыңызға абыз ақсақал, соғыс және еңбек ардагері, Шет ауданының Құрметті азаматы Жұматай Құтжановқа арналған

«Жайратқан жауын жас қазақ» деген өлеңімді және Ұрыс даласынан қайтып келіп, бүгінде қатарлары сиреп қалса да, ұрпақтарының қызығын көріп жүрген ардақты ардагерлердің, яки көзі тірі майдангерлердің құрметіне арналған «Теңдессіз Ұлы Жеңіс бұл» деген толғауымды ұсынамын.

ЖАЙРАТҚАН ЖАУЫН ЖАС ҚАЗАҚ

*Даңқты майдангер, ұлағатты ұстаз
Жұматай Құтжановқа үлкен ізетпен*

Жолға шықты ауылдан,
ата-анадан, бауырдан
ұзап шықты алысқа.
Ықпай жауын, дауылдан
шеру тартты Батысқа.

Қияметті жол кешіп,
михнатты мол кешіп,
Бостандыққа бас тігіп,
өзен кешіп, көл кешіп,
жетті сарбаз жат елге...
Халық үшін қан кешіп,
тайғақ кешіп, қар кешіп,
тілерсектен су кешіп,

толарсақтан саз кешіп,
жетті сарбаз Одерге...

Отан үшін от кешіп,
сұр шинелін оқ тесіп,
қатты шаршап, шалдығып,
өшіп әбден өкпесі,
жетті сарбаз Берлинге...

Құрбан болды сан құрдас,
дидарғайып жан сырлас.
Қиып асыл Өмірін,
шәһит болды қыршын жас.
Көбі кетті хабарсыз,
енді қайдан табарсыз?!
Өткен күннен қатыгез
жүрегінде қалар сыз.

Болса дағы қатыбас,
жасымады алғыр жас.
Гүлдәуренін сарп етіп,
сапта қалған тағдырлас
Өрге шықты жас қазақ,
жау құлады еңіске.
Күл-талқан боп Рейхстаг,
жетті сарбаз Жеңіске!

ТЕҢДЕССІЗ ҰЛЫ ЖЕҢІС БҰЛ

*Ардақты ардагерлер - көзі тірі
майдангерлер құрметіне*

Тынышы кетіп түндерде,
Қинайды соғыс жарасы.
Сонау бір алыс күндерге
Оралар жиі ағасы.
Жетелеп барар естелік,
Ескертіп кейде сырқат та.
Тұрады майдан сес төгіп,
Қалса да сонау жырақта.

Отан деп кеше от кешіп,
Халқым деп кеше қан төгіп,
Жауыңнан алдың ел өшін,
Тұрса да ажал сан төніп.
Сүрінбей өтіп сынақтан,
Тажалды жеңіп ерледің.
Бейбіт күн үшін түн қатқан,
Қымбатты ардагерлерім!

Жеңіске, міне - 71 жыл!
Шашайын жырдан шашуды.

Еңсерді халқым намысшыл,
Қанша бел, қанша асуды.
Қалса да сиреп қатарың,
Шықпаған саптан ерен ер.
Мерейтой күні бата алып,
Құттықтар балаң, немерең.

Сарп етіп жастық дәуренін,
Әперген ел тыныштығын.
Осынау күнге сау желіп
Жеткенге қуаныштымын.
Өткенге дейсің салауат,
Бүгінге тұрсың тәуба деп.
Ертеңге айтып аманат,
Жүре бер аман Алла деп.

Қалалар риза сендерге,
Алаңды барша гүл етіп.
Құрлықтар риза, елдер де,
Думанды тойды гулетіп.
Жұмыр жер - ортақ шаңырақ,
Халықтар - соның уығы.
Қалмасын сол үй қаңырап,
Шайқалмасын тұнығы!

Көрсетер құрмет тік тұрып,
Қарыздар жарық дүние.
Фашизмді тізе бүктіріп,

Әлемге болдың шын ие.
Өрен боп өжет өрлетіп,
Ер ұлы болдың Отанның.
Төріне тарих төрлетіп,
Азаткер сарбаз атандың!

Соғыстың соңғы күркірі,
Адамзат, саған - ақтық іс.
Төгіліп тұрсын күн нұры,
Болмасын мұндай қақтығыс.
Өтсе де бұрын сан соғыс,
Болмаған мұндай сұрапыл.
Теңеспес ешбір қантөгіс -
Қиямет-қайым сірә бұл?!

Жар болып өзі Жаратқан,
Тамұқтан өткен тағдырлар.
Ғаламды келген апаттан
Нақ сендер сақтап қалдыңдар.
Шаттыққа бөлер жер үстін,
Болмаған мұндай керемет.
Теңдессіз Ұлы Жеңіс бұл
Қайталанбас екі рет!

Сәбит БЕКСЕЙІТОВ,
ақын, Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі, ТҮРКСОЙ-дың
«Ұлы Түрік қыраны» медалінің иегері.

ОТБАСЫНЫҢ АЛТЫН ДІҢГЕГІ



Рәш Шәріпқызы

СӘУЛЕЛІ СӘТТЕР, МЕРЕЙЛІ МЕЗЕТТЕР

Жұмекең соғыстан аман-есен оралып, өзінің еңбек жолын бастаған мектебінде жүрген кезінен бері жұмыста не болмаса үйде оңаша қалған бір шақтарда қолына қалам алып, ақ қағазға өзін толғантқан ойларын, жан сырын, жүрекжарды сөздерін түсіру машыққа айналды. Міне, сондай бір сәтте ол кеудесін кернеген қуанышын жасыра алмай күнделік беттеріне мына бір шаттыққа толы шуақты жолдарды түсірген еді:

«23 июль, 1946 жыл»

«Жар сүю, екеу болу азаматқа тіршіліктегі қызық өмірдің бірі ғой. Мен көптен арман еткенім өзіме тең, өмірді шын бағалайтын бір жар еді. Міне, осы арман-тілек бүгін іске асып отыр. Яғни 1946 жылғы 23 июль күні өзі - менің көптен күтіп жүрген Шәріпқызы Рәшқа үйлендім. Сағат кешкі 7-де Қарағандыдан шыққан машина ұшқан құстай алып ұшып Нұраның оң жағасына жеткізді. Машина үстінде мен және Рәш, оның шешесі және бір топ адамдар бар. Екінші жағадағы үйге қарасаң, бізді күтуге жиналған топ-топ қыз-келіншек, асыр салып ойнаған бала. Олар бізді

көрісімен-ақ бәйгеге қосқан жүйріктердей бізді қарсы алуға жүгірді. Біреулері жамырап күле келіп қапсырып, енді біреулері «Қош келдіңдер!» деп құттықтап қарсы алуда. Біз келдік. Шашулар жаңбырша жауып жатыр.

Бұның өзі мен және Рәш үшін, туыстар мен достар үшін бір қызықты кезең болып есептеледі. Жиылған жастар, думандатқан ойын-сауық, айтылған ән мен тартылған күй. Үлкен тойға ризашылықпен келіп, жақсы лебізін айтып, батасын беріп кетіп жатқан жұрт. Өмірдің қызығы деген осы!».

ШӘРІПОВА Рәш (1927-2000) Шет ауданының тумасы. Қарағанды мұғалімдер институтын бітірген (1945ж.) Ақбауыр мектебінде (1945-1946), аудан орталығындағы Ы.Алтынсарин атындағы мектепте (1946-1977) мұғалім болып еңбек еткен. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің 1965 жылғы 26 шілдесіндегі Жарлығымен І дәрежелі «Ана даңқы» орденімен (№224367) марапатталған. КСРО Жоғарғы кеңесінің 1967 жылғы 19 маусымдағы Жарлығымен «Ардақты ана» атағына ие болған. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтан 1993 жылғы 31 наурызда №Ш-4300 арнайы алғыс хат алды.

23-июль 1946-м.г.
Мар еуро, екеу бодур азаматтар.
"Тарихи-мәдени кызык, диниятты дүңгөтүп,
мекен коңмасы арманы сүйкөчүмүз. Ошуну
мекен, диниятты мекен даражасын
дүңгөтүп, мар едиги. мекен дери арманы
түпкүл дүңгөтүп мекен азаматтар.
23-июль 1946-м. Күндүз Өзгө-
мөңгө Көптөгөн Күндүз-мүрдөгөн
Мария Кызы Ташкент уулу, мекен.
Сарай Көптөгөн 7-ге Карамаканды
мекенге мекенге үйүмүз Күндүз
Азамат үйүмүз Түрдөгөн Өзгөмөңгө
мекенге. Мекенге үйүмүз мекен
мекен Ташкент, Ошуну мекенге дүңгөтүп.
мекен дүңгөтүп-адамдар. Бүгүнкү
мекенге үйүмүз Карамак. Бүгүнкү
Күндүз мекенге мекен-мекен
мекенге мекенге мекен-мекен. Бүгүнкү
дүңгөтүп. Ошуну дүңгөтүп Көптөгөн-мекен
дүңгөтүп Көптөгөн мекенге дүңгөтүп
Көптөгөн Ошуну мекенге. Бүгүнкү
Күндүз дүңгөтүп Көптөгөн мекенге дүңгөтүп
Көптөгөн Ошуну. Өзгөмөңгө, мекен-
мар мекенге мекенге мекенге.

ЖАҚСЫ ҰСТАЗДЫҢ ЖАНЫ ЖАЙСАҢ ЕДІ-АУ.....

Өнегелі әулеттен шыққан Рәш Шәріпқызы - Шет ауданының тумасы. Апай мектеп бітіре сала Қарағандыны бетке алып, сол кездегі іргелі оқу орындарының бірі Қарағанды Мұғалімдер институтының қазақ тілі мен әдебиеті факультетіне сынақтан қамшы салдырмай «өте жақсы» бағамен қабылданады. Оқу бітірген соң Шет ауданы Ақбауыр мектебіне ұстаз болып оралады. Өрімдей, ашаң жүзді, қызыл шырайлы, қолаң шашы тілерсегіне соққан талдырмаш сұлу апайымыз тек көркімен емес, біліктілігімен де ел назарында болады. Соғыс біткеніне біраз жыл болған мамандар қат осынау қиын заманда Рәш апайымыз талай шәкірттің тұсауын кесіп, білім нәрін егіп жүрген кезі.

Сарыарқаның бір пұшпағында ерте ержеткен Құтжанұлы Жұматай майданға аттанып, Отан-анамызды жаудан қорғап, оқ пен оттың ортасында сонау алып Еуропаның Днепр мен Одер өзенінен өтіп, ерлігімен елге оралады. Кеудесінде ерлігін паш ететін орден, медальдарымен, марапаттарымен ел аузындағы азамат атанады. Бір шаңырақтың

Алладан тілеп көрген жалғызы, соғыс алдында мектепте математика пәнінен сабақ берген ұстазы еді. Жалғызы аман оралған ата-ананың ендігі арманы оны аяқтандырып, немере сүю, ұрпақ өрбіту еді. «Ел мақтаған қызды жігіт жақтар» дегендей, майдангер, сұлу да сырбаз азамат Рәш апамызды өмірлік серік етеді. Есімде, ағамыздың апайға қалай сөз салғанын сұраған өкшелес Жібек, Бағаш, Нұрлығайым, Күлбибі, Райза апайлар мен Мақсұт, Иген, Кәрсембай, Ерғали ағайларға «мен Рәш апаларыңның инабаттылығын, білімділігін, адамгершілігін бағаладым. Әрі өзім көп қиын - жолды өтіп келдім ғой, енді Алла сендерге соғыс алапатын көрсетпесін. Рәш апаларың менен он жастай кіші, заманды күнде ауырып, сырқап қалсам қарайтын сол болады деген мақсатпен сөз салып шаңырақ көтердік. Тәубе, ата-анамды сыйлады, анамды туған қызындай мәпеледі, ұлағатты ұстанымын көрсете білді. Шаңырағымды көркейтіп, ұрпағымды өрбітіп отыр» - дегенінен ағамыздағы кісі танитын көрегендікті көрдім. Аға мен Рәш апайдың бойынан осындай кісілікті байқадым. Кісілік деген адами ұғым тек ұлы адамдарға тән мінез. Ел басқарған әлем деңгейіндегі Хо Ши Мин, Индира Ганди жөнінде оқығаным бар еді. Мен сол кісілікті осы екі ұстаздың бойынан көріп, өзіме өмір бойы үлгі еттім.

Мен 1966 жылы Қарағанды педогогикалық институтының филология факультетін бітіріп, жолдамамен Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебіне келдім. Мектеп директоры И.Мақажанов марқұм жас маман мені мінезі жұмсақ, кішіпейіл, кіммен болса да ортақ тіл табатын, жасы әлі қырыққа келе қоймаған, ылғи жүзінен мейірім төгіліп тұратын тәлімгер Рәш апайға тапсырды. Апайым календарлық жоспар, сабақ жоспарын қалай жасауды үйретті. Үйінде он баласы, өзімен қызметтес ұстаз жолдасы бола тұра жұмасына 3-4 сабағыма қатысып, көп тәжірибе жинауыма көмек берген-ді. Содан келесі жылдары мектепке жас мұғалімдер келе бастады. Апайдың озат тәжірибесі жас мұғалімдерге көп септігін тигізді. Халықтық педагогика түрлерін сабақта жүйелі қолданып, шәкірттерге жан-жақты білім, тәрбие берейік дейтін үнемі. Ол кезде жас маманға үй де жоқ. Апайым: - Қызым, қиналып жүрсең үйде өзің сияқты қыздарым бар, солармен бірге тұрсаң қайтеді, - деп, тағы да менің қамымды ойлағаны есіме түссе, анамдай қамқоршым болғаны қандай кісілік десейші! Міне, апай бойындағы кеңдік, адамгершілік дегенің осы емес пе! Ол кісі өсек-аяңға жоқ еді. Кемшілікті теріп, біреуге жеткізу оның бойына бітпеген қасиет. Киім киісі, жүріс-тұрысы, әдептілігі, сыпайылығы қандай! Біз жас болдық, жасыратыны жоқ, кейде оқушыға қатты

кететін кезіміз болатын. Ол кезде, Қабатов тілімен айтқанда, шәкірт бізден именетін. Қазір ұстазға шәкірттері «мамама айтам» деп, сес көрсетеді. Сонда апайымыз бізді этикадан шығып кетпеуімізді ескертіп отыратын. Бұл да тәрбиенің бір түрі еді. Осыны көрген біздер, жас ұстаздар апайымызды туғанымыздай сыйлайтын едік. Апайдың жан ұясындағы үлгі өнегесінің өзі неге тұрады. Жұматай ағаның өзі кеудесі толған алтын сандық қой. Бүкіл шежірені, ел басынан өткен тарихты, ақын-жазушылардың шығармаларын үзілісте айтып отыратын еді. Жақ біткеннің көсемі, тіл біткеннің шешені кім деп іздесең ағаны тап. Тәрбиелеген он баласы жоғары білім алған, Есентайы Қарағайлы, Саран елді мекендерде ел басқарды. Шолпаны жоғары санатты «ҚР білім беру ісінің үздігі» атанған ұстаз, Айкені техника ғылымының кандидаты, профессор, Құндызы мен Айжаны ірі мекемелерде жауапты қызметкерлер, Күлпаны мен Кенжегүлі - ақ халатты абзал жандар, Әлия мен Серік - мал дәрігерлері, Әсиясы Қарағандыдағы «Геоланалит» орталығында инженер. «Тай баласы өзгеден тастың тілін сұрамайды» дегендей, ұлағатты ұстаздар ұрпақтарынан тараған немере-шөберелері түрлі мамандық иелері, бас мамандар. Он баладан өрбіген немере, шөберелерінің өзі қазір семья құрып, бір-бір жан ұя. Ел болдық, етек жинап

еліміздің мерейі өсіп, тәуелсіз мемлекет болдық. Өмірге он бала әкеліп, қаншама шәкірттің сауатын ашып, өмір баспалдағына шығарған Рәш апамыздың еңбегі тәуелсіздіктің арқасында еленді. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтан арнайы «Алғыс хат» Ақордадан келді. Бұл марапат ұзақ жылғы еңбегінің жемісі еді.

Дегенмен, жетпіс жастан жаңа асқанда асыл анамдай болған ұстазымды тағдыр шіркін қоя ма, алды-артына қаратпай алып кетті. Рәш апа, өзіңді өмір бойы өзіме үлгі-өнеге тұттым. Соның арқасында «ҚР білім беру ісінің озық ұстазы», «Аға мұғалім», жоғары санатты ұстаз болып зейнеткерлікке шықтым. Талай шәкіртті қанаттандырдым. Сіз үйреткен білімді дәлелдей алдым. Алдымнан небір ғылым иелері, ел басқарған шәкірттер шықты. Соның алғаш сара жолын ашып берген сізге, аруағыңызға мәңгілік бас иіп өтемін. Ақын тілімен айтқанда:

Адам жылап туады,
Жылап өледі, өзгені де жылатып.
Жылайтыны -
өмірде жақсылар бар қимайтын...

Сол жақсылардың бірі де бірегейі де сізсіз, аяулы ұстазым. Бәйге төбенің басында күмбез мазарыңызға қарап, Алладан «жұмақтың төрінде жүрген апайыма иман бер» деп қол жайып, дұға

етемін. Қимай қарап та өтемін. Жүздің төріне шыққан ағаның қарайып отырғанына тәубе етемін. Артыңызға өшпес із қалдырдыңыз, соған тәубе деймін.

**Манап Қарашолаққызы АБДРАХМАН,
«ҚР білім беру ісінің озық ұстазы»,
«Аға мұғалім», зейнеткер**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ

ПРЕЗИДЕНТІ



ПРЕЗИДЕНТ

РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

1993 жылғы 31 наурыз

№ III-4300

№ _____ данасы

от _____ 199__ года

№ _____

экз. № _____

Жезқазған облысы
Шет ауданы
Ақсу-Аюлы селосы
Рәш ШӘРІПОВАҒА

Құрметті Рәш Шәріпова!

Ел басшысы ретінде менің атыма республикамыздың түкпір-түкпірінен, бұрынғы Одақтың әр қиырынан күніне жүздеген хаттар түсіп жатады.

Әйткенмен, аналық пәк көңілмен, үлкен ризашылық сезіммен жазылған Сіздің хатыңыздың орны бөлек. Мұндай аналық алғыстан ел де, ер де марқаяды екен. Екі жүзден аса көп балалы аналар атынан жазылған осынау хатыңызды тебірене оқи отырып, республика үкіметінің, Президент ретінде тікелей өзімнің атымнан болашақта Қазақстанда тұратын көп балалы жанұяларына, Ардақты аналарға қамқорлықтың алдағы уақытта да үнемі жасала беретініне Сізді сендіргім келеді.

Деніңіз сау болсын, от басыңыз аман болсын, балаларыңыздың қызығын көріңіз!

Құрметпен,

Нұрсұлтан Назарбаев

МЕНІҢ АНАМ

Жол түсіп ауылға, туған үйіңе келгенде, қай жасқа келсеңде алдыңнан жымыып қана қарсы алатын анаңды әр кез аңсайсың, сағынасың. Анаңның әр сөзі, әр қимылы, әр қарағаны - бәрі қымбат, бәрі ыстық, бәрі керемет біз үшін.

Менің анам... ондай асыл адамды мен кездестірген жоқпын, ұқсас адамдар бар әрине, бірақ ондай адам біреу ғана!

Қандай шыдамды, қандай төзімді, қандай мейірімді жан едің сен!

Біз анамызды тәте дейтінбіз. Өз заманындағы аналардай бізді, он баланы, дүниеге әкеліп, өсірді.

Мектептегі ұстаздық жұмысы ол бір, үйдегі бітпейтін күйбең тірлік. Тәтем бізді отырғызып ақылын айтуға уақыты да болмайтын, көп сөйлемейтін де еді, бірақ біз, әсіресе қыздары, тәтемнің жай ғана дастарқан басында, әкеміз өз жұмыстарымен жүрген уақытта айтқан ескертулерін санамызда сақтап өстік.

- Әкелеріңді ренжітпеңдер, қарсы келмеңдер;
- Ер адамға күліп қарамаңдар;
- Ер адамның жолын кеспеңдер, мейлі ол сендерден жасы кіші болса да;

- Қатты күлмендер, - деуші еді.

Бізге бір ескертудің өзін қандай жылылықпен айтушы еді, ренжіген сәтте үндемей ғана жүретін. Арамызда біреуіміз тәтемді ренжітсе қалғанымыз соған өкпелеп жүруші едік, тәтемді ренжіткені үшін. Қаладан келгенде киіп келген киіміміз бойымызға жарасып тұрса балаша қуанып қарсы алатын, ұнай қоймаса жүзінен ақ байқап қалушы едік.

Өткен күндерді ой елегізінен өткізсең тәтемнің бір дауыс көтеріп қатты сөйлегені тіпті болмаған екен ғой. Өз бауырларын да қанатының астына алып, олардың орта білім алуына қамқорлығын аямай, әкемізбен ортақ шешім қабылдап, туған мен бауырдың арасында алтын көпір бола білді де.

Біз үшін, балаларының азамат болуы үшін өлшеусіз еңбек еткен менің ата-анам!

Тәте! Сен айтып кеткендей біз әкемізді ренжіткен сәттеріміз болмаған сияқты. Қыздарыңды ұзатып тұрып: «барған босағаларыңда бәріне көніп, шыдап, бақытты болыңдар, жолы жіңішке балапандарым»- деуші едің. Сенен басқа біз үшін аяулы адам жоқ екенін мойындап, сен көрсеткен ізбен келе жатырмыз. Әрине, біздің бәріміз дәл өзіңдей бола алмасақ та, сен - біздің бет түзейтін құбыламыз, бағдар шамымыз да, жол серігімізсің де. «Жақсы

жүріндер, сендердің еңселерің түспесін» - деп қана жүруші ең, от басыңнан ештеңені артық көрмей, бәз біреулер сияқты алыстағы балаларыңа «барып, қонақ болып жатып келейін» деп те ойламаушы да едің. Енді міне басымыз біріккенде Есентай, Айкен, Әсия, Кенжегүл, Айжанның ұстамдылығы мен шыдамдылығын саған ұқсатып, Шолпан мен Күлпәннің жасаған дәмдерінен сенің ізіңді көріп, Серік пен Әлиядан ұқсастық іздеп мәз боламыз. Есентай мен Серігіңді жарық шамыңдай көріп, қыздарыңның сырласы болған, тәтем!

Құндыз Жұматайқызы ҚҰТЖАНОВА

ШАРАПАТ ҚАЙНАРЫ

Ата-ана - отбасының негізгі діңгегі, бастапқы дәнекері. Дәстүрлі қазақ отбасында ата-ананың қадірі ерекше әспеттелген.

Әсіресе, тіршіліктің қайнар көзі, махаббаттың шуақ күні, мейірімнің кәусәр бұлағы - Ана есіміне қатыссыз дүниеде қасиетті ештеңе жоқ. Сондықтан ананы ардақтамайтын халық та жоқ.

Ана баланы тоғыз ай көтеріп, толғатып, дүниеге келтіріп қана қоймайды.

Бала, бала, бала деп,

Түнде шошып оянған.

Түн ұйқысын төрт бөліп,

Мұзды бесік таянған, - да ана, көзінің қарашығындай қорғап, аялап өсіріп, аяғынан тік тұрғызатын да ана. Халықтың халықтығының басты нышаны - туған елінің тілін үйретіп, сазына қандыратын да ана. Сондықтан әрбір ұлттың рухани өзегі, қан тамыры болып табылатын тілі - Ана тілі деп аталады.

Ордалы отбасының алтын діңгегіне айнала білген асыл жар, ұлағатты ұстаз, ардақты анамыз Рәш Шәріпқызының фәниден бақиға озғанына биылғы қазан айының 7-сі күні 16 жыл толды.

Аудан орталығындағы Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектепте 40 жыл еңбек етіп, алдынан мыңдаған шәкірт өрбітті. Оларды өз балаларындай көріп тәлім-тәрбие берді.

Жұмысбастылығына қарамастан өз ошағына да уақыт тауып отырды. Бүкіл саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған асыл анамыздың он бала тәрбиелеп өсіріп, Елбасымыздан арнайы хат алғаны біздер үшін зор мақтаныш. Ақ сүтімен бойымызға сіңірген адамгершілік асыл қасиеттері үшін де анамыздың алдында мәңгілік қарыздармыз.

Біздер он ағайындымыз, адаспай өз орнымызды таба білдік. Анамыз бізге бәрін беріп кетті. Ең бастысы, шарапат қайнарындай болған қайран шешеміз біздерге жүрек жылуын берген болатын. Бәріміз де ержеттік, өстік, қанаттандық. Әрқайсымыз өз түтінімізді түтеттік. Десек те, анамыздың ортамызда жоқтығы қашанда білініп тұрады екен.

Анамыз барынша намысшыл еді. Сол ізгі қасиетті біздің де бойымызға сіңіріп кетті. Сондықтан қай-қайсымыз да «Анама тартып туғанмын» деп риясыз айта аламыз. Сол себепті біздер қайда жүрсек те анамыздың атына кір келтірмейміз.

Әрдайым қасиетті ораза айында, анамыздың туған және дүниеден қайтқан күндерінде, жаңа мерекелердің бірі - Отбасы күнінде әкеміз бастап, бәріміз - балалары, келіндері, қыздары, күйеу балалары, немерелері мен жиендері, шөберелері мен шөпшектері қоштап, Анамызды еске ала отырып, рухына бас иіп, дұға бағыштаймыз.

Күз келді, тағы да күз келді,

Сағынып өзіңді іздедік.

Сағыныш сап-сары жапырақ,


Үзіліп түскенде Сіз дедік.

Із барда рухыңыз өлмейді,

Сіз жаққан шырақтар сөнбейді, - деп,
сағынышымызды жыр жолдарымен де жеткіземіз.

Аяулы анамызды сағынышпен еске ала отырып, жатқан жерің жарық, топырағың мамық болсын деп тілейміз.

Айжан ЖҰМАТАЙҚЫЗЫ



С О Ю З
С О В Е Т С К И Х
С О Ц И А Л И -
С Т И Ч Е С К И Х
Р Е С П У Б Л И К



ИЗДАТЕЛЬСТВО КОСТА СССР

СЕРПИАП ПЕРВАЯ ВЕРХНЕГО СОСНА СССР

Washed 20 times of 1

МАТЕРИАЛЫ

[illegible]

200

РЕЗИДИУМ ВЕРХОВНОГО СОВЕТА
СОЮЗА СОВЕТСКИХ СОЦИАЛИСТИЧЕСКИХ
РЕСПУБЛИК УКАЗОМ от 19 июля 1927 г.
присвоил Вам — матери, родившей и воспитавшей *двух* детей, почетное звание
„МАТЬ-ГЕРОИНЯ“

THE UNIVERSITY OF CHICAGO

100

2000

ҚОЛЫНА ҚАЛАМ АЛДЫ АЙТАМЫН ДЕП...

(Жұмекеңнің өз жарияланымдары)

*Қолыма қалам алдым айтамын деп,
Көргенім көп өмірде, байқарым көп...*

Жоғарыда айтып кеттік қой, Жұматай Құтжанұлы жұмыста не болмаса үйде оңаша қалған бір шақтарда қолына қалам алып, ақ қағазға өзін толғантқан ойларын, жан сырын, жүрекжарды сөздерін түсіруді жас кезінен, әсіресе майданнан қайтып келгеннен бері машығына айналдырған. Көпшілікке қарымды қаламгер, аудандық газеттің штаттан тыс тұрақты тілшісі ретінде де танымал.

АҒЫБАЙ АСЫ, РАХЫМБЕК БАЛУАН ТУРАЛЫ БІЛЕТІНІМ

Атақты Ағыбай батырдың асы туралы әкем - Құтжаннан естігенімді жазып отырмын. Қазірде ұлттық мәдениет пен аталық дәстүрге кең мүмкіндік беріліп отырған жағдайда және Ағыбай батырдың «Үш арманы» туралы естелік жырды оқып, бұл жағдайға мен де есте қалғанымды жазып отырмын.

Әкем - Құтжан Рақымбекұлы 72 жасында 1951 жылы қайтыс болды. Жылы ұлу. Әкем 13 (он үш) жасында әкесі Рақымбек балуанға еріп және атын ерттеп, күту үшін Ағыбай батырдың асына

бардым. Батырдың асы өз мекені Сарыбұлақ өзенінің бойында берілді. Қазіргі Шет ауданы, бұрынғы Нұра болысынан Жақсы Жанғұттының інісі Аймағанбет бастаған 30-дан астам адам жолда 3-4 күн жүріп бардық. Аймағанбет пен Ағыбай құда-жекжат екен. Ағыбай баласы Аманбайға қыз берген екен. Асқа барған Нұра жақсылары 4-5 ту бие жетектетіп апарды. Жер алыс болған соң сабамен қымыз апара алмады. Құдалығына байланысты Нұрадан барғандар асқа 1-2 күн бұрын барды. Асқа өзен жағалай салтанатпен киіз үйлер тігіліп, даяшылар дайындалған екен.

Асқа ұлы, орта, кіші жүздерден атақты адамдар көп келді. Атақты балуандар, бәйге аттары, әнші-жыршылар жиналды. Тойды (асты) бәйге аттарды жібергеннен соң, балуан күресінен бастады. Той бастаушы орта жүз «ұлы жүзге балуандарыңды күреске шығар. Жол сендердікі»-деп хабарлады. Орта жүзден барғандар балуан шығару жолы Жақсы Жанғұттының інісі Аймағанбетке беріледі. Өйткені, тірі болса, жол Жақсы Жанғұттынікі болатын еді. Орта жүздің адамдары атақты көптеген балуандарды ертіп барған, атап айтқанда Қаракесек, Қуандық, Керей балуандары бар екен.

- Жәкеңді сыйлап маған жолды бердіңдер, сіздерге рахмет. «Қияметте көршіден» деген ғой.

Мен орта жүз атынан Рақымбекті бас балуандыққа түсіремін, -деді. Ел жақсылары Аякеңді қолдады. Менің әкем - Рақымбек күреске дайындала бастады. Әкем ортадан жоғарылау бойы бар, толық денелі еді. Асқа Кәрсон, жақсы Көпбай аулынан өзінің өнері - еңбегімен алған күрең төбел атты мініп барды. Басқа аттың белі шыдамаушы еді. Әкем сол кезде 30 жастың жуан ортасында еді. Күреске түскенде денесіне күш жинағандай, қара қызыл бет бейнесін түк басып кететін. Бұлшық еттері қозғалысқа келетін. Әкем дайындалып болғанша, үйсін балуанын, алдына жібек перде тұтып, күрес алаңына алып шықты, пердені ашып жібергенде балуан өркеші жоқ нар түйедей зор адам екен. Бір тізерлеп отырып, екі алақанымен топырақ уыстап айбат шеге бастады. Мен зәрем ұшып жылап жібердім. Орта жүз зиялылары өз әруақтарына сыйынып, әкем - Рақымбекті күреске жіберді. Әкем бара жатқан жолында жерден топырақ алып, екі алақанын сүртті. Екеуі қарсы кездескенде Үйсін балуаны жарты кездей зор екен. Балуандар өздеріне керекті әдіс-айланы таңдамастан ұстаса кетті. Сол-ақ екен Үйсін балуанының жамбасы жерге тиді. Біздің

адамдарымыз әруақ шақырып, әкемді қошаметтеп алып кетті. Бір жеріне зақым келді ме, Үйсін балуанын көтермелеп алып кетті.

Бас балуанның жолы деп көкала бас, екі өркеші баладай інген түйені, үстіне «тоғыз» деген заттар артып, Аймағанбет алдына әкеп шөгерді. Аякең, олжаға қызықпай кілемін, жанат ішігін, тайтұяқ күмісін, тағы басқаларын барған ел жақсыларына таратып берді.

Түйені «енді мұндай той - асты көресің бе, көрмейсің бе» - деп, Аякең балуанның әкесі - Елемес жыршыға жетектетті. Біз сол жылы түйені соғымға сойдық, - деп әкем Құтжан айтып отырушы еді.

Мен мұны мақтан ретінде жазып отырған жоқпын. Ағыбай батырдың тарихи жолына керек болар. Рақымбек балуан өз кезінде жауырыны жерге тимеген балуан еді, - деп ел үлкендері айтушы еді. 98 жасаған Осатай, 90 жасаған Төребек, 94 жасаған Сүйіндік қариялар жиі-жиі айтып отырушы еді. Қазірде де 80 жастан асып отырған Мұқаш, Қасымбек қариялар да айтып отырады.

Рақымбек өз заманында балуан ғана емес, зергер ұста, күйші болған. Жақсы Көпбайдан күрең төбел атты бір баласына шым-күміс ер жасап бергені үшін алған екен. Балуанның әкесі Елемес 90 жасында қайтыс болған. Кезінде Жақсы

Жанғұттыға жолдас болып, жыршысы-ақыны болған. Жақсы Жәкеңнің ағасы Байғұтты жаугершілік заманында, садақ оғынан қайтыс болғанда, өлімін Жәкеңе Елемес естірткен екен. Сонда Жәкең «Байғұтты ел намысы үшін ерлікпен өлді ғой, несіне жылайын» деп, ел қайғысын өзі басқан екен.

Елемес кезінде Шортекеңмен айтысқан дейді. Айтыста Шортекең (Шортанбай) Елеместі жеңе алмаған соң, жұмбақ айтқан екен. Сонда Шортекең «Бос мойын, бота тірсек, жылан бауыр, есек садыр, бұғы мүйіз, марал бас, бір секірсе, оны адам ұстап ала алмас, осыны шеш» - депті, сонда Елемес: «Шортеке, ол көгал шөпте секіріп жүрген шегіртке ғой», - дегенде Шортекең тоқтаған екен.

Әкем айтушы еді: Ағыбай асы өткеннен кейін 2-3 жылдан соң Кәрсенбай Ершіман ауылында зергерлік іс жасап жатқанымызда, сол ауылға Ағыбай ұрпағы Тырым келді.Түскі қымыз ішіп, әңгіме үстінде отырғанда Тырым «Атам асында маған жол тимеді, тигенде сен менің бір ұстағанымнан қалмайтын едің», - деп әкем Рақымбекке үстемдік көрсете сөйледі. Әрине, оның айтуы заңды, батыр ұрпағы, іргелі ел еркесі ғой. Сонда әкем - Рақымбек «сен неге асасың, істің сәті, күштің атасы біледі. Сен Ағыбайдан болсаң, мен Бұқарбайданмын», - деп жауап береді. Әңгіме өрістей түсті де «сенен күресіп жығылсам, ат-

тоным сенікі болсын, тек күрессең болды», - деп өктемдік көрсетті. Рақаң оған менің жасым үлкен, және той болып жатқан жоқ, көш жөнекей, баланың жұмысын жасамайық, күшінді өз қатарыңа жаса деп бой тартты. Бірақ, Тырым болмаған соң, ауыл жақсылары «ерегіспен емес, адамгершілікпен, ашусыз күресіндер», - деген тілек білдіргеннен соң Рақаң ризалық беріп екеуі қол ұстасып үй сыртындағы көгал үстінде белдесті. Сол ортада, жайлауда отырған елден көп адам жиналып қалды. Күрес 5-10 минутке созыла бастады. Тырым шағылмаған жас қой, күші де, - айласы да бар екен, бірден алғыза қоймады. Рақаң салмақпен бағдарлап, өзіне керек кезін аңдуда және Тырымның «күш атасын» байқағысы келді ғой деймін, бір кезде сырттай шалып, Тырымның жамбасын жерге тигізді. Ол да сыйласудың бір түрі ғой. Күрестен кейін, үлкен ауылдың дастарханы үстінде екеуі достасып, Тырым жақсы көңілмен аттанып кетті, - деп әкем замандастарына айтып отырушы еді.

Рақымбек кезінде Деріпсалының атақты балуаны Бапымен де күресіп, белдескен балуан еді.

Мен, Құтжанов Жұматай 1917 жылы туғанмын, жасым 76-ға қарай кетті. Ата-бабамның және өзімнің туып-өскен жерім Ақсу-Аюлы елді-мекенінде тұрамын. Жасым кәртайғаннан соң, бір

ауыз естелік жаздым. Ағыбай асы 1892, 1951 жылдары берілген.

Рақымбек Бөрі батырдың кенже қызы Алтынайдан туған.

Ж. Құтжанов

«Заман» газеті, 08.04.1992 ж.

Р.С. Ағыбай батыр қазақ әдебиетінде: Кенесарының бас батыры Ағыбай батырдың өмір жолы қазақ тарихшылары мен қаламгерлерінің шығармаларына арқау болған. 19 ғасырдың аяғында «Ағыбай батыр» қиссасы шықты. Ағыбай Нысанбай жыраудың «Наурызбай-Қаншайым» жырының, І. Есенберлиннің «Қаһар» романының бас кейіпкері. 1914 ж. Есім төренің көмегімен Әлихан Бөкейханов Қазан қаласынан «Қызыл қайнар Тектұрмас» деген кітабын шығарды. Сәкен Сейфуллин «Ақжолтай батыр» деген роман жазған. 1992 ж. Айыртау-Сопыда батырдың туғанына 190 жыл толуына байланысты республика дәрежесінде үлкен той етті. Ұрпақтары Ағыбайға үлкен кесене салды. Ол 1980 ж. күрделі жөндеуден өтіп, басына құлпытас қойылды. (Уикипедия - ашық энциклопедиясынан алынған мәлімет).

АҚИЫҚ АҚСАҚАЛ

Экономикасы мен мәдениеті дамыған Шет ауданы 2008 жылы - өзінің 80 жылдық мерейтойын тойлады. Аудан еңбекшілері қол жеткен табыстарын, еңбек сіңірген басқарушылары мен еңбек ерлерін мақтан етіп, аудан тарихынан құрметті орын берді. Соның бірі - ақ иық ақсақал Төлеуқұл Отыншыұлы еді. Байқап қарасаң, өмірге із қалдыратындар тегіне, адал еңбек етуіне, адамдарға адамшылық жасауына байланысты екен. Төкең қазақ тарихынан орын алған Деріпсалы батырдың ұрпағы, өзі де батыр тұлғалы, сөзі де, өзі де салмақты, шаруашылықты басқаруда жақсы жағынан көрініп жүрді. Ұсақ колхоздар іріленді. Сталин колхозын басқарып, оның шаруашылығын, мәдениетін алға шығарды, Кежек фермасын жаңадан ашып, оны іргелі совхоз шаруашылығына айналуға батыл еңбек етті. Аудан бойынша Төкең басқарған шаруашылықтар аудандық актив, пленумдарда, баспасөзде жиі-жиі аталып жүргенін көзіміз көрді, құлағымыз естіді.

Мен Төкеңмен қызметтес болған жоқпын, балаларының оқуы, тәрбиесі жөнінде пікірлес, бір тілекте болдық, шаруашылықта жүрсе де, алыста

жүрсе де балаларының оқуына ерекше көңіл бөлетін, соның арқасында ұлдары да, қыздары да дұрыс тәрбие, сапалы білім алып, шаруашылық, білім, партия, мәдениет саласында лайықты қызмет атқарып жүр.

Төкеңнің ұйымдастыру, басқару қабілетін бағалап, аудан әкімшілігі оны Еңбекшіл шаруашылық бөлімшесін басқаруға тағайындады. Бұл бөлімше ол кезде шаруашылық мәдениеті жағынан әлсіреп қалған, ескі жұрт сияқты еді. Тек ескі мекенін қимай отырған он шақты жақсы ақсақалдардың ауылы (Осатай, Адамбай, Игілік, Балық, Құланбек, Мұсатай, Садық, Дүйсек) еді.

Бөлімше бірер жыл ішінде ақшаңқан үйлерімен, мектеп, дәрігерлік пунктпен, шаруашылық құрылысымен құлпырып шыға келді. «Жақсының айналасы алтын сарай» деген ғой, бөлімшеге басқа шаруашылықтардан озат механизатор жас жігіттер лек-лек келе бастады. Кеншоқыдан ағайынды Совет, Сәмбет, Социал, Ақтөбеден Ахметов Шойман, мұғалім Бөкебаев Болтайбек келді.

Жылқы фермасына бақташылар бригадирі - Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты Бөлтекеев Шәкіш бастаған 7-8 жылқышы бөлімшеге қосылды, сөйтіп Еңбекшіл бөлімшесі аудан бойынша ең озат бөлімше аталып, алға шықты. Өйткені бөлімше астық өндіруден, мал басын

көбейтуден, мал азығын дайындаудан жыл сайын жоғары нәтижеге жетіп отырды. Соның арқасында механизатор Сәмбет Ленин орденімен, Ахметов Шойман Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды. Сәмбет көп жыл бойы Жезқазған облыстық партия комитетінің мүшесі болып, партиялық, қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысты.

Төкеңнің өз басының азаматтық, адамгершілік ұстамдылығына айтарым: шаруашылық үстелінде де, халықтың үй дастарханының басында да отырған кезде өзінің байсалды көрінісімен, тартымды көріктілігімен ұтымды ойлап, қазақы таза тілмен сөйлеп, тыңдаушыларын баурап алатын. Төкең отырған жерде шаруашылық, адамгершілік, жетістік туралы әңгімелер айтылатын.

Төкең ат мініп, құс салған, ит жүгірткен ауылдан болғандықтан ба, шаруашылықта да, ауыл арасында да ат үстінде жүретін, шоқтығы биік, сауыры жалпақ, белі көтеріңкі қарагер ат босағасына байлаулы тұрғанда шатырлы үйіне, Төкеңе жаңаша көркем көрініс беріп тұратын, мен өзім Төкең, ерін ерттеп атпен тойға келгенде, сондай қуаныш сезіммен қарайтынмын. Соның әсері болар, өзім зейнеткерлікке шыққанымда, жалғыз құлынды биемді беріп, Төкең мінген атқа ұқсас ақтабан жорғалай басатын ат, қылыарай ер

сатып алып, ит жүгіртіп, 20 жылдан астам ат үстінде демалдым.

- Төке, бөлімшеде машина бар, көбінесе ат үстінде жүресіз, - деп, жақсы отырыста сұрағанымда:

- Машина шаруашылық жұмысын атқарғанда жақсы, атпен жүрген ауылдағы, даладағы жұмыстарды еркін аралай аласың, көре аласың, жұмыс басында асықпай жұмыстың кемшілігін реттейсің, - деп, бірінші сөзін шаруашылыққа арнайтын. Ат - ер қанаты, ол тек мінгенде алысқа жеткіген ғана емес, ат жүрісі ауаны серпіп, тынысын кеңейтіп отырады, бұл менің сөзім емес, өткен аталарымның сөзі, - дейтін.

Төкеңнің қайырымдылығы мол еді. Қайырымдылығы мол екі адамды көрдім, оның бірі - Ордабайдың Қасқатайы, соғыс кезінде астығы, техникасы, диірмені, малы бар колхозды басқарды. Асыраушысы соғысқа кеткен немесе соғыстан келген жаралыларға көмек бергенін көрдім.

Екінші адам - Төкең, Төкеңнің шаруашылық заманы - халықтың әл-ауқатының түзелген заманы, дегенмен соғыс ардагерлеріне, соғыстан баласы қайтпаған қарияларға мемлекеттен көмек жеткіліксіз болатын, әсіресе бірлі-жарым малына

шөп, жем табу қиын еді. Төкең басқарған Еңбекшіл бөлімшесі аудан орталығына таяу орналасқан, мал жайылымы араласқан, сұраушы көп, сонда да, солардың қажетін ашқанын көріп жүрдім. Мен зейнеткерлікке шыққаннан соң шөпке жалдану үшін бөлімшеге келіп, Төкеңе келіп жолықтым, «сен 30 күн демей, 10 күн шамаң келгенше шөп маялас, жатақханада жатпай-ақ қой, 10 үйге тапсырма бергем, сол үйлердің қонағы боласың»- деді. Төкеңнің айтқаны болды. Күзге қарай шөпті беріп жіберіпті.

Бұрын басқа бөлімшелерге еңбек еткенімде түрлі сылтау айтып, қар бір-екі жауғанда беретін, оның өзінде бірнеше іздеп баратынмын. Араға бір жыл салып, шөп үшін Төкеңе тағы бардым. Бірақ уайымдап бардым. «Сенің келгенің артық емес, бірінші еңбегіңді алдың, бұл жолы шөпке жалданбай-ақ қой, соғыс ардагерісің, ауданға еңбек сіңірген азаматысың, София жеңгеңнің түстік дәмін іш те үйіңе қайт, күзде бір машина шөп жіберемін»- деді.

- Төке, директорың ауданға белгілі қатал адам, ол кісі қол шалғымен шапқан шөбін тартып алып жүр ғой, Сізге зиян тимей ме? - деп,

шынымды айттым. Төкең «біз осы совхоздың шаруашылығына одан бұрын тер төктік қой, тіл табысамын» деп, сөзін бекітті. Сөз орындалды, шөп берді, рахметім айтылды.

Төкеңнің ауыл шаруашылығына сіңірген еңбегі, халықтың алғысы мен батасы ақталды, Қазақстанның ауыл шаруашылығына еңбек сіңірген қайраткер атағы берілді. Иманы жолдас болсын, жаны пейіш төрінен орын алсын.

Ж. ҚҰТЖАНОВ

*Марс Төлеуқұловтың «Сөнбейтін шырақ» зерде кітабынан.
Қарағанды - 2014 ж.*

ҰЛАҒАТТЫ ЖАН ЕДІ

Биыл Шет ауданының 80-жылдық мерейтойын атап өткелі отырмыз. Қазақстан халқының басынан өткен аштық-жалаңаштық, қуғын-сүргінді Шет ауданы да көрді. Қазірде экономикасы мен мәдениеті дамыған аудандардың бірі. Халықты қиыншылықтан алып шығуға басшылық жасаған, өздері ақылымен тікелей еңбек етіп, үлес қосқан ағалар ұмытылмайды. Әсіресе, 1927-30 жылдары аудан халқын басқаруға Өспен (Нілді), Спасск, Қарағанды өндіріс орындарынан келген, (осы ауданның өз азаматы) саяси сауатты, еңбекте шыңдалған, көпті көрген азаматтар болды. 1930 жылы аудандық партия ұйымының бірінші хатшысы Шәріп Нұрмағанбетов бастауымен, өндірістен келген коммунистердің қолдауымен аудан орталығы шөлдік Қызылеспеден Ақсу-Аюлыға көшірілді. Осы бастаманы бастаушының, қоштаушының бірі және бірегейі - Ордабаев Қасқатай болды.

Қаскең жастық шағында Спасск мыс қорыту өндірісінде жұмыскер бола жүріп, сол кездегі саяси еңбек қорғау қозғалысына қатысқан революционер Беков Орынбек, Сәкен Сейфуллиндердің саяси әңгіме, нұсқауларын тыңдаған, жазушы Ғабиден Мұстафинмен аралас, қатарлас өскен. Өзі сол өмірді терең, мағыналы түрде әңгіме ететін. 1960 жылдары Ғабиден Шет ауданына халықпен кездесуге келгенде, Қаскең «Көз көрген» романында жіберілген кейбір қателіктерін ескерттім, ол менің пікірімді қабыл алды, - деп әңгімелейтін.

Мен Қаскеңді 1932 жылдың декабрь айында атшанасына салып аштықтан жолда қалған балаларды детдомға әкеле жатқанда көрдім. Сол қайырымдылығы есімнен кетпейді. Кейін де сол қайырымдылығын сақтады, оны халық біледі.

1932-1938 жылдары №7 Нұра ауылдық Кеңесінің төрағасы қызметін атқарды. Аштықтан аман қалған аздаған халықтың бастарын қосып, Еңбекшіл, Қарғалы, Сталин атындағы еңбек серіктестігін ұйымдастыруға аянбай еңбек жасады. Мүмкіндігі бар жерлерден аздап бидай тұқымын тауып беріп, аяқ-қол, күрек-шот пен егістіктерді,

1933-1934 жылдары Үкімет берген аздаған сиыр, қой-ешкіні ауыл халқына бөліп беріп, ол малдардың күтімін, сойып тастамауын көріп те, естіп те жүрдік. Соның нәтижесінде, сол ауылда, Кеңеске қарасты үш колхозда мал да өсті, егін де бітік шықты.

Қаскеннің жұмыс қабілетін көрген аудандық партия комитеті жаңадан ашылған май заводын басқаруға тағайындады. Бұл жұмысты 1942 жылға дейін басқарды. Бұл кезде Отан соғысы жүріп жатқан кез, техника, адам күші, көлік күші жоқтың қасы еді. Қаскен өзі еңбекқор, қол еңбегінің шебері (балташы, темір ұстасы, тері илеу маманы) болатын. Сары май дайындауды крестьяндық-техникалық әдіспен дайындайтын. Бұл жұмыста да еңбегімен көріне бастады.

Қаскеннің еңбекке батылдығын, ұйымдастыру қабілетінің, тәжірибесінің дами түскенін аупартком бағалап, оны Ақбауыр іріленген колхозын басқаруға жіберді, 1927 жылы ұйымдасқан орыс-қазақ колхозы болатын. Сол колхозды әлсіретпей, соғыс кезінде майданға азық-түлік беретін бірден-бір шаруашылық еді. Қаскен колхоз басқаруға барысымен техника, мал басын, адам күшін есепке

алып, жоспар жасап, шаруашылық жандана бастады. Егіс алаңы кемімеді, мал басы сақталды. Еңбекке жас та, кәрі де бір кісідей жұмылып кетті. Егіннен, малдан түскен өнім соғыс майданына беріліп жатты, халқына да жетіп жатты, ұн диірмені тоқтамады. Көршілес ұсақ колхоздарға бидай тұқымымен, көлік күшімен көмек беріп отырды. Колхозда табыс болған соң соғыс майданына колхоз 50 мыңнан астам ақшаны танкі колоннасын жасауға берді. Колхоз Қарағанды шахтерлерімен экономикалық байланыс жасап, адам күшін, жанар-жағар май алып отырды.

Қаскең екі тілді жете білетін, сөзі дуалы еді. Адамдармен тез тіл табысатын, алатынын алып, шешетінін шешіп, жұмысын тез бітіретін. Облыс басқарушысы, кейін Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің төрағасы Кәріпжановпен, қарағандылық Серік Әкімовпен жолдастық сыйласымда болды. Басшылармен тіл табуы колхоз шараушылығының дамуына, өз беделінің өсуіне көмек болды. Еңбегі бағаланып, соғыс кезінде «Отан соғысы», «Ленин» ордендерімен марапатталды. Бірақ мал басының группасы өзгерді, көршілес колхоздарға бидай тұқымын қарызға берді, тағы да сол сияқты жала

арыздар көбейіп, жазықсыз сотталды және тез ақталды.

1953-1954 жылдары болған қатты жұтта шаруашылық басқару тәжірибесі мол Қаскенді Ақсу колхозын басқаруға жіберді. Қызылтау, Қарғалы подхоз басшыларымен тіл табысып, аздап жем, шөп алдырып, аналық малдардың аздаған бөлігін аудан басында тұратын сыйласымды адамдармен келісіп, ақысыз бақтырды. Бұл Қаскеннің азаматтық беделі еді, соның нәтижесінде Ақсу колхозында мал басы аз кеміді.

Қаскен қайырымдылығы мол, батыр, жүректі адам еді. Ауданның үлкен жиындарында шындықты батыл айтып, өзінің дұрыс ұсынысын айтатынын талай рет көрдім. Сол үшін халық та, басшылар да сыйлайтын.

1961-1962 жылдары мал дайындау мекемесінде қызмет жасап, бір мал пунктін басқарды. 1961 жылы Хрущевтың шаруалардың малдарын еріксіз тартып алуы кезінде мал тапсырған жетім, жалғыз басты, кемтар адамдардың малын жақсы бағамен қабылдағанын көрдім. Кейін осы мырзалығын Қаскеннен сұрағанымда, бізідер халықтың күйзелісін көп

көрдік, басымыздан көп өткіздік. Халыққа жақсылық жасауда көңіл-жүрек еріксіз босайды. Қолдан келсе, тіршілікте жақсылық жасау керек, - деп әңгімелейтін. Қаскең бір адамға ғана емес, қай жанға да мейіріммен қарайтын. 1964 жылы халықтың, ең алдымен бәйге аттарын тартып алды. Соның ішінде Қазақстанның мерейтойында бәйгеден бірінші, екінші келген Тауықтың қара аты, Мұқаштың торы шұнағы болды, басқа да жақсы бәйге аттары болды. Сол аттарды ет комбинатына жібертпей, орнына шаруашылықтардың, мекемелердің нашар аттарын салдырып, нағыз тұлпарды сақтап қалды. Қаскең нағыз шешен де, көсем еді. Зейнеткерлікке шыққан кезінде әңгіме тыңдайтын адамдар, үлкен тойларда, өлгенде, құрметтеп шығарып салу кезінде Қаскең айналасына жинала түсіп, әңгімесін тыңдап «ой, Қаскеңнің әңгімесі-ай», деп көңілдері көтеріліп, бір серпіліп қалатын.

Қаскеңді құрметтеген азаматтардың бірі - Аждар Туғанбаев болды. Ол Қаскеңнің ескерткіш бейітінің басында тұрып: «Қаскең тіршілігінде артық туғандығын көрсетіп еді, ескерткіші де артықтығын көрсетіп тұр ғой» деген сөзін

құлағыммен естідім, көзіммен көрдім. Осы баға
Қаскеңге берілген тарихи баға ғой.

**Жұматай ҚҰТЖАНОВ,
92 жаста,соғыс және еңбек ардагері.**

М. Хамзин, Т. Ордабаев құрастырған
«Өнегелі өмір иелері» кітабынан
алынды.Қарағанды, Болашақ-Баспа 2008.

«ОСЫ ЖҰРТ АХАТАЙДЫ БІЛЕ МЕ ЕКЕН?» ДЕЙДІ ЖҰМЕКЕҢ

Қыдыр дарып, құт қонған Сарыарқаның сайын даласы ғасырлар бойы көшпелі елдің көшелі жұртына құрсағы құтты атақоңыс қана болып қойған жоқ, аттың жалы, атаңның қомында жүріп күн кешкен батыр бабаларымыздың өкпесін сыз, өкшесін мұз тістеген тағдыр-талайының да абыздай жалғыз куәсі болды. Ұрпақтан ұрпаққа аңыз болып таралып жеткен Ұлы Даланың өткен тарихын бүгінгі күнге жеткізуші де сол даланың құйма құлақ абыз қарттары еді. Қатары сиреп қалған осындай шежіре қарттарымыздың бірегейі Жұмекең ақсақал десек, шындықтан алыс кетпесіміз анық.

Дүйім жұртқа ұлағатты ұстаз ретінде Құтжанов Жұматай деген есіммен танымал ақсақал елдік пен ерліктің ақылы мен нақылын бойына қатар дарытқан сұңғыла қарт. Тоқсанның бесеуіне аяқ артқан ақсақал қоңырау шалып, хабарласып келіп кетуімізді сұрады. Кешегі Ұлы Отан соғысында етігімен қан кешіп, елін жаудан қорғаған қарт жауынгер, сұрапыл соғыс жылдарында көрсеткен көзсіз ерлігі үшін Богдан Хмельницкий атындағы орденді омырауына алғашқылардың бірі болып таққан

шежіре қартқа айтқан уақытында барып, сәлем бердік. Әңгімесін әріден бастаған Жұмекеңнің айтқандарын қаз-қалпында қағазға түсірдік.

Қазақ халқы қиын-қыстау кезеңді басынан көп өткерген халық қой. Жаугершілік заманда бір аяғы үнемі үзіңгіде өткен қазақтың іргеден жауы, белдеуден дауы кетпеген, атының тері кеппеген ел болғаны тарихтан белгілі. Сондай бір қиын заманда кіші жүздің ауа көшкен біраз атасы осы Нұраның бойына қоңыс аударыпты. Қалың қазақ жұртына «Жақсы Жанқұтты» атанған Жақсы Жәкеңнің елі ағайынды сыртқа теппей, малына өріс, өзіне қоныс бергенін әкелеріміз жыр ғып айтып отыратын. Шешендігімен, көсемдігімен көпке танылған, Ұлы Абайға бата берген, Құнанбаймен сыйлас, дәмдес, үзеңгілес болған Жақсы Жәкеңнің тектілігін жастай құлаққа құйып өстік. Осы жасқа келгенше әруағыңнан айналайын Жақсы Жәкеңнің атын аузымнан тастамай келемін. Енді әңгімемнің негізіне көшейін. Менің тұған әкем - Қожабай Сәрсенов деген кісі - деп бір дем алды Жұмекең. Бізге ғана емес, өзін білетін елдің көбіне Құтжанның Жұматайы деген атпен ғана белгілі қарт ұстаздың мына сөзі қай сөзі дегендей бетіне сұраулы жүзбен қарадық. Жұмекең сәл тыныстап алып, әңгімесін әрі қарай сабақтады.

- Әкем Қожабай еті тірі, сөз білетін адам болыпты. Жанқұттының інісі Аймағанбеттің

келімді-кетімді кісілерін жөнелтісіп, қонақасы дайындаттарып, барып кел, алып кел жұмыстарына жұмсайтын сенімді жігіті осы Қожабай екен. Аймағанбет жылына бес ту бие сойғызады екен де, сыйлы қонақтан арылмайтын ауылдың барлық тірлігіне бас-көз болып, басшылық жасауды Қожабайға тапсырады екен. Әкелеріміз айтып отыратын, қазақтың шежіресі осы Аймағанбетте еді деп. Жанқұттыдай иісі қазаққа танымал шешеннің туған інісі сенім артқан Қожабай да тегін адам болмаған. Кісілігі де, кенендігі де, берендігі де бір басына жетерлік екен. ХІХ-шы ғасырдың аяқ шенінде, 1896-шы мешін жылы қыс қатты болып, Арқадағы ел жұтқа ұшырайды. Ағасы Жанқұтты Меккеге аттанып кеткен, елде жоқ. Жаз құрғақ болып, жайылым азып-тозған. Аймағанбет Қожабайға рұқсатын беріп, өз күніңді өзің көр десе керек.

Еті тірі Қожабай Аймағанбеттің рұқсатын алғаннан кейін Спасскідегі ағылшындардың зауытына барып жұмысқа түседі. Жартылай жерді қазып тұрғызған жеркепе зауыттағы қазақ жатақтарының тұратын баспанасы еді. Қожабай әкеміз де жеркепе салып алады. Ағылшындардың зауытынында әкеміз жиырма жылға жуық жұмыс істеген. 1916-шы жылы қазан төңкерісінің алдында тықыр таянғанын сезіп, Спасскіні тастай қашқан ағылшын алпауыттарынан кейін зауыт шахталары

иесіз қалады да, Қожекең Қарағандының көмір шахтасына жұмысқа түсіп, үш жылдай еңбек етеді. Ауыр жұмыс, бейнетті тірлік денсаулығына әсер еткен әкеміз 1919 жылы қайтыс болады. Әкем қайтыс болғанда мен 2 жастағы бала екенмін. Көп кешікпей 1921 жылы шешеміз Бижамал да қайтыс болып, оң-солын тани қоймаған үш бала, Қасқатай, Ахатай және мен тұлдыр жетім қалдық. Жетімін жылатпаған елміз ғой, әкеміздің бауырлары Досжан Қасқатайды, Сақып Ахатайды, Құтжан мені бауырына салып, асырап алады. Ағайынды үшеуіміз де адал адамдарға кезіктік. Өз балаларынан кем қылмай тәрбиеледі. Менен 4 жастай үлкен Ахатай 1913 жылы туған еді. Ендігі әңгімем сол ағай туралы болмақ, - деп аз уақыт тыныстап алған Жұмекең қызы Кенжегүлді шақырып, ағасы Ахатайдың құжаттарын, Ахаңның өз қолымен жазған өмірбаянын, бұйрықтар мен анықтамаларды алдырды. Сарғая бастаған көп қағаздың ішінен Сталин қол қойған бір бұйрық еріксіз назар аудартты. Бұйрықтың мәтіні былай жазылған: «СССР Министрлер Кеңесі жанындағы Орталық Статистика Басқармасы Бұйрық № 26, Москва қаласы, 1949 жылдың 7-ші қаңтары.

СССР Министрлер Кеңесінің 1949 жылғы 4-ші қаңтардағы №52-ші Қаулысы. СССР Министрлер Кеңесі Қаулы етеді: А. Қожабаев Қазақ ССР-і Қарағанды облыстық Статистика

басқармасының бастығы болып бекітілсін. СССР Министрлер Кеңесінің Төрағасы И.Сталин» деп қол қойылған. Жүмекеңнің ағасы Ахатай Қожабаев осы кісі екен. Жүмекең ағасы жайлы әңгімені әрі қарай былайша өрбітті:

Ахатайды асырап алған Сақыптың үйіне бірде Кеңес өкіметін орнатуға белсене қатысқан революционер, қоғам қайраткері Бектің Орынбегі соғады. Қожабайды бұрыннан білетін Орынбек Сақыптың үйінде бір бұрышта ауырап жатқан баланы көріп, жөн сұрайды. Кешегі Қожабайдың баласы екенін, ауруға шалдыққанын естіген Орынбек Сақыпқа ренжіп, баланы өзімен Қарқаралыға алып кететінін айтады. Бұл 1923 жыл болатын. Бектің Орынбегі Қарқаралының милиция бастығы болып қызмет атқарады екен. Ахатайды балалар үйіне алып келеді. Ол бір қиын заман еді ғой. Балалар үйінің директоры бала қабылдауға жағдайларының жоқтығын айтып, Ахатайды қабылдағысы келмейді. Сонда Бектің Орынбегі беліндегі наганын суырып алып:

- Баланы қабылдайсың, ауруынан емдетесін, оқытып, тәрбиелейсің! - дейді түсін суытып. Тақияға тас тастағандай етіп айтылған осы сөзден кейін 10 жастағы Ахатай Қарқаралының балалар үйіне қабылданып, тәрбиеленеді. Кейінірек Қарқаралының педагогикалық техникумында білім алады. Техникумда белгілі сатирик жазушы Жүсіп

Алтайбаевпен бірге оқыған Ахатай Ахмет Байтұрсыновтың алдын көріп, дәріс алған. Семейдегі бастауыш мектепте оқып, орысша хат таныған Ахаң 1928 жылы комсомол қатарына қабылданады. Қарқаралы мен Семейде оқып, тәрбие көрген Ахаң өле-өлгенше Бектің Орынбегінің жасаған сол жақсылығын ауызынан тастамай өтті.

1931 жылы Ахаңды Сақып пар атпен Семейден елге алып келді. Біздің ауыл ол кезде Көкіштің қорасында отырған еді. Бүкіл ауыл апы кіріп, күпі шығып, аяғынан тік тұрып қарсы алады. Өмір көріп ысылған, оқыған Ахаң екі тілге бірдей жүйрік, қарасаң көз тоятын азамат болып өскен екен. Жалғыз-ақ кінараты - бала кезіндегі ауыр науқастан бір аяғын сәл сылтып басатын. Елге оралған соң 1931 жылдан 1935 жылға дейін әртүрлі жауапты қызметтер атқарды. Баданның үйінің орнында мектеп болатын. Сол мектепте мұғалім де болды. Сүлеймен деген танысына еріп, Балқаш, Алматы жағында да түрлі қызмет атқарған Ахаң Қарағанды облыстық Статистика Басқармасының бастығы болып ұзақ жылдар жемісті еңбек етті. Білімін Москвада жалғастыруға мүмкіндік туып, Москваның Статтехникумын үздік бітіреді.

Тар жерде табысып, өзінің азамат болып қалыптасуына көмегін көп тигізген, мал сақтамай, ар сақтаған адамгершілігі жоғары жандарды әркез

есіне алып отыратын. Ахаңның еңбегі орынды бағаланып, 1945 жылы СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының қаулысымен «Құрмет белгісі» орденімен, 1946 жылы «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерен еңбегі үшін» медалімен, 1951 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының қаулысымен мақтау грамотасымен, 1956 жылы Бүкілодақтық Ауылшаруашылығы көрмесінің үлкен күміс медалімен марапатталған. Қазақ ССР еңбекшілер депутаттары Қарағанды облыстық Кеңесінің 3-8 шақырылымдарының, яғни, 1950-ші жылдан 1961 жылға дейін үзбей депутат болып сайланған. Еңбекшілер депутаттары Қарағанды қалалық Кеңесінің депутаты да болған Ахаң Тайқымановпен, ауданымызды 17 жыл басқарған Кәмали Дүйсембековпен қызметтес болғанын айта кеткен жөн.

Есіктегі мен бесіктегінің белгі нышанынан жастай танып өскен Ахаңды өмір өзі ерте есейтіп, ат жалын тартып мінуге ерте талпындырды. Өз ісіне берілген Ахаңдай азаматтың халық алдында атқарған толайым еңбегінің бұл көзмоншақтай бір үзгі ғана. Дәуірлік дымы кеппеген жаңа үрдістер алдында Тәуелсіз еліміз Елбасымыздың салиқалы саясатының арқасында биік белестерді бағындырып, Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығын атап өтуде. Сонар түспеген соны шақта тыңнан түрен тартқан Ахатай Қожабаев сынды азаматтың ел-

жұртының алдындағы еңбегі атаусыз қалмаса екен деген ниетпен айтып отырмын. «Кешегісіз бүгінгі, бүгінгісіз ертеңгі жоқ» деген қанатты қағида бар ғой. Қабілет-қарымы мен жігер жалынан сарқа жұмсап, халқы үшін қызмет атқарған Ахаңдай азаматтың елеулі еңбегін кейінгі ұрпақ біліп жүрсе, көңілден көшіп, санадан өшпес деймін. Ұзақ жылдар облыстық деңгейде қызмет атқарған Ахаңа облыс орталығынан, болмаса, ауданнан есімін елі ұмытпай жүретін бір белгі қойылып жатса, нұр үстіне нұр болар еді, -деп Жүмекең әңгімесін аяқтады.

Бойындағы Тәңірінің сыйға тарқан қарым-қабілетін елінің мерейі үшін ірікпей жұмсап, сол кездегі қоғам өмірінің елеулі серпілістері мен сілкіністеріне қоянқолтық араласа жүріп, уақыт ағзаммен үндесе күн кешкен Ахаңдай азаматтың өркенді ісі жас ұрпаққа үлгі-өнеге болса дейміз. Қатпарлы тарихымыздың сарғайған парақтарынан санада тірілтіп, әріден қозғаған Жүмекеңнің таңдай жібітер райлы да, шырайлы әңгімесін тамсана тыңдап, шамамыз келгенше ажар-айшығын солғындатпай жеткізуге тырыстық, ағайын!

Жазып алған Серғазы ҚАБЫЛДАҰЛЫ

«Шет шұғыласы» газеті, 15.12.2011 ж.

ЕКІ ҒАСЫР КУӘСІНІҢ ӨСИЕТІ

Журналист, жазушы емеспін, өзім көрген-білгенімді айтайын. Ақтоғайға қарасты «Киров» совхозында өстім. Сұраубаев деген Қарқарылыдан келген мұғалімнен сауат аштым, Әбду, Әбдіғұл деген мұғалімдерден оқыдым. 1927 жылы «Ноян» деген серіктестік құрылды (кейін Қоңырат совхозының бөлімшесі атанды). Елдің басын қосып, ақыл берген азамат Ақайдың Хасені деген болған. 1928 жылы Егіндібұлақтан көп жылқы әкеліп, ұжымдастырып, елдің хал - ахуалын қорғаған кісі. Коллектив болудың арқасында ешкім аштан өлген жоқ. Барлық мал - мүлік біріктіріліп, жұмыла еңбек еткен халықтікі жөн болды. (автордан, 1917 жылдары Қарқаралы уезінде «Жергілікті несие бірлестігі» құрылып, оған Қу, Ақсораң, Дегелең, Кент, Бөрілі, Қызылтау болыстарынан 60 адам мүшелікке өтіп, басқарушысы Ақайдың Хасені сынды беделді болыс болған. Бижанның Хасенімен қатарлас алғашқы кооперативтерді ұйымдастыруда аты

белгілі болған кісі. 1917 ж. Қарқаралы уездік комитеті құрылып, оның Кеңесінің төрағасы Жақып Ақбаев, орынбасары Нарманбет Орманбетұлы, мүшелері: Ақайдың Хасені, Смаилдың Жақыбы, Нұржанның Түсіпқаны, қазнашысы Смахан Бөкейханов болғаны белгілі).

- Менің әкемнің інісі Рақымбеков Сақып 1916 жылғы солдаттыққа іліккен, сол кісі 1923 жылы қайтып келді, Қарқаралыға барды. Ол кезде Қотан - Балқаш болысы атанған елге Сақып әкеміз арнайы нұсқаумен жер бөлудің комиссиясының бастығы болып тағайындалған, Қоңырбаев деген орысша - қазақша білетін жас жігіт хатшысы болған. Онымен қоса, Сақып аудандағы бастауыш партия ұйымының хатшылығы лауазымын қоса атқарған. Бірінші партия ұйымын ұйымдастырған осы кісі. Партияға бірінші болып Тәңкінің Мұхсины, Байболаттың ағасы Әбужар, Әйнек деген кісі кірген. Алғашқы қызыл отауды құрып, меңгерушісі болған Ғайни деген Қарқаралыдан келген қыз. Қызыл отаудың мүшесі болып Манарбек Ержанов кірген. Олар өлең айтады, саяси насихат жүргізеді. Жалаңаш, Алтуайт деген біздің

жерімізге дейін ел аралайды. Сонда Мандар Манарбек әншілігімен көпке танымал болған.

1928 жылы күзде конфескелеу жүрді. Мен 11 жастамын, бәрін көзім көрді. Дала баласы зерек келеді, әңгімеге құлақ түріп, тыңдап өскенбіз. Заман өзгеріп жатқанын үлкендердің жиналып әңгімелесетінінен сеземіз.

-Тәркілеуге кімдер ілігеді? - деген сұрақты талқыланғандарын естідім. Олардың болжамы бойынша тәркілеуге алдымен Тоқырауын бойындағы ең бай адамдар Құбылтайдың Ахметі, Манас Нұржанның Түсіпханы ілігеді. Бұл екеуін де көзім көрген жанмын. Солай болды да, бәрі 1930 атылып кетті.

- Ал, енді Бижанның Хасені тәркілеуге ілікпейді, Қарқаралы уезінің нұсқауы бар, - дейді... Себебі, Бижанның Хасені социал-демократтарды жақтаған, былғары зауытын салып, егін еккен, халықты емдеп, балаларды оқытуға мектеп ашқан кісі. Ең бастысы, 1907 - 1914 жылдары жүргізілген Столыпин реформасының қысымынан қашқан жетімдерді тәрбиелеген. Жаңа заманды қабылдауға шақырған жетекші саясаткер, елді асырап, қорғаған беделді кісі. Қарқаралы, Омбыда оқыған білімді Хасен Бижанұлы қоғамға түсінікпен қарауға шақырған. Бірақ, сол саясатты қолдамағандықтан қырылды. Ел ішінде «Кеңес

үкіметі құлаған», «мал-бас біріксе, төсек ортақ болады, кооперативке кірмеу керек» деген сөздер тарап, гу - гу болған. Ел малын бермей, тіпті, бәйгеге деген сәйгүліктерді кооперативке бермей өздері сойғандар да болды, оны көрдім. 1929 - 30 жылдары Тоқырауын елінен сыпырып алған қойларын, көбісі Құбылтайдың Ахметінің малы, Өспенге (Спасскіге) айдап апарып, онда сиғыза алмай, елге қайтармай, өртеген. Ақыры әділетсіздік, өктемдік ел наразылығын тудырып, әр жерде көтерілістер болды. Бұл өлкеде Кеңес үкіметіне наразылық көрсеткендер «Уық көтерілісі» деген бас көтеру ұйымдастырған. Ал, Бижанның Хасені халыққа басу айтып, қойғызуға тырысқан, өзі көтеріліске араласпаған. Тәркілеуден бұрын-ақ малдарын ағайын - жұртына бөліп беріп, дәулетін үкіметке тапсырған екі адам: Бижанның Хасені (Тоқырауын бойынан), Ақайдың Хасені (Егіндібұлақтан) болған. Сондықтан, олар сотталмай қалды, бірақ, қуғынға түсті, арты не болғанын білмеймін, - деп әңгімесін жалғастырды.

Өз көзіммен көріп, құлағым естіген біраз жайлар бар. Алаш азаматы Ақбайдың Жақыбы - тұңғыш заңгер, Петербордан білім алған. Сол кісінің өмірінің соңғы деректерін білемін. Ақбайдың Ыбырайы бай кісі, сол кісімен бірге болған Молдақашұлы Смағұлдың (журналист

Ләззат Смағұлованың атасы) айтуынша: - Ақбайдың Жақыбы 1927 жылы салт атпен жанына кісі ертіп Қарқаралы Түркістан барамын деп, біздің елдің үстімен жүреді. «Қараұңгір» деген тауда (Жамшы совхозы жерінде) отырған Нұра болысының болысы Талпақтың Ахметжаны атты тәуір адамның үйінде 2-3 күн қонады. Талпақтың Ахметжаны өзі қажының баласы, жеті рет болыс болып, 1927 жылы ғана болыстықтан түскен, ақылы мол атақты кісі болған. Біздің үй мен Талпақтың Ахметжанының үйінің арасы 10 шақырымдай, жазда бірге отырамыз. Солардың әңгімесінің куәсі ішінде болған Абыз Кәкібай Нүркеев. Өзі 10 жыл Беломор - Каналда айдаудан келген Кәкібайдың аты Тобықты Қаракесекке белгілі болған, ел аралап, жол білген ширақ кісі. Сол айтады: - Мені Ақбайдың Жақыбы шақырып алды. Алыс жолға кетіп бара жатыр екен. Жүдеген, ат-тұрманы да жарамсыз. Әңгіме үстінде Талпақтың Ахметжаны: «Менің Алаш партиясына қарсылығым жоқ. Ұлттық мүддеге сай петиция жазып, жақсы мәселелер көтерді, сол үшін күресті. Бірақ, Кеңес үкіметі жеңгеннен кейін партия съезін ашып, орталық органын сайлады, Кеңес үкіметі

кедейлерге жер береміз деген соң, кедейлер орта шаруамен бірігіп, Алашты қолдамады, бұл екі ортада Колчакпен тіл табысуға шықты, ақыры кеңес үкіметінің күші асып кетті ғой. Халықтан қол үзбеу керек еді», - дегенде, Ақбайдың Жақыбы Талпақтың Ахметжанына:

- Әй, оқымай - ақ, бәрін түсініп отырсың, оқығанда не боласың! Шіркін, Ахметжан - ай! - деп оны құшақтаған екен. Сонда Талпақтың Ахметжаны Кәкібайға Ақбайдың Жақыбын Шуға дейін жеткізіп салуды тапсырады. Балқаш көлінің оңтүстік жағында Боранқұл деген Кәрсен бар. Ол да Кеңес үкіметіне бағыныңқырамаған адам. Ақбайдың Жақыбына:

- Онда ескі досың Боранқұл отыр, - дейді. Секем алған Жақып оған бару қауіпті екенін айтады. Себебі, кезінде Ақбайдың Жақыбы қызмет бабында Кеңес үкіметіне қарсы бас көтеруге қатысқан Боранқұлды ұстауға арнайы отряд жіберген екен. Сөйтсе, Боранқұл оларға бидайдан жасаған арақты беріп, мас қылып бәрін байлап тастайды да, «Ақбайдың Жақыбына сәлем айт!» дейді. Енді, сонымен, кездесу қиындық тудырап деп ойлаған Жақыпқа:

- Сескенбей - ақ қой, Боранқұл бәрін біліп отыр, ақылды тентек қой, сені жеткізіп салады, - дейді Ахметжан. Боранқұл Ақбайдың Жақыбын қарсы алып: «Заманға ере алмадық, сен де, мен де оңып отырған жоқпыз. Өз түсінігімізде ел үшін күрестік, енді қуғынға түстік», - деп, жаңадан екі ат мінгізеді, өзі шығарып салады. Ал, Кәкібай Боранқұлдың ауылынан қайтады. Мен сол Кәкібайды көрдім, әңгімесін естідім.

1931 жылы наурыз айында Талпақтың Ахметжаны, Тәржібаев Қасен, Шүлембай балалары Жексембек, Тиішбек ұсталды. Сол жылы маусымда Шет ауданы түрмесінде 19-25 адам отырды. Бір күні кешке Балқашқа баратын полуторка машинасына соларды отырғызып, Ақсу Аюлыдан 1 км Қаратөбе деген жерге апарды. Іңірде мылтық тарсылдары естілді. Мен 14 жастамын, бәрі есімде, ес біліп қалған кезім ғой. Әкем «Атты-ау, аналарды!» - деді. Біраздан соң бізге балық аулаған болып, өзен жағалауына барып, көріп келуді тапсырды. Біз екі бала балағымызды түріп алып, төбені иіріле ағатын өзенге бардық. Су беті қан, адамдарды күрекпен итере салғандай сұлап-сұлап жатыр, шала көмілген, қол-аяқтары көрініп жатыр. Сондағы НКВД-да істеген қазақтардың айтуынша, қазақтар атуға жүрексініп, іштеріндегі орысқа атқызған. Бұйрық орындалған. Атуға әкелгенін

сезген кейбір тұтқындар, босқа өлгенше алысып өлейік, мыналарды бассалайық, тірі қалғанымыз қашайық, - дегенде Талпақтың Ахметжаны: «Өйтсеңдер, артымызда қалған ұрпақтарымызды, туған - туыстарымызды қырады, ұрпақ аман болсын, біз солар үшін жан пида болайық» - деп тоқтатып, иманын айтып, сыйынып тұрғанда атқан. Кейбіреулерінің мүрделерін туыстары түнделетіп ұрлап алып, жерлеген. Қалғандарының сүйектерін таяуда ғана ашты ғой. Мен көзім көрген сол жерді адамдарына, зерттеушілерге көрсетіп, айтып бергенмін. Бұл бір бастан өткен халық қасіреті ғой, тәуелсіздік алғанға дейін ауыз ашып айта алмадық. Қазақстанның әр жерінде осындай сұмдықтар өткен. Зерттеп жинақтаса, ел тарихының ақтаңдақ беттері толық ашылады, ұрпақ соны білуі керек. Жаңа заманда қазаққа ай оңынан туғандай, енді барша білімдар азаматтар ұрпақ тәрбиесіне, ғылым-білімге қатты көңіл аударуы керек. Сонда ғана қазақ өз елінің тізгінін мықты ұстайтын болады. Ешкімге тәуелді болмаудың бір кепілі - өсер ұрпақтың ой-санасында ата дәстүр, атамекен, ана тіл деген ұғымдар нық орнауы керек, - деп түйіндеді қарт ұстаз.

- Бижанның Хасенін көрдіңіз бе? - деп сұрадым.

- Жоқ, тек көп естідім. Ел арасында жақсылығымен аты жайылған, Хасен асыраған

Бижанова Мінуара, кейін Орлова, Қарағандыда әнші болған. Соны білемін. Мен жоғарыда айтылған Хасеннің туысы бай Түсіпқан Нұржанұлын көрдім. Шақар шал екен, елтірі тымақ киген аласа бойлы кісі. Үш рет айдаудан қашып келген, бейбітке түнеп бой жасырған. Анығырақ айтсақ, Бижан мен Нұржан Жантастан бір туған. Бижаннан Хасен, Нұржаннан Түсіпқан туады, билікке араласқан кісілер. Оларды қайдан қойсын, бәрі қуғын-сүргіннің құрығына ілікті.

Автордан: 1878 жылы Дадан - Тобықты болысы екіге бөлініп, Қотан-Бұлақ болысы, Батыс Балқаш болысы құрылған. Қотан-Бұлақ болысының сол жылы сайланған алғашқы билері: Жантастың Бижаны, Айдаболдың Қашкесі. Мұнан соң, 1881 жылдан бастап 1919 жылға дейін әр кезеңде Орманбеттің Нарманбеті, Жантастың Мәдиі, Нұржаны, Бижаны, Хасені, Түсіпқаны, Сармантайдың Ахметжаны, Жабайдың Шаймердені, Шаймерденнің Садуақасы, Айболдың Тоқметі, Қошқарбайы және Айдаболдың Ахметінің Ағдарбегі, Құбылтайдың Ахметі, Нарманбеттің Мақсұты, Смаилдың Жақыпбегі, Оразбектің Жұмабегі, бәрі заманы да, амалы да бір болып, билыстықпен ел басқарған, аттары ел аузында қалған білікті адамдар. Олардың есімдері енді ғана тарих бетінен көрінуде. Атадан балаға дарыған ел басқарудағы атақ, кәсіп Солтүстік Балқаш өңірін

қоныстаған елдің рухын көтеріп, өсіп-өнуіне негіз болғаны көрінеді. Кеңес үкіметі тұсында қуғын-сүргін азабы шарпыса да, олардың рухы кейінгілердің санасын оятуға ықпал етеді. Менің түсінігімде бір жиырма жыл өткен соң, қазақтың рухы көтеріледі, мәселе байлықта, кедейлікте емес. Рух көтеріледі. Себебі, қазіргі жастар қазақ халқының тарихын оқып, қандай халықтың ұрпағы екенін біліп өседі. «Қазақпын!» деген сөзді жоғары мақтанышпен айтатын болды. Өйткені, комсомол мектебінен өткен бүкіл ұрпақ жалпы Отанға, халыққа деген адалдыққа тәрбиеленді. Оны ақтап, қазіргі мемлекетіміздің іргетасына негіз салды, қала орнатып, ірі өндіріс салды, астық алып, мал өргізді, соғыста ел қорғады. Бірақ сондай отансүйгіштіктен қазақтың ұлттық мүддесі, ұлттық болмыс, сырт қалып, «кеңес адамы» атандық, ұлттық тарих пен мәдениетіміз оқытылмады, қазақтың неше ұрпағы өз өзін танымай өсті.

Егемен ел болған соң, ұлттық болмысты қалыптастыру үшін қазақтың тарихын тереңнен дәйекті насихаттау парыз. Сол тарихты құрайтын Жұматай Құтжанов сынды екі ғасыр куәсі - қарт ұстаздардың естеліктері, өсиеттері екеніне атүсті қарамау керек. Жерден жеті алтын тапқандай қуанып, қарт ұстазды тауып алып, естелігін жазғанда осы мақсатты ұстандым. Жаңа заманда өркениетті 50 ел қатарынан көрінеміз деген ұлы

мақсатта қарлығаштың қанатымен сепкен суындай болса да, қарт ұстаздың өмір жолы да, өнегесі мен үлгісі де, аттан түспеген күш-қуаты, ой-санасы таңдағанды қызықтырады.

Күләш САРДАРБЕК

«Балқаш өңірі» газеті, 28.11.2008 ж.

БАСПАСӨЗ БЕТТЕРІНЕН

***Егер Сіз адамның Алла алдындағы бағасын
білмек болсаңыз, онда ол адам туралы
халықтың пікіріне құлақ түріңіз.***

Хадистерден.

ЗАМАНМЕН СЫРЛАСҚАН

(Құтжанов Жұматайға)

Қадірменді ақсақалы ауылдың,
Көпті көрген көнекөз қарт Жұмекең.
Мен де бірі ардақ тұтқан бауырдың,
Арнау жырды ұсынамын құрметпен.
Талабыңмен, қайратыңмен өскен ең,
Сергек басып талай белес, қыр асқан.
Әр сөзіңе ұйыған жас өскелең,
Данагөйсiң қос дәуірмен сырласқан.
Тосқауылы, бөгеті көп жол жүрген,
Толып отыр бүгін сексен жасына,
Он баланы тәрбиелеп өсірген,
Рекең де отыр көрік беріп қасына.
Жас кезінде жолын таңдап ұстаздың,
Жалықпады үйретуден балаға.
Доктор шығып, әкім шығып ішінен,
Кеткен жоқ қой ерен еңбек далаға.
Басталғанда Ұлы Отан соғысы,
Алғы топта ел қорғауға аттанды.
Тамбовтағы әскери ол мектепте,
Командирлік лауазымға бапталды.
Атой салып ол кіргенде шайқасқа,

Жиырма бесте ғана еді небәрі.
Жағаласып қаскөй жаумен айқаста,
Орден алды қазақтың жас сардары!
Балалары шеттерінен оқыған,
Әке ақылын бастарына тоқыған.
Айкен қандай кандидаттық атақ ап,
Алматыда ұстаз болып отырған?!
Он үшімде мен де оқыдым өзіңнен,
Мейірімді көруші едім көзіңнен.
Кейінгі ұрпақ өнеге алып келеді,
Ұлағатты, тәрбиелі сөзіңнен.
Қартаймаңыз Рекеңмен екеуіңіз,
Алла берсін күш-қуатты бойыңа.
Шаршамай-ақ тоқсан жасқа жетіңіз,
Бізге жазсын қатысуға тойыңа!

Төлеубай ЖЕКЕМБИН

«Заман» газеті, 01.02. 1997 ж.

МАЙДАНГЕР

*Ұлы Отан соғысының ардагері,
взвод командирі, Шет ауданының
Құрметті азаматы, Қазақ КСР
оқу-ағарту ісінің үздігі, қазір
шөпшегін көріп отырған 98
жастағы абыз ақсақал
Жұматай ҚҰТЖАНОВҚА арнаймын.*

Шалдарсыз жаным жартылай,
Абыз Ата, армысыз.
Қалқайып жүрген қартым-ай,
Аман-сау, қалай бармысыз?!
Аңыз боп жеткен дерегі,
Ұстаздың Сіз де дарасы ең.
Шалдарды сүйем, себебі:
Өзім де шалдың баласы ем!
Жүр ме екен қарттық мазалап,
Ақылшы, кеніш, дариям.
Кешегі атпал азамат,
Бүгілген енді қариям.
Ұлғайды еккен бақтарың,
Ізіңе ұрпақ жалғасқан.
Уыздай жастық шақтарын,
Майданға берген Марқасқам!

Көктем де көңіл өлшетіп,
Жарастық, міне, тауып тұр.
Алла да құрмет көрсетіп,
Ақ нұры бүгін жауып тұр.
Мұңым көп, Ата, айтпаған,
Онымды кіммен бөлісем.
Сұранып кетіп соғысқа,
Сыланып бірақ қайтпаған
Солдаттың мұңлық інісі ем!
Жазбайын өлең қайдан мен,
(Ақын боп кетсем ақыры).
Аман-сау жүрші, майдан мен
Бейбіт күндердің Батыры!

Балтабай БАТТАЛҒАЗИН

2015 жыл.

ҚАРТТАРЫМ, АМАН - САУ ЖҮРШІ!

Кешегі отты жылдарда туған жерді қорғауға қатысқан майдангер ағалардың бірі - Жұматай Құтжанов ақсақал. Бүгінде сексеннің сеңгіріндегі Жұмекең 1943 жылы әскер қатарына алынып, Тамбов қаласындағы Қызыл тулы әскери училищені аяқтаған Жұмекең алғашқы жас офицерлердің қатарында партияға өтіп, соғысқа коммунист болып кіреді.

Бұл кез Отан соғысының қызып тұрған кезі еді. Взвод командирі Ж.Құтжанов Польша жерін азат етуге қатысып, Висла өзенінен өту кезіндегі көрсеткен батылдығы үшін «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды. Бұл жас офицердің алғашқы ерлігіне көрсетілген үкімет құрметі еді. Сондықтан да болар Жұмекең үшін басқа орден, медальдарынан гөрі оның орны әркез бөлекше көрінеді де тұрады.

Фашист басқыншыларын өкшелей қуған кеңес әскері көп уақыт берілмей қарсыласқан Дойч-Кроне қаласын алу кезінде 177 дивизия, 277 полктың құрамында Жұмекең басқаратын атқыштар взводы бірінші болып қалаға кірген еді. Міне, сол бір кескілескен ұрыс кезінде көрсеткен

ерлігі үшін Жұмекең ІІІ дәрежелі «Богдан Хмельницкий» орденімен марапатталады.

Соғыс кезінде әлденеше рет жеңіл жарақат алған Жұмекең көрсеткен ерліктері үшін І-ші дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, бірнеше медальдармен марапатталды. Сол бір қиын кезді еске алған ардагер:

- Польша жерін жаудан азат ету кезінде Вгадч қаласының маңында Бесоба жағының бір қазақ жігітіне кездестім. Тұтқындар лагерінен босап келеді екен. Өте жүдеу, құр сүлдері ғана қалған жігітке оққа ұшып өліп жатқан әскер аттарының бірінің сан етінен кесіп алып, «тамақтан, қазаққа жылқының еті мың да бір ем, күш-қуат береді» деп ақыл айтып, қолымнан келгенше көмектестім. Өкінішке қарай, аты-жөні есімде қалмапты,- деп әңгімелейді.

Мерекелік арнаулы беттен

«Заман» газеті, 09.05.1998 ж.

БАЛЛАСТ ИСТОРИИ

На маленьком заводике, где рабочие фирмы Тодини готовят стройматериалы для ремонта трассы Балхаш-Алматы произошло событие, заставившее вспомнить уроки истории.

На конвейерной линии, по которой плыли в бункер гравий и песок, один из рабочих вдруг увидел череп и кости. Конвейер был немедленно остановлен. Выяснили, что порцию балласта с «сюрпризом» привез самосвал из карьера вдоль речки Шерубай-Нура. О черепе с костью доложили властям Шетского района. Те прислали на завод главного санитарного врача Жениса Кашкеева и акима Аксу-Аюлинского сельского округа Кенже Жаксыбекова.

Медики пришли к выводу, что останки принадлежат человеку, который был погребен в земле примерно шесть десятков лет назад. Старожилы вспомнили о массовом расстреле «кулаков» в роковые 30-е годы как раз у Черной сопки близ Шерубай-Нуры.

К чести заводского руководства, работа в карьере была остановлена, чтобы не тревожить

души умерших. Ведь неизвестно, сколько черепов и костей покоится в том страшном месте.

Санитарные врачи добросовестно свершили свое дело: обработали найденные останки дезинфекционным составом, обернули в белую материю и закопали в том месте, где они были найдены. Над холмиком водрузили обрезок металлической трубы. Ничего другого под рукой просто не оказалось. Спи спокойно, дорогой безымянный товарищ. Никто больше тебя не потревожит.

85-летний аксакал Жуматай Кутжанов рассказал, что хорошо помнит сквозь толщу времени, как июньским вечером 1931 года вооруженные винтовками стражники выгнали из саманных барачных заключенных. Их было около тридцати человек, и вина их заключалась в том, что не угодили «продовольственным комиссарам». На двух полуторках несчастных повезли вдоль реки, под сопку Каратобе, и там расстреляли.

Обстоятельной беседы на «историческую» тему у меня не получилось, потому что представитель местной власти был очень занят организацией праздника - двухсотлетнего юбилея Агыбай-батыра, проживавшего в этих краях и слывшего соратником хана Кенесары. Встреча многочисленных высоких гостей, покраска заборов в поселке, уборка улиц.. Цейтнот!

Между строк, в чиновном взгляде я уловил другое. Зачем ворошить прошлое, уважаемый?

Тема репрессий тридцатых годов, массового голода и гибели соотечественников, тема печального Карлага, некогда очень модная, нынче закрыта. И вообще - это уже не наша история. Безымянные кости наших соотечественников беспризорно гниют в земле. А души так и не нашли упокоения. Поэтому сопка Каратобе так и называется - Черная сопка. Страшное, гиблое место.

Константин ХАНОВ.

«Криминальные новости» газеті, 13.04.2002 ж.

ОТАН ҮШІН ОТ КЕШКЕН

Бүгіндері екінші жаһан соғысының отжалынын кешкен абзал ағалардың қатары сиреп барады. Қай ауылдан болсын қадау-қадау ғана ұшырасатын тірі шежірелермен жүздесіп, олардың өнегеге толы өмір жолдарын бүгінгі ұрпаққа паш ету қолына қалам ұстаған жанның қастерлі борышы болса керек. Жеңіс мерекесі алдында осындай парыз итермелеп Жұматай ақсақалдың үйіне келдім.

Жасы сексеннің сеңгіріне иек артқан қарт қауқалақтай қарсы алды. Алдындағы жайып салған газеттерін ысырып қойып амандық-саулық сұрасты. Өмірден көргені мен түйгені мол қария әңгімені әріден бастады. - Осы отырғанда сексеннің алтауына ат басын тіреген жайым бар. Бастан кешкеннің бәріне тәубе етемін. Бірнеше қоғамдық құрылыстың ащы-тұщы дәмін таттық. Балалық шағым қалың жұрт бай мен кедей болып жарылып текетіреске түскен шақта өтті. Онан кейін жарлы-жақыбайдың айы оңынан туып, дәулеттілердің төбесін қашаған заманды да көрдік.

Сайын даланың сәнін келтірген қалың мал тәркілеуге түсіп, тігерге тұяғы қалмаған жұрттың

айдалада ақсүйек болып қырылған қасіретті суреттері де бүгінгідей көз алдымда. Сол тұста елім деп еңіреген ерлердің «халық жауы» атанып ешбір сот, тергеусіз үштіктің оғына ұшқанына, итжеккенге айдалғанына куә болдық. «Маленков берген байталды, Хрущев келіп қайта алды» деп күңірене күңкілдеген қазақтың басындағы қуғын-сүргін бұлты 1953 жылдан бастап сәл сейілгендей болды. Дәл қазір тәуелсіздік тізгінін қолына қантөгіссіз алған қазақ жұртының көгінде бақыт құсы айналып жүр. Елін өркениетке бастау жолындағы Нұрсұлтан тәрізді мемлекеттік тұлғаның кемелді істеріне қалың қазақ қолдау жасауы қажет-ақ. Ғұрып-дәстүрді қадір тұтудың ешбір артықтығы жоқ. Алайда жөн-жосықсыз өтетін аста-төк тойларды шектеп, ұрпақтың ертеңіне қалтқысыз қызмет ететін ойлы шараларды көбірек іске асырған дұрыс тәрізді. Кей-кейде балаларының аузынан жырып атаулы көмекті араққа салатын жетесіз жандарды көргенде ішің удай ашиды. Жалпы ұлттық тәрбиенің бастау бұлағының көзін ашпай көсегеміз көгере қоймайды, - деп Ұлы Отан соғысының ардагері әңгімесін бір түйіндеп қойды.

Ауданның құрметті азаматы, қырық жылдан астам ғұмырын жас ұрпақ тәрбиесіне арнаған Жұматай Құтжанов 1917 жылы Спасскідегі кен жұмысшысының отбасында өмірге келеді.

Ағылшын шахтасындағы бейнетті жұмыстың кермек дәмін татқан әкесі 1931 жылы елге оралып жаңадан ұйымдасып жатқан «Ақсу» колхозына мүшелікке енеді. Оқудан қолы қалт еткенде колхоздың қара жұмысына жегіліп, бұғанасын еңбекпен қатайтқан Жұматай жетіжылдық мектепті ойдағыдай тәмәмдаған жылы Ақмоланың педагогикалық училищесіне оқуға түседі.

Арнаулы білім алған талапты ұстаз туған ауылына оралып Ы. Алтынсарин атындағы орта мектепте математика пәнінен дәріс береді. - Менің ұстаздық кәсіпті қалауыма қазақ фельетонының асқан шебері, кейіннен республикалық сатиралық «Ара» журналын ұзақ жылдар басқарған Жүсіп Алтайбаев ерекше ықпал етті. Оқу орынында қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берген қаламгер немере ағамның үйінде тұрды. Ол кісінің зердесіне әлі күнге таң қаламын. Ескілікті қисса-дастандарды сағаттар бойы жатқа соғудан жалықпайтын, - деп Жұмекең алғашқы ұстазы жайлы тебірене еске алады.

Ақсары жүзі алаулай қалған қария кеңсірігіндегі көзәйнегін тіктеп қойып әңгіме өрімін отты жылдарға бұрды.

- 1943 жылдың қақаған қысында әскер қатарына шақырылдым. Бір жылдай соғыс жағдайына байланысты Семей қаласына көшіріліп әкелінген Тамбовтың Қызыл Тулы жаяу әскер

училищесінде оқыдым. Сол кездегі майдан қаруларына жаттағып, 1944 жылдың қазан айының онбірінші жұлдызында алғаш рет ұрысқа кірдік. Бұл күн мен үшін мәңгілік ұмытылмас кезеңім болды. Өлім мен өмір таразыға түсер тұста бір топ офицер партия мүшелігіне қабылдандық. Жалпы сол кездегі ұрпақтың бойында ұлы мұраттарға деген сенім күшті еді ғой. Ұзақ қарттығыма да сондай рухани қуаттың дем бергені даусыз. Висла өзенінде үш ай қорғаныста болып, мұз қатқан кезде бақайшығына дейін қаруланған жауды кейін ығыстырдық. 1944 жылдың күзінде жау барлаушысын қолға түсіріп «тіл» әкелгенім үшін өңіріме «Ерлігі үшін» медалін қададым. Неміс әскерінің қоршауында қалған ондаған елді мекендерді азат ету жорығына қатыстым. Бірнеше Еуропа мемлекетін көктей өттік. Взвод командирі ретінде қарамағымдағы жасақты жау ұясын талқандауға жұмылдырдым. Лейтенант шенінде жараланған сардардың орнын басып рота басқарған шағым да болды. Ұлы Отан соғысы мен үшін 1945 жылдың ақпан айының оныншы жұлдызында аяқталды. Бұл бейбіт жатқан Кеңес елінің шекарасына опасыздықпен басып кірген Фюрер әскерінің маңдайы тасқа тиіп кері серпілген шағы еді. Шығыс Пруссиядағы шағын ғана Дойч - Кроне қаласының шебін бұзуға бомбылағыш ұшақтар, онан кейін ауыр артиллерия

пайдаланылды. Әйтсе де әрбір ғимаратты тосқауыл еткен неміс жендеттері оңай беріле салған жоқ. Қалаға бірінші болып менің взводым кірді. Әрбір үй үшін алапат шайқас жүріп, жау мергенінің оғынан ауыр жараландым. Осы ұрыстағы взвод жауынгерлерінің ерлігі жоғары бағаланды. Мен армия генералының ұсынысы бойынша Богдан Хмельницкий орденіне ұсынғанына Харьков қаласындағы госпитальда жатқан кезімде хабардар болдым - деп Жұмекең отты жылдар әңгімесіне түйін жасағандай ойланып қалды.

Бірінші Белорус майданында жорық жолынан өткен жаралы жауынгер Жеңіс сағаты соққаннан кейін туған ауылына оралып сүйікті кәсібімен қайыра қауышады. Еңбек ете жүріп Қарағанды мұғалімдер институтын сырттай оқып бітіреді. Осы Шет ауданында қатардағы мұғалімнен мектеп директоры, аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі тәрізді лауазымды қызмет сатыларына дейін көтеріледі. Бейбіт өмірдегі жемісті еңбегі үшін 1966 жылы «Құрмет белгісі» орденімен наградталады. Осыдан үш жыл бұрын дүние салған аяулы жары Рәш Шәріпова апай екеуі құстың қос қанатындай болып ұстаздық еңбекте, ұрпақ тәрбиесінде ауылдастарының айрықша құрметіне бөленеді. Бүгінде олардың кіндігінен тараған 10 баланың сегізі жоғары, екеуі арнаулы орта білім алып еліміздің әр түкпірінде табысты еңбек етуде.

Алды ғылым кандидаты. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырған ауылдың құрметті азаматы, соғыс және еңбек ардагері Жұматай ақсақал Ұлы Жеңістің 50 жылдығы кезінде ел Президентінің қолынын Тәуелсіз еліміздің тұңғыш «Ерлігі үшін» медалін алған сирек қарттардың бірі. Бүгінде Шет өңірінде қалған санаулы соғыс ардагерлерінің бірі - аяулы ұстаз, бақытты ата, отан сарбазы Жұматай ақсақал жайлы әңгіmemізді оның 80 жылдық мерейтойы кезінде шығарылып, отбасылық альбомында сақталған мына бір өлең шумағымен аяқтауды жөн көрдік.

Шәкірт үшін тер төккен қыс,
жазда да,
Қанат берген талмайтын
ұшқандарға.
Зор денсаулық, мол бақыт
тілейікші,
Отан үшін от кешкен, асыл аға!

Ғаббас СМАҒҰЛОВ.

«Орталық Қазақстан» газеті, 09.09.2003 жс.

ЕРЛІГІ ҰРПАҚҚА ҰРАН

«Ардагерлерді ардақтайық» акциясына орай
Ыбырай Алтынсарин мектеп-гимназиясының
оқушылары соғыс және еңбек ардагері,
ауданымыздың Құрметті азаматы, қарт ұстаз
Жұматай Құтжановтың шаңырағында болып
қайтты. Ауылдың үлкен-кішісі Жұмекең деп
құрметпен атайтын, ауыл адамдары қадір
тұтатын осынау қарапайым адамның бар саналы
ғұмыры ұрпақ тәрбиесіне арналыпты.

Жұмекең ақсақал 1917 жылы 7 қаңтарда Шет ауданында жұмысшы отбасында дүниеге келген. 1937 жылы 7 сыныпты аяқтап, сол жылы Ақмола педагогикалық училищесіне түсіп, оны 1940 жылы бітірген соң, өзі білім алған Ы.Алтынсарин мектебіне орналасты. 1943 жылдың наурызына дейін мектептің оқу ісін басқарса, кейінде мектеп директорына тағайындалды.

Ел басына күн туған Ұлы Отан соғысы кезінде қолына қару алып, көппен бірге ел қорғауға аттанған ардагер 1943 жылы Тамбов жаяу әскер училищесіне әскери комисариаттың жолдамасымен барып, училищені 1944 жылы үздік аяқтап шықты.

Жұматай атаның айтуынша, дәл биылғыдай үскірік аяз 1943 жылы болыпты. Сол суықта 13 күн жүріп Семейге әрең жетіп, осы оқуға түскендігін тілге тиек еткен еді.

Соғыста поляк жерінде, Висла өзенінің жағасында майданның алғы шебінде, Белорусь майданында взвод командирі болды. 1944 жылдың 20 қазанынан бастап, 1945 жылдың 10 ақпанына дейін жауды қуа ұрыс салып, Германия жеріндегі кескілескен ұрыстарға қатысты. Кейінде Одер өзенінің жағасында жан алып, жан беріскен ұрыста жараланып, елге оралған.

Майдан жорықтарында көрсеткен ерліктері үшін Жұматай ата көптеген медальдармен, «Богдан Хмельницкий» орденімен марапатталған.

Кейін бейбіт заманда, 2009 жылы Белорусь жерін немістерден азат етудегі ерен ерлігі үшін мерекелік медаль келгені де ол кісінің ерлігіне берілген үлкен баға екені даусыз.

1945 жылы мұғалімдік қызметіне қайта кірісіп, 1948 жылға дейін Ы.Алтынсарин мектебінде директорлық қызмет атқарды. Ұстаз еңбегі шәкіртімен бағаланады десек, қырық жыл білім беру саласында жемісті еңбек еткен Жұмекеңнің алдын көріп, білім нәрімен сусындаған шәкірттері бүгінде кең байтақ еліміздің түкпір-түкпірінде әр салада нәтижелі еңбек етуде. Иә, ұстаз үшін шәкірт әркез мақтаныш. Жұмекең

де өзінің алдынан білім алған шәкірт, бүгінгі елімізге танымал азаматтарды мақтан тұтады.

94 жастағы ұлағатты ұстаз, ауылымыздың қадірменді ақсақалы Жұматай Құтжанұлы Рәш апаймен он бала тәрбиелеп өсірген. Рәш апа да өмірінің соңына дейін осы мектепте көп жылдар ұстаздық еткен. Ұстаздар ұясынан қанат қаққан балалары да жоғары білім алып, әр жерде еңбек етуде. Шаңырағындағы ұлы Серік пен келіні Сәуледен өрбіген немерелерінің ортасында бақытты ғұмыр кешіп жатқан ардагер аға өзіне сый мен құрмет көрсетіп отырған мектеп ұжымы мен оқушыларға аталық ақ батасын беріп, ризашылық танытты.

Жұмекең ақсақалмен болған осы кездесуде үлкен ой түйіп, шәкірттеріміздің бойына ерекше жігер бергендей әсерде тарастық.

А. САДЫБЕКОВА

«Шет шұғыласы» газеті, 18.02.2010 ж.

65-летие
ОСВОБОЖДЕНИЯ
БЕЛАРУСИ
ОТ НЕМЕЦКО-ФАШИСТСКИХ
ЗАХВАТЧИКОВ



3 июля –
ДЕНЬ
НЕЗАВИСИМОСТИ
РЕСПУБЛИКИ
БЕЛАРУСЬ
(День Республики)

Уважаемый (ая) Александр
Александрович!

Примите искренние поздравления с Днем Независимости Республики Беларусь и 65-летием освобождения нашей Родины от немецко-фашистских захватчиков.

Уверен, что в любом уголке Беларуси и в любой стране мира Вы встречаете нынешнюю святую годовщину со слезами радости на глазах, вспоминая ратные дела и боевых друзей.

Для нас этот главный государственный праздник символизирует историческую преемственность, мужество и нестигаемую силу духа народа-победителя.

Мы бережно храним память о беспримерных свершениях солдат и офицеров Великой Отечественной войны, самоотверженных тружеников тыла. Вы и Ваши ровесники отстаивали нашу свободу в тяжелой борьбе с оккупантами, дали возможность жить и работать ради построения сильной и процветающей Беларуси.

Неразрывная связь поколений – залог единства и сплоченности белорусского народа перед лицом испытаний. Наследники и продолжатели славных патриотических традиций всегда будут беречь заветное Вами достояние – мир и спокойствие на родной земле.

Надеюсь, что Вы еще многие годы останетесь в боевом ветеранском строю, будете служить примером стойкости и верности гражданскому долгу.

Низкий поклон и вечная благодарность за все, что Вы для нас сделали. Желаю Вам крепкого здоровья, долголетия, бодрости, счастья и добра.

Президент

Республики Беларусь

А. Лукашенко

А. Лукашенко



АСҚАҚ РУХТЫ ҰЛЫ ЖЕҢІС

(Аудан орталығында өткен мерекелік шеруден репортаж)

Күндей күркіреп өткен сұрапыл соғыстың Жеңіспен аяқталғанына 65 жыл толуына арналған мерекелік салтанат соғыс құрбандарына арналған ескерткіш монументке гүлдесте қоюмен басталды. Кешегі қанды қырғыннан елге аман оралған ардагер әкелеріміздің қатары сиреп қалған. Бүгінде сексеннің сеңгірінен асып, тоқсанның тұғырына табан тіреп отырған соғыстың соңы солдаттары, тылда еңбек еткен ардақты аналар, аудан тұрғындары, Ауған соғысы мен Чернобыль апатына қатысқандар ескерткіш басында майданнан оралмаған жауынгер жерлестерін бір сәт үнсіз тұрып еске алды.

Жеңістің туын желбіретіп өткен 9 мамыр мерекесінің жалғасын аудан тұрғындары орталық алаңда қарсы алды. Жаралы жылдар жаңғырығындай болып төгілген соғыс кезіндегі әндер шарықтай шалқып, омыраулары орден, медальдарға толы ардагерлер рухын асқақтата түскен. Мерекеге орай әсем безендірілген алаңға аудан жұртшылығы көптеп жиналған. Бұл күн ерлік пен қаһармандықтың, жеңістің символы. Бұл

күн отанның абыройы мен бостандығын жоғары қоятын және бейбітшіліктің құнын білетін адамдардың жүрегінде мәңгі сақталмақ. Елі мен жері үшін қан майданда жанқиярлықпен күрескен майдангерлер мен тыл ардагерлерін және аудан жұртшылығын аудан әкімі Қ.Тілеубергенов, аудандық Мәслихат хатшысы Р.Мақсұтов, аудандық еңбек және соғыс ардагерлері кеңесінің төрағасы Қ.Сейілбеков мерейлі мерекелермен құттықтап, ақ тілектерін білдірді. Кешегі майдангер, ауданның Құрметті азаматы, қарт ұстаз Ж.Құтжанов жиналғандарға игі тілегін білдіріп, ұрпаққа ұран боларлық өңегелі сөздерін арнады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы, генерал-лейтенант Әділ Шаяхметовтің аудан әкімі атына аудан тұрғындарын Жеңіс мерекесімен құттықтап жіберген жедел хаты оқылды.

Ұлы Жеңіске арналған мерейлі мерекеде майдангерлер мен тыл ардагерлеріне сый -сияпат жасалды. Жергілікті бюджеттен көзі тірі 12 соғыс ардагерлерінің әрқайсына 50 мың теңге, 208 тыл ардагерлеріне әрқайсысына 5 мың теңге, Германияны жеңгені үшін медалімен марапатталған 1 адамға 10 мың теңге, соғыста қаза болғандардың жесірлеріне 10 мың теңгеден, Ауған соғысына қатысқандар мен Чернобыль апаттарына қатысқандарға 10 мың теңгеден, бейбіт уақытта

мүгедек болған жандарға әрқайсысына 5 мың теңгеден, барлығы 3 млн. теңге қаражат бөлініп, санаттары бойынша жеке есеп шоттарына аударылды.

Мерекеде соғыс жылдарының әндері шырқалып, аудандық «Атамекен» ардагерлер ансамблі ұжымының және аудандық мәдени-сауық орталығының театрландырылған қойылымдары соғыс жылдарынан сыр шерте, шынайы орындалды.

...Қайырылмай қалай кетесің,
Хабарсыз қалай ол тоқтар.
Көрдің бе оның көкесін,
Соғыстан қайтқан солдаттар?...

деп тебіренген үнге ілесе «көкелеген» баланың өксікке толы дауысы естілгенде, көзіне жас алмаған адам қалмады. Соғыстан қайтқан солдаттардың етегіне оралып көкесін іздеген бала - Нартай бақытты балалық балдәурен шағын сұрапыл соғыс ұрлаған буынның талайын еріксіз күрсінтті. Сондай-ақ, «Ақ әжелер» ансамблі мен мәдени-сауық орталығы, М.Горький мектеп-гимназиясы, №11 кәсіптік мектеп, аудандық «Балдырған» балабақшасының кішкентай бөбектерінің мерекеге арнайы дайындаған әсем әндері мен мың бұрала орындалған билеріне жиналған жұртшылық ризашылық білдіріп, қол соқты.

Мерекелік салтанат аудан әкімінің жүлдесіне арналған жеңіл атлетикалық жүгіріс жарысына ұласты. Бұл дәстүрлі жарысқа ауыл, кент округтерінен барлығы 15 команда қатысып, жүлдені сарапқа салды. 6-7 сынып оқушылары арасында бірінші топ бойынша ұлдар мен қыздар мың метрге жүгірді.

Аудан әкімінің жүлдесіне арналған жеңіл атлетикалық жүгіріс барысы бірінші топ бойынша 6-7 сынып оқушылары қыздар арасында Назерке Кәрімова (Нұраталды ОМ) бірінші орынды, ұлдар арасында бірінші орынды Тахауи Толғанбек (Ақой), екінші топ бойынша 8-9 сынып оқушылары арасында қыздардан жүлделі бірінші орын Лариса Хабирова (Дария), ұлдар арасында Абай Әуесханов (М.Горький МГ) бірінші орынға қол жеткізді. Үшінші топ бойынша 10-11 сынып оқушылары арасында қыздардан бірінші орынды Біләл Ақнұр (Абай ОМ), ұлдар арасында бірінші орын Шоқан Қариполла (Ақой ОМ), төртінші топ бойынша 18-29 жас арасында қыздардан бірінші орынды Айсұлу Бекетаева, ұлдар арасында бірінші орынды Рауан Әлкенев иленді.

Топтар бойынша жүлделі орындарға қол жеткізген спортшылар аудан әкімінің жүлдесі мен аудандық білім, денешынықтыру және спорт бөлімінің грамоталарымен, арнайы кубоктарымен марапатталды. Ұлы Жеңістің 65 жылдығын

осылайша атап өткен аудан жұртшылығы ризашылықпен тара­сты. Күндей күркіреп өткен соғыстың соңғы солдаттарының рухын асқақтатқан мереке дүбірі көпке дейін естіліп жатты.

«Шет шұғыласы» газеті, 13.05.2010 ж.

ҰМЫТ ҚАЛҒАН ОРДЕН ҰМЫТЫЛҒАН ЕРЛІКПЕН ПАРА-ПАР

Жеңісті жақындатқандардың қатары сиреді. Ат төбеліндей ғана қалды. Сол топтың ортасында Шет ауданына есімі мәшһүр, Ұлы Отан соғысының ардагері Жұматай Құтжанов атамыз бар. Бұл күні тоқсанның төртеуінде. Осыдан 66 жыл бұрын Белорус жерін неміс басқыншыларынан тазартқан қылыштың жүзіндей қылшылдаған жігіт бүгінде ақарлы-шақарлы ақсақал. Құдай қосқан жары екеуі ұлын ұяға, қызын қияға қондырды. Немере, шөбере сүйді... бірақ көңіліне күтпеген жерден кірбің түсіпті. Өткен жылы Қарағандыдан Ұлы Жеңістің 65 жылдығына арналған «Ұлы Отан соғысына қатысушы-қарағандылықтар» аталған кітап шыққан екен. Онда Ұлы Отан соғысына қатысушы ардагерлер топтастырылыпты. Өмірбаяны, қашан әскер қатарына шақырылып, қан майданда шайқасқаны, алған марапаттары жазылған. Әрбір ардагер жеке-жеке бетке суретімен жарияланған. Құрметтің бір белгісі. Изеттің үлгісі. Зор еңбек.

Десек те... Қолына бұл кітап тиген қарт офицердің жүрегі солқ еткен. Тоқтап қалмаса да,

жарыла жаздаған. Өзінің суреті мен өмірбаяны орналасқан 259-шы бетте Польшаны азат етудегі ерлігі үшін алған «Богдан Хмельницкийдің III дәрежелі» ордені туралы бір ауыз сөз жоқ! Басқа марапаттары, орден-медальдары бар да, ол жоқ! Жалма жан кітапты шығарушы жауапты тұлғаларға хабарласқан «Бұл қалай? Өзім қағазға жазып бергенде, бар еді. Енді неге жоқ?» Олар «Тергенде қалып қойған ғой. Компьютермен тергізіп, кітаптың сол бетіне желімдей салыңыз» депті.

«Мен үшін ол орденнің қандай қымбат екенін білсе ғой олар. 1943 жылы әскер қатарына шақырылғанда Семейдегі Тамбовтың әскери училищесіне офицерлік оқуға жібереді. Кейін училище Тамбовқа ауыстырылды. Училищеден лейтенант атағын алып шықтым. Іле соғысқа аттандық. I Белорус майданында 277 атқыштар полкінің, 175 атқыштар дивизиясының взвод командирі болдым. Польшаның Лодзь, Богдыш қалаларына бірінші болып кірген біздің взвод. Осы кескілескен шайқаста, Одер өзенінің жағалауында жараланып, мені емделуге жөнелтті. Сонда командирлер «сені наградаға ұсынамыз» деген еді. Награда туралы хат әкеме дәл менің үйлену тойымда 1946 жылы келді. 1947 жылы тұңғыш баламның шілдеханасында орденнің өзі келді. Жуковтың бұйрығымен. Бұл орденнің

тарихы тереңде. Ал мына кітапқа енбей қалғаны жаныма қатты батты. Моральдық соққы болды маған. Жауапкершілік қайда?» дейді ардагер. Болашақта қайта басылып жатса, ақсақалдың بازیнасы ескерілуі тиіс. Кешірім сұралса да, артық емес.

Богдан Хмельницкий ордені 1943 жылы 10 қазанда СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен бекітілген. Орденмен жауды талқандауда ерекше шешім мен ерлік, батылдық танытқан Қызыл Армияның және Әскери-Теңіз флотының командирлері мен жауынгерлері, партизан отрядтарының жетекшілері мен партизандары марапатталған. Олай болса, атамыздың майданда көрсеткен ерлігінің қаншалықты екенін осы орден арқылы салмақтай беріңіз. Жалпы орден үш дәрежелі. Жұматай ақсақалға бұйырған Богдан Хмельницкийдің ІІІ дәрежесі командирдің қол астындағы жауынгерлерін қалаға бірінші болып бастап кіріп, жеңіске жол ашқан ерлігі үшін беріліпті. Жанын шүберекке түйген жанкештілігі үшін. Судай төгілген қанмен, бәйгеге тігілген шыбын жанмен келген орден қалай ғана құнды болмасын?! Білмейтіндер білместікпен қадірін түсіргені болмаса. Қарт офицер соған налиды. «Бір атым насыбайдан қалатын көңіл» емес пе?! Ұмыт қалған орден ұмытылған ерлікпен пара-пар секілді.

Бір қуаныш, бір реніш қапталаса да келетін өмір ғой. Орденінің атаусыз қалғанына қапа боп жүргенде, қарулас досы табылыпты. Әскери училищеде бірге оқыған. Майданға бірге аттанған. Кейін госпитальде де бір болған. Содан кейін өмірдің ағысымен бір-бірінен көз жазып қалыпты.

Тек 66 жылдан кейін ғана тағдыр қайта тоғыстырыпты. Балалары мен немелерінің интернет арқылы іздеуінің нәтижесінде. Досы - Құрман Қожахметов Алматыда, Ұйғыр ауданында тұрады. Телефон арқылы сөйлескен Жұматай атамызға «өзіміз тағдырдың жазуымен аралас-құралас бола алмадық. Енді бұдан былай балаларымыз бір-бірімен араласып, туыстай боп кетсін», - деп тілек айтыпты. Бүгінде, естуімізше, жоғалып табысқан достар туғандай араласып кетіпті...

Орден жайына келгенде, қарияның көңілінде қаяу-мұң...

Ұят болды...

Қызғалдақ АЙТЖАНОВА

«Орталық Қазақстан» газеті, 07.05.2011 ж.

ҰРПАҚҚА ҰРАН БОЛҒАН ҰЛЫ ЖЕҢІС

Ерлік пен елдіктің, қайтпас қайсарлық пен батырлықтың белгісіндей болған 9 мамыр мерекесіне де 66 жыл толып отыр. Ұлы Жеңіс әлем халықтары үшін де үлкен оқиға. Сұрапыл соғыс миллиондаған адамдардың өмірін қиып, жүздеген қала мен елді мекендерді тып-типыл етті. Сөйтіп соғыс әр үйге, әр отбасының өміріне жазылмас жараның ізін қалдырды. Ұлы Отан соғысы - Кеңес Одағы халықтарының тарихындағы қасіретті бет қана емес, сонымен қатар ол халықтардың теңдесі жоқ ерлігі мен қажырқайратының, бірлігінің дәлелі.

Мамыражай мамырдың шуақты күні төңірекке мерейін шашуда. Жеңіс туын желбіретіп өткен 9 мамыр мерекесі аудан орталығындағы мекеме, ұйымдар мен мектептердің шеруімен басталды. Ұрандар жазылған транспаранттар көтерген шерушілер орталық алаңға жақындады. Жаралы жылдар жаңғырығындай болып төгілген соғыс кезіндегі әндер шарықтай шалқып, омыраулары орден - медальдарға толы ардагерлер рухын шалқыта түскен. Шерушілер кешегі сұрапыл соғыста ерліктің ерен үлгісін көрсеткен

жерлестеріміздің есімі жазылған монумент алдына тоқтап, гүл шоқтарын қойып, еліміздің Тәуелсіздігі жолында шейіт болып, майдан даласынан оралмаған боздақтарды 1 минут үнсіз тұрып, естеріне алып, рухтарына тағзым етті.

Мерекеге орай әсем безендірілген алаңға жұртшылық көп жиналған. Алаңға арнайы қойылған орындықтарға майдангерлер мен тылда еңбек еткен ардагерлер жайғасқан. Олар соғыста ерлік көрсетумен қатар, соғыстан кейінгі жылдары халық шаруашылығын қалпына келтіруге зор үлес қосты. Ал, Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдерде де кешегі майдангерлер мен тыл ардагерлері еліміздің нығайуына атсалысты. Олар өз өмірлерімен, өз істерімен және қадамдарымен қазақстандықтардың жаңа ұрпағын төзімділікке, қиындықтарды еңсерудегі табандылыққа үйретіп, бойларына өршілдік, қазақстандықтар құрып жатқан зор болашаққа деген берік сенім ұялатты.

Елі мен жері үшін кеудесін оққа төсеп, жанқиярлықпен күрескен майдангерлер мен тыл ардагерлерін және аудан жұртшылығын аудан әкімі Қ.Тілеубергенов құттықтады.

Ұлы Отан соғысы біздің халқымыздың, аға буын өкілдерінің, біздің әкелеріміз бен аналарымыздың биік рухын, ерлігі мен қаһармандығын күллі әлемге танытқан соғыс болса, Ұлы Жеңіс аға ұрпақтың сол ұлы ерлігін

мәңгілік ел жадында сақтауға арналған қасиетті мереке, - дей келіп, біз халықтар арасындағы достық пен бірлікті қастерлеген аға ұрпақтың жалғасы екенімізді мақтан етеміз, - деді.

Аудандық Мәслихат хатшысы Р.Мақсұтов жиналған көпшілікті мерейлі мерекелерімен құтықтап, ақ тілегін білдірді. Ұлы Жеңіс құрметіне арналған салтанатта майдангерлер, ауданның құрметті азаматтары Ж.Темірбеков, Ж.Құтжанов, ұрпаққа ұран боларлық сөздерін айтты.

Мерекеде соғыс жылдарының әндері орындалып, «Атамекен» ардагерлер ансамблі ұжымының және аудандық мәдени-сауық орталығы өнерпаздарының қойылымдары соғыс жылдарынан сыр шерте шынайы орындалды.

Мерекелік салтанат қалыптасқан дәстүр бойынша аудан әкімінің жүлдесіне арналған жеңіл атлетикалық жүгіріс жарысына ұласты.

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 66 жылдығына арналған жарысқа барлығы 100 спортшы қатысты. Жүлделі І-ші орынды Төменгі Қайрақты орта мектебі жеңіп алды. ІІ-ші орынды Дәрия, ІІІ-ші орынды Ы.Алтынсарин мектеп-гимназиясы иеленді.

Б. ТОЙШЫБЕК

«Шет шұғыласы» газеті, 12.05.2011 жс.

ЕРЛІК - ЕЛГЕ МҰРА, ҰРПАҚҚА ҰРАН

Мен осыған дейін көрген-білгенімді, оқыған үйренгенімді саралай келе, «Мен кімді үлгі тұтып ой бөлісем екен?» көптен өзімді мазалаған сауалға жауап тапқандаймын. Олай дейтінім өз өлкемнің майдангер ардагерлері туралы жазуды ұйғардым. Биылғы жылы Ұлы Отан соғысының аяқталуына 70 жыл толып отыр. Ардагер аталарымыз бен апаларымызды 9 мамыр Жеңіс күнімен құттықтаймын. Қазіргі таңда тәуелсіз елде тұрып жатқанымыз осы ардагерлердің арқасында деп білемін. Бұл кешегі өткен соғыс, бүгінгі тарих. Кешегі өткен шындық оқиға, ал болашақ ұрпаққа аңыз. Бұл соғыста 20 миллионнан астам адамның өмірін жалмады. Арада 70 жыл зымырам өте шықты. Өз өлкемнің соғыс ардагері, ұлағатты ұстаз - Жұматай ата жергілікті жердің тумасы, соғыс ардагері. Қазір атаның жасы жүзде. Еңбекқор, шыдамды, Отанына адал еліне, жеріне еңбегі сіңген білімді жан. 1943 қаңтар айының басында аудан орталығындағы орта мектепте мұғалім болып жүрген кезде әскер қатарына шақыртылыпты. Бір жылдай Семей қаласында

Тамбовтың қызыл тулы жаяу әскер училищесінде оқыпты. Училищеде республиканың түпкір-түпкірінен келген қазақ жастары соғыс тактикаларын үйреніп жаттығады. Бірнеше жауынгер достары болған екен. Көбісі сол соғыста қайтыс болған. 1944 жылы қазан айының 11 жұлдызында лейтенант шенінде Белорусь майданы 175-ші атқыштар дивизиясының 277-ші атқыштар полкі құрамында взвод командирі лауазымында алғаш рет ұрысқа кіріпті. Бұл күн ол кісі үшін ұмытылмас күн. Ұрыстың алдында бірнеше офицер партия қатарына қабылданған. Бұл ол кісілердің жауапкершілігін арттыруға жасалатын әдіс болса керек. Висла өзенінің бойында үш ай қорғаныста мұз қатқан кезде олардың дивизиясы неміс басқыншыларына шабул жасап, кері қарай ығыстырған екен. Жаудың барлаушысын қолға түсіріп, «Тіл» әкелгені үшін «Ерлігі үшін» медалімен марапаталған. Взвод командирі ретінде бірнеше Еуропа мемлекеттерін азат етіп, қиян-кескін қанды ұрыстарға қатысып, жаудың тылына енген көрінеді. 1945 жылы ақпан айының 10 жұлдызында Шығыс Пруссиядағы шағын Дойч-Кроне қаласының шебін бұзуға Жұматай атаның взводы бірінші болып кірген. Осы ұрыста ауыр жараланып, армия генералының ұсынысы бойынша ерен ерлігі үшін III дәрежелі «Богдан Хмельницкий» орденіне ұсынылыпты. Бұл

мәліметті көршісі болсам да, маған айтқан емес. Өзім ізденіп, газеттерді ақтарып отырып тауып алдым. Қанша сұрақ қойсам да, соғыс уақытын еске алуды ұнатпайды. От кешіп, оқ астында жүргенін, фашистпен бетпе-бет кездескенін, майдандастарының көз алдында сұлағанын, қызыл тудың бірде аспандап, бірде құлағанын ұмытқысы келетіндей үндемей, айтпағанды жөн көреді. Үйіне аман-есен Алла жарылқап оралғандар, яғни жерлестері - Жамантай, Мұқажан, Шәукей т.б аталармен бірге мектептегі кездесулерде бас қосушы еді. Оқушылар сұрақ қойғанда соғыс туралы айтқылары келмей, сендер сұм соғысты көрмеңдер, бақытты болыңдар деп қоятын. Жеңіс туын жақындатқан батырлардың да саны сиреп келеді. Олай дейтінім, мен бастауыш сыныпта оқып жүргенде олардың саны он шақты болушы еді. Бүгінгі таңда бар-жоғы үшеу ғана. Олардың үшеуінің де жасы қазір жүзге аяқ басып отыр. Сол кісілердің сырты бүтін секілді көрінгенімен, іші алай-түлей екендері көрініп тұратын. Жұматай ата таңғы алтыдан тұрып алып, өзінің ауласындағы бау-бақшасында, қорасындағы малына бас-көз болып жүреді. Іздесең ауладан табушы едік. Далада жүріп, енді нұрын ауыл үстіне шаша бастаған күнге ризалық кейіппен әжімді бетін тосып тұрады. Сыртқа шығарып айтуға болмайтын, «О, жаратқан ием» дегені күрсінісімен бірге

білінбей шығып жатады. Бес саусақты сол қолына жіңішке шыбықты ұстап, тесіп жіберетіндей жерге телміріп, өз өмірінің сызба үлгісін кескіндегендей шимайлап отырады. Көрші маңайымен қауқылдасып, ілтипат та жасай біледі. Келген балаларды құр жібермей, келіні пісірген шелпегінен, кәмпитін де таратып отырады. Балалардың барлығы бұл үйде «Ұлы Отан соғысының ардагері тұрады» деп, барлық көше тұрғындары, халқы мақтан тұтады. Құрметтейді.

Бірде жанында отырып тыңдаған әңгімесінен көп нәрсені ұқтым.

- Солдат жаны-қатып қалған тас емес, ол да ет пен сүйектен жаралған адам, сондықтан адамзатқа тән нәрсенің бәрі оған тән. Ұлттық мақтаныш дегеніміз не? Ұлттық мақтаныш - жеке адам мен ұлт үшін бұзылмас заң, әрі қасиетті сезім. Кімде-кім өз ұлтына деген терең сүйіспеншілігі мен мақтаныш сезімі арқылы басқа ұлттарды танып, құрметтеп, оларды білуге тиіс...

Бұл әңгімеден түйгенім: Жұматай атаның ұлтшыл адам екенін көріп, әңгімесін тыңдай отырып, бойымда патриоттық сезім ұялады. Ал енді биыл батыр атама жүрек жарды өлең жолдарымызды арнап барғанымызда, көзіме жас алдым. Себебі, атамның көзінен мұң көрдім. Әлі айтылмай қалған, зерттелмей қалған ой көрдім...

Атама жырымызды, әнімізді оқып, айтып бергенде, қолын соғып, ризашылығын білдірді. Осынша білімді жанды ешқандай жамандыққа қимаймын... Қимай, қинала жаным ауырады. Атам шіркін мәңгілік болса ғой...

Атамыздың үйіне барып, көңілімізде жүрген сауалдарымызды қойып, бір қуанып қалдық. Қазақтың батыр қызы Әлия Молдағұловамен бетпе-бет кездескенін естідік. Бұл біз үшін үлкен мақтаныш.

Көпті көрген көнекөз қариядан ұлағат алсын, ғибрат алсын деп бізді ұйымдастырып апарған мектеп-гимназия директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Аманқызына, тарих пәнінің мұғалімі Е.Қызыловқа, сынып жетекшілеріміз А.Нағыметов пен А. Құрмашеваға алғысымыз шексіз.

Ақерке ТҮСІПХАНОВА.

«Шет шұғыласы» газеті, 12.03.2015 ж.

ЕР ЕСІМІ - ЕЛ ЕСІНДЕ

Биыл Ұлы Жеңіске 70 жыл толмақ. Бұл сол сұрапыл соғыс кездері аталарымыздың ержүректілігін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Ерлікпен оралған әкелерін, аталарын немерелерін қашанда құрмет тұтып, есте сақтайтыны анық.

Менің әкем Арыстанов Ахметжан 1918 жылы Қарқаралыда дүниеге келген, кейін 1932 жылдары қиын-қыстау кездері Шет ауданына қарасты Ақсу бөлімшесіне көшіп келіп қоныстанған. 1937 жылдары Целиноградттағы педучилищеде Шет ауданынан Құтжанов Жұматай, Жұқанов Шәукей ақсақалдармен бірге оқығаныны, аудан мен екі ортаға үш күн жүріп жететінін айтып отыратын. Бүгінгі күні үшеуінің сол жылдары түскен суреттері сақтаулы, оны әжем ерекше құрметтейді.

Соғысқа 1939 жылы Ақмола әскери комиссариатынан шақырылып, Жапон соғысында құрлық Саремоны азат етуге қатысқан. 1939-40 жылдары танкінің атқыштар баталонында 1940-1941 жылы №102 такінің дивизиясының лаборанты болған. Ленин қаласы үшін болған шайқастарда ерекше көзге түсіп, Қызыл жұлдыз ордені, «Отан

соғысы» орденімен марапатталған. Сол қоршау жылдарында 850 мыңға жуық бейбіт тұрғындардың қаза тапқанын кейін қиналып отырып айтушы еді. 1943 жылы қаңтарда 900 күнге созылған Ленинград қоршауы бұзылып, 1944 жылы Ленинград басқыншылардан толық азат етілгенін, басынан бақайшағына дейін қаруланған, Еуропаның көптеген елдерін бағындырған жау әскерінің соғыс жүргізу тәжірибесі өте мол болса да, Кеңес әскері тойтарыс бергенін аса бір қуанышпен айтып жеткізген.

Туған жердің топырағы бұйырмай, шейт болған қазақ азаматтары қаншама деп бір күрсініп қоятын. 1945 жылы басынан жарақат алған ол «Ерлік» марапатталған. Майданда взвод командирі болды. 1944 жылдың 20 қазанынан бастап, 1945 жылдың 10 ақпанына дейін Германия жеріндегі ұрыстарға қатысып, қанды майдан даласында еліміз, жеріміз үшін ерлікпен шайқасып, туған елге жеңіспен оралды. 1945-1946 жылдары жерімізді минадан тазалау жұмыстарына қатысып, елге 1946 жылы оралған. Көптеген мерейтойлық медальдармен марапатталған. Кейінде анам Мұқажанова Шәйзамен үйленіп, 7 бала тәрбиелеп өсірді. Он бес жыл райкомда 1956-1966 жылға дейін жауапты хатшы болып жұмыс істеген. 1966 жылдары ауданның кәсіподақ төрағасы, 1969-71 жылдары Ақшағылда басқарма басшысы болып

қызмет атқарған. 1973 жылдан бастап «Быткомбинат» мекемесінің басшысының орынбасары болып қызмет жасаған осы мекемеден зейнеткерлікке шыққан. Үлкен қызы Майраш ішкі істер бөлімінің жанындағы күзет мекемесінде бас есепші болып 32 жыл жұмыс жасаған. Екінші қызы Бақыты аудандық тұтынушылар мекемесінде товаравед болып жұмыс істеген, қазір Астанада кәсіпкер. Ұлы Жанаты Жаңаарқада теміржол саласында еңбек етуде, кенже ұлы Жұлдызы Астанада кәсіпкерлікпен айналысып өз кәсібін жүргізуде. Алатаудай ата болып немере, шөбере, шөпшек сүйіп солардың қызығын көріп, кеткен атам айтушы еді, миллиондаған адамның қанымен келген бейбіт өмірімізде соғыс оты болмасын деп кейінгі ұрпаққа әрқашан бейбіт өмір тілейтін. Осы тілеуі бүгінде қабыл болуда деп ойлаймын. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін кейінгі жас ұрпақ ұмытпайды. Ол өмір заңы.

«Ер есімі -ел есінде» демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігімізге нұрындай мәңгі шуағын шашпақ. Жеңіс күніне біздің отбасымызда қай кезде де ерекше мән берілетін. Жыл сайын

атамыз нақ осы күнді «тәуба, шүкір» деп үлкен ықыласпен өтуді жөн санайтын. Ол күн бүгінге дейін жалғасып, әкемді есіме алып, құран бағыштатып, дастархан жайып ерекше бір құрметпен күтіп жүреміз.

Б. АРЫСТАНОВА

«Шет шұғыласы» газеті, 14.05.2015 ж.

ҚАРИЯЛАР ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚТЫ

Тоқсан сегіз жас, сөз жоқ, оңай бағындыра салатын шың емес. Мұндай асуларды бағындыра білгендерді ел арасында «сүйегі асыл» деп жатады. Сондай «сүйегі асыл» жанның бірегейі - Ұлы Отан соғысының ардагері Жұматай Құтжанов ақсақал.

Жақында Ы. Алтынсарин атындағы мектеп-гимназиясының 6-9 оқушылары мен сынып жетекшілері Ұлы Отан соғысының ардагері, талай жылдар бойы қара шаңырақ - Ы.Алтынсарин атындағы қазақ орта мектебінде ұстаздық қызмет атқарған Жұматай Құтжановтың шаңырағында болып, көнекөз қариямен сыр бөлісіп қайтқан едік.

Жұматай ата 1917 жылы 7 қаңтарда Шет ауданында жұмысшы отбасында дүниеге келген. 1937 жылы 7 сыныпты аяқтап, сол жылы Ақмола педагогикалық училищесіне түсіп, өзі білім алған Ы.Алтынсарин мектебіне орналасты. Ұлы Отан соғысы басталғанға дейін Ы. Алтынсарин атындағы орта мектепте ұстаздық қызмет атқарды. Соғыс басталған жылы Жұматай ата да қаламды қарумен ауыстырып, болашақ ұрпақ үшін қан майданға аттанады.

Полыпаның Висла өзенінің жағасында майданның алғы шебінде, Белорусь майданында взвод командирі болды. 1944 жылдың 20 қазанынан бастап, 1945 жылдың 10 ақпанына дейін Германия жеріндегі ұрыстарға қатысты. Кейінде Одер өзенінің жағасында кескілескен ұрыста жараланып, елге оралды.

Майдан жорықтарында көрсеткен ерліктері үшін Жұматай ата «Ерлігі үшін» медалімен, III дәрежелі «Богдан Хмельницкий» орденімен наградталған. 2005 жылы Белорусь жерін немістерден азат етудегі ерен ерлігі үшін мерекелік медальмен марапатталған.

Қазіргі таңда ардагер атаның кеудесінде Ұлы Жеңіс күннің мерейлі мезгілдеріне арналған медальдары да жарқырайды.

Ардагер Жұматай Құтжанұлы: «Биыл Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына 70 жыл толып отыр. Саралай қарасаң, қаншама уақыт өте шыққан. Осындай бейбіт күн елімізге қандай ауыртпашылықтармен келгенін біз, соғыс ардагерлері жақсы білеміз. Қанды майдан даласында еліміз, жеріміз үшін ерлікпен шайқасып, туған елге жеңіспен оралдық. Туған жердің топырағы бұйырмай, шейіт болған қазақ азаматтары қаншама? Халқымыз бізді құрмет тұтып, қастерлейді. Осы мерейлі мерекеде барша

қауымға бейбітшілік, бірлік, тыныштық тілеймін» - деген игі тілегін жеткізді.

Соғыстан кейін Жұматай ата туған ауылына қайта оралып, қадірлі жұмысты - ұрпақ тәрбиесін қолына алады. Бұл күндері Жұматай ата оқытып тәрбиелеген, білім нәрімен сусындатқан шәкірттері әр салада еңбек етуде. Тіпті, ата жолын қуып, ұстаз болғандары да аз емес. Міне, нағыз еңбек жемісі?

Марқұм Рәш апа екеуі 10 баланы дүниеге әкеліп, бүгінде өнегелі әке, Алатаудай ата болып отыр. Балалары еліміздің әртүрлі саласында қызмет ететін жоғары білімді, оқыған азаматтар. Немере, шөбере, шөпшек сүйіп отырған бақытты қарияның бүгінгі тілегі - ұрпағының амандығы, миллиондаған адамның қанымен келген бейбіт өмірдің баянды болуы ғана.

Ал, сұрапыл соғысты басынан өткеріп, біздің болашағымыз үшін қан төккен Жұматай Құтжанов секілді ардагерлерімізге қандай сый-құрмет көрсетсек те, артық емес.

**Жанна Рашидова,
Жанар Асылбекова.
Ы.Алтынсарин атындағы
мектеп-гимназияның мұғалімдері.**

«Орталық Қазақстан» газеті, 17.09.2015 жс.

ЖҰМАТАЙ АТАҒА

Сөндіріп алаулаған соғыс өртін,
От кешіп, күн-түн қатып әр қиядан.
Жеңісті алып беріп, дем ап еркін,
45-те қайтқансыз Армиядан.

Содан бері түспепті қалам қолдан,
Нәр алып ұстаздықтан, адал жолдан.
Хмельницкий ордені кеудедегі,
Ерлігіңдей қайтпаған зұлым жаудан.

Саясында ұрпағының аялы,
Бақытты Ата бізге құшақ жаяды.
Біз ұмтылған адамдықтың шыңында,
Үлгі болмақ Абыз өмірбаяны

Темірлан МАРАТОВ,
гимназия оқушысы.

ЖЕТІ АТАСЫН БІЛГЕН ЕР

***Жеті атасын білген ер,
Жеті жұрттың қамын жер.***

АЛТЫ АЛАШ ҚАЙ ЖҰРТ?

Қазақтың баласы қашаннан әйбат сөзге әуес, тәуір тіркеске тәнті. Содан да дыбыстардың бір-бірімен сыңғырлай үйлесуіне үйір, буын сандарының дәл келуіне, тіпті олардың ұйқасып тұруына ұмтылады. Соңғы кезде не жазсақ та, жыға танымағанымызға, түстеп айырмағанымызға қарамастан, ауызға жиілетіп алатын көзге сүйкімді, құлаққа жағымды сондай сөз тіркесінің бірі - «АЛТЫ АЛАШ». Аталмыш ұлы ұғымда құдыретті де тылсымды күш, айбынды да сесті екпін бар. Көбінекей біз «алаш» деген атауды тек қазақтың өзіне ғана қатынасты деп ойлаймыз. Тіпті ішімізден тарихи-этностық келбетімізге тән деп түйсінеміз. Алайда ол кезінде халқымыздың кең саяси-географиялық, яки геосаясаттық ұғымы болғанын да білдіреді.

Сонымен, алты алаш дегеніміз қай жұрт? Бірақ жұрт па, бірнеше жұрт па? Әріден бастасақ, түркі жұртының басқасын қайдам, иісі қазаққа белгілі Толыбай сыншының ұлы Қожаберген жырау (1663-1763) өзінің «Баба тіл» атты тарихи дастанында:

Қазақ, Ұзақ, Созақ пен
Башқұрт, Қырғыз, Татарлар
Бір қауым боп біріккен,
Білмек болсаң, жарандар.

Көсемінен бата алған,
Алты алаш боп аталған.
Нұсқа болып ұрпаққа

Бұрынғыдан хат қалған, - деп жырлайды.

Мұндағы Ұзақ дегеніміз ноғай халқының Алтын орда дәуірінен бұрынғы атауы болса, Созақ дегеніміз қарақалпақ халқының көне аты. Қожаберген жырау Қазақ, Ұзақ, Созақ, Башқұрт төртеуін таза алаш деп бөледі де, Қырғыз бен Татарды кейін қосылған дейді. Көзге елеусіз болғанмен, көңілге әлдеқалай $4 + 2 = 6$ деген қарапайым есепке қарап отырып:

- Апыр-ай, «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді. Төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген мақал сонау қадым заманда дәл осындай мысалдан (сұрыптаудан десе де болады) туған жоқ па екен? - деген ой келді.

Жырау алты алашқа бізбен қандас болса да түрікпен мен өзбекті қоспайды. Екеуінің де бізбен бірге бір атаның балалары екенін мойындай отырып, түрікпенді Өгізден (Оғыз) таратса, ал өзбекті хан атымен аталған түріктің әр ұлтынан (руынан деген мағынада) бас қосқан құрама ел деп,

ұйтқы атасы - Барлас, ана тегі - парсы деп таныстырады.

Енді беріге ойыссақ, демограф ғалымымыз Мақаш Пірәдар Тәтімтегі жазғанындай, «алты алашқа» қазақ өзімен бірге алғашқы Тұран атты, кейін Түркістан деп аталған үлкен және біртұтас жатқан географиялық аймақты мекендеген өзара туысқан түркі тілдес алты ұлысты жатқызған. Оған өзбек, қазақ, ұйғыр, түрікмен, қырғыз және қарақалпақ кірген. Ғалымның топшылауынша, Алтын Орда ыдырап, содан кейін Тұран әмірлігі күйрегеннен соң, алты алаштың басы қосыла алмағаннан кейін, сол жердің ең ірі және кең қоныстанған халқы - қазақтар «алаш» атын өзіне ғана бағыштап сақтап қалған сыңайлы. Тарихтың өзара ұқсас жолдармен әрдайым қайталанып отыратынын мойындар болсақ, бүгінгі күрт өзгерістер заманында бұрынғы алты алаштың бәрін болмаса да соған ұқсас және етене жақын алты арыстың басын қайта қосу мүмкіншілігі туып отыр. Демек, бұрынғы алты алаштың орнына келіп отырған алып алты арыстың ішіне осы аймақтағы, яки Қазақстан мен Орта Азиядағы ағайынды алты республиканың байырғы халықтарын жатқызуға болады: олар - өзбектер, қазақтар, тәжіктер, түрікмендер, қырғыздар және қарақалпақтар.

Сөйтіп, «алты алаш» ұғымын тар мағынада да, кең мағынада да түсінуге болады екен.



Жүмекең мен Рекен



Жүмекең ұлы Есентаймен



«Сарыағаш» курортында. 1995 жыл



Рекең қызы Айкенмен



Қонақтарды шығарып салып тұрған сәті




Немересі Бекжанмен



Алматыда балаларының ортасында



Жүмекең қызы Кенжегүлмен



Жұмекең жиені Айгерімнің университет бітіргенінде балаларымен



Жұмекең күйеу баласы Қайратпен



Жүмекең Марал мен Шолпанның отбасында



Нұрлан, Жүмекең (1-ші қатарда), Кеңесбай (Болат пен Құндыздың құдалары), Марал, Болат



Кенже ұлы Серік отбасымен



Есентай – Несібелді ұлы Ерланның отбасымен.



Немерелері Рүстем, Марат, келіндері Айжан, Индира,
шөберелері Әдел, Әмірхан.



Еркін, Аружан. Айгүл, Сандуғаш



Марал мен Шолпанның отбасы – балалары, күйеу балалары,
немерелері, жиендері



Айкен қызы Мариямгүлмен



Ғалымжан отбасымен



Бейсентай мен Күлпан, ұлы Бақтияр мен Ханиса, немересі /
Нұраймен бірге.



Болат, Құндыз, Әлібек



Серік пен Әлия



Асылжан, Жұлдызай, Салтанат



Қайрат, Айжан, Айгерім



Кенжегүл немерелерімен



Кенжегүл жиендерімен



Айжанның мерейтойында



Әлімжанның қуанышында



Куанышты сәттерден бір көрініс



Зәуре Маралқызы ұлы Батырланмен



Немерелер, шөберелер, жиендер мерейтойда табысты

КЕШЕГІ АҢЫЗ - БҮГІНГІ ШЫНДЫҚ

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «XVIII ғасырда қазақ сахарасында жасындай жарқылдаған Абылай армандап өткен, мұңды шерге толы XIX ғасырда Кенесары қарумен күрескен, жаппай қырып-жоюға қарсы бас көтерген Бөкейхан межелеп кеткен асыл мұраттар өлген жоқ - соның бәрі 1991 жылы 16 желтоқсанда жүзеге асты», - деген еді. Міне, биыл тәуелсіздігіміздің жиырма бесінші жылында тағдырдың осы сирек сыбағасын барша халқымыз пайдаланып игілігін көруде. Соның бір сипаты - өткенімізге үңіліп, тарихымызды танып, болашағымызды бағдарлау.

Заманымыздың ұлы жазушысы, көзі тірі классик Мұхтар Мағауин кезінде тәуелсіздігіміздің он бірінші жылының өзінде қырғыз ағайындардың көңіліне келеді деп Кенесарының мерейтойын асқақтатып өткізе алмағанымызды, өзбек ағайындардың көңіліне келеді деп шекарадағы түйткілдерді батып айтпайтындығымызды қынжыла айтты, ашына айтты. Шынында да бұл не қылған көңіл жықпастық, не қылған жалпақшешейлік?!

Зәуаттық жадымыздан жаңылу - кезіндегі

отарлаушы елдің де, сол зорлықшыл елге жандайшап болған жұрттардың да бүгінгі билік басындағы сайқал саясат ұстанатын ұрпақтарына тиімді. Тарихи жады жоқ халықты билеп-төстеу де, алдап-арбау да оңай.

Әзірейіл келіп
Алсын, мейлі, жанымды,
Күнімді үптеп,
Атырмасын таңымды -
Ұлтым - қазақ екендігін жасырман,
Жасыра алман -

Руымды, қанымды... - деп, азуын айға білеген айтулы ақындарымыздың бірі Иран-Ғайып айтқандай, айдың, күннің аманында қара басып не ғылыпты, құдай жадымыздан жаңылдырмасын деңіз.

«Аз и Я» -
Азия деп
оқталып,
жаңылдым ба?
Жатпаймын мен ақталып...

Танып-біліп өзімізді өзгеден,
Көшеміз біз өзімізді бетке алып, - деп,
Олжас абызша өзімізді өзіміз танудан, өзімізді өзіміз іздеуден танбаймыз. Сырттағы жауларымыз да, іштегі кірме дұшпандарымыз да ұлардай шулай берсін, қанымызды да, жанымызды да жасыра алмаймыз.

Шежіре... осы бір жалғыз сөздің аясында көп мағына бар. Ел мен жердің, халық пен қаһарманның сырты нұрлы, іші сырлы шежіресін жасауға бүгінде ғалымның да, жазушының да, журналистің де, қалың көпшіліктің де атсалысқаны белгілі. Халқымыздың асыл мұрасы, ұланғайыр тарихының куәгері - ру шежіресі соңғы жылдары рухани өмірімізге қайтып оралды. Көптен бері ұлттық басылымдарда бірталай шежіре нұсқалары мен зерттеу мақалалары жарияланып, ара-тұра қызу пікірталастар да болып өтті. Шежіренің тарихи пайда болуы және даму жолдары туралы да аз жазылған жоқ. Әр ру-тайпаның шежіре кітаптары да бірінен соң бірі шығып жатыр.

Біле білген жанға шежіре дегеніміз халықтың қымбат қазынасы. Халық барда шежіре де бар. Түптеп келгенде, шежіре - қазақ халқының бірлігі мен ішінара ынтымағын қалыптастырудың идеологиялық құралы ретінде пайдаланылып келгені айдан анық. Мұны ел билеген озық ойлы хандар мен билер жақсы түсінді.

Тарихыңды, тегіңді білмеу - білімсіздіктің үлкені. Кешегісіз бүгіннің, бүгінгісіз болашақтың жоқтығы аксиома болса да, осы жерде қайталап айтудың реті келіп тұрғаны анық. Әрі-беріден соң ата-бабамыздан «Жеті атасын білмеген жетесіздіктің белгісі» деген әлгіден де қаттырақ айтылған, тіпті сақты сындырып, сүйекке таңба

салатын сөз қалған

Мен тарихшы ғалым Талас Омарбековтің пікіріне толық қосыламын. Ол бүгінгі таңда «Қазақстан тарихы» төңірегінде туындаған келеңсіз жағдай туралы жаны күйзеле айта келіп: «Осы жағдай неге орын алып отыр? Өйткені біздің шенеуніктеріміз Қазақстан тарихын «ғылым» деп қарамайды. «Пән» деп қарайды және «идеологиялық құрал» деп түсінеді. Ал біз үшін ол - ғылым. Халықтың тарихы. «Қазақ тарихсыз тұра алмайды. Әрбір қазақ - тарихшы. Тарих қазаққа керек», - дейміз. Ал шенеуніктер: «Бұл - математика, химия, физика сияқты пән. Бірақ бір айырмашылығы, ол - мемлекеттің саясатын насихаттауы керек. Бұл - идеологиялық пән. Сондықтан Ежелгі дәуірден, Орта ғасырдан бастап оқытам дегенді қойыңыздар», - дейді. Бізде қазақтың әрбір зиялысы өзін «тарихшымын» дейді. Бірақ шын мәнінде бізде тарих қалыптаспаған. Жапония, Қытай сияқты жазбаша тарихы дамыған елдерге барсаңыз, жүз томнан астам тарихтарын жазып тастаған. Бізде тарих бес томнан аспағанын жақсы білесіздер. Біз әлі ақтаңдақтарды зерттеп жатырмыз. Әркім өзінің руынан шыққан батырды мақтап жазып, тарихты әлі құрап жаза алмай жатырмыз. ІПежіреден үкімет айналып қашады. Ал қазақтың тарихы, білесіздер, шежіре» - деп, турасын айтты. Алаштың аяулы қаламгері Ақселеу

Сейдімбек «Қазақтың ауызша тарихын» осыны біліп жазғандай. Осы тұрғыдан алғанда әрбір жарық көрген шежіре түптің түбі жазылатын көлдариядай төл тарихымызға бір тамшыдай болса да тамып қосылып жатқан баға жетпес дерекнама.

Сондықтан да кешегі аңыз - бүгінгі шындыққа айнала берсін дегім келеді. Әлқисса деп әңгімемізді әрі қарай өрбіте берейік...

Бір аңыз бойынша Қазақтың әкесі Айырқалпақ екен. Айырқалпақтан Қазақ, Созақ деген екі бала туады. Осы Қазақтан үш бала туады: Ақарыс (Ұлы жүз), Жанарыс (Орта жүз), Бекарыс (Кіші жүз).

Сәбит БЕКСЕЙІТОВ,
ақын, Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі, ТҮРКСОЙ-дың
«Ұлы Түрік қыраны» медалінің иегері

ТЕК ШЕЖІРЕМІЗ

(Жұмекеңнің жазған жазбаларынан алынды)

Руымыз - Кіші жүз, оның ішінде Жетіру.

Жетірудан жеті бала болған, үлкені -**табын, тама.**

Руы табын 20-25 жасында Жарбол батыр Жәңгір ханның зорлығына көнбей орта жүз Қарқаралы өңіріне келіп мекен еткен. Одан бірнеше жылдан соң Жарболды іздеп інілері Құлбол, Жабағы келген, оларда осы жерде мекендеп қалған.

Жабағыдан:

1)Барлыбай, 2)Ызан, 3)Жұмағұл, 4)Байсал.

1) Барлыбайдан Жүндібай, Шүлембай.

Жүндібайдан Қолдасбай, Игенбай

Қолдасбайдан Қуанышбек. Смағұл,
Қашқынбай, Кәрбай.

Игенбайдан Мұхаметжан

Мұхаметжаннан Амантай (Қарғалы мектебінде директор-мұғалім), балалары Мұрат, Болат.

Шүлембайдан ұрпақ қалмады.

2) Ызаннан ұрпақ қалмады (1932 жылға дейін ұрпақ болған).

3) Жұмағұлдан: Елемес, Тілеген, Байқұл, Жанқұл.

Елеместен Рақымбек
Рақымбектен Құтжан, Сақып, Досжан
Құтжаннан Жұматай
Жұматайдан Есентай, Серік
Есентайдан Нұрлан, Ерлан
Нұрланнан Батырхан, Марат.
Ерланнан Рустем
Серіктен Бекжан, Қайыржан, Әлімжан.

Сақыптан, Досжаннан ұрпақ жоқ.
Тілегеннен Тоқабек
Тоқабектен Қыздарбек
Қыздарбектен жалғыз қыз Үміт (Ақшатау
кентінде тұрады)

Байқұлдан Жақсылық
Жақсылықтан Құсайын
Құсайыннан Дөненбай (Ақжал кентінде
тұрады)

Жанқұлдан Нарманбет - бұдан ұрпақ жоқ.

4) Байсалдан Дүйсенбай, Тұқы, Сарсен.
Дүйсенбайдан Мағұл, Төлеубай, Боранбай
(1930-32 жылдары тұқым қалған жоқ).

Тұқыдан Есембай, Шәңгерей (1930-32
жылдары тұқым қалған жоқ).

Сарсеннен Қожабай.

Қожабайдан Ақатай, Қасқатай.

Ақатайдан Беркін, Екпін, Болат, Марат,
Кенже.

Қасқатайдан Қайырғали.

Қайырғалидан Қуандық, Сүйіндік.

БІР ҰЯДАН ҚАНАТ ҚАҚТЫ

*Бір ұядан өрендер қанат қақты,
Тау таланты ұстанып, қанағатты.
Әз ананың үмітін ақтады олар,
Әке берген орындап аманатты.*

МЕЙІРІМ МЕН ШАПАҒАТЫҢА РИЗАМЫЗ, АТА!

Біз Павлодар облысының Баянауылында туып өстік. Әкеміз Қайырғали Қасқатай атамыздың жалғыз ұлы еді. Тағдырдың жазуымен кенеттен менің әкем қайтыс болды да, біз төрт бала материалдық жағынан ешқандай қиындық көрмей, ата-әжеміздің қанатының астында болдық, сол үлкендердің тәрбиесімен өстік. Солай болсада біздің әкеміз бен атамыз Қасқатай біраз жылдан соң қайтыс болып, біз оң-солымызды толық тани алмайтындай шақта үлкен үйде өзіміз қалдық. Ата-әкемізде жиналған көп мал да бар еді, алайда ол кісілердің кәрілік жасын пайдаланған ұрылардың кесірінен біз үйірімен жылқыдан да айырылып қалдық.

Ең жақын сүйенеріміз - Жұматай атаның отбасы болды. Біз атамыздың тамын салып, барынша қамқор болған Жұматай атамызға шексіз ризамыз. Рәш әжем де қандай аяулы жан еді! Менің Ақсу-Аюлы селосында тұрмыс құруымда кездейсоқ жағдай емес. Жұматай атам мәуелі бәйтеректей бәріміздің басымызды біріктіріп отырған - саялы жан. Әркез Жұматай атамды

көрген сайын бет-бейнесі, түр-тұлғасы аумаған өз атамды көргендей боламын. Баянауылда бауырларым атамның түтінін түтетіп жүріп жатыр.

Мейірім мен шуағын төгіп, маған да, бауырларыма да дұрыс жол сілтеп, шапағатын төккен Жұматай атама риясыз көңілден үлкен рахметімді айтамын.

Айткүл ҚАСҚАТАЙ немересі.

ЖҰМАТАЙ АТА ӘУЛЕТІ

Жұмекең мен Рекең шаңырағында тұңғышы - Есентай. Есентай дүниеге келгенде үйдегі қарттардың қуанышында шек болмады, балаға есімді де өздері берді. Жұмекең күнделігінде былай деп жазылған екен:

«28 апрель, 1947 жыл»

«Бүгін маған және ата-анам мен туысқандарыма үлкен бір қуанышты күн. Жар сүю, екеу болу - өмір заңы болса, перзент көру, соңына ерген жас ұрпақ болса, ол да бір мейманаңды тасытатын тамаша қуаныш емес пе?! Жанұядағы балбөбектің былдыры, әпіл-тәпіл басқан қадамы, оның балғын тіршілігі, қызықты қылықтары үлкендер үшін бір оқиғасы тартымды көркем фильм көргендей ғой! Міне, осы шадыман шаттықты менің қарт әкем мен анам көптен аңсаған еді. Олардың оң тілегі қабыл болып, бүгін оны көріп қызықтап отыр. Менің шын жүректен сүйіп қосылған әйелім Рәш бүгін, яғни 25/IV-47 күні, күндізгі сағат 10.40-та босанды.

Дүниеге көзін ашып, Есентай есімді ер бала келді. Әкем екеуіміз ауыз үйде шай ішіп отыр едік.

Төргі үйде шырылдаған жас баланың әсем дауысы естілді. Әкем мұны естіп өксіп-өксіп жылап жіберді. Өткені, әкемнің менен кейін көрген жас нәрестесі осы еді. Әкем мен шешем жаңа туған немересіне мәз болып, қуанышқа бөленіп жүр. «Бауы берік болсын» деп келіп жатқан адамдар. Осы айран-асыр қуанышқа бөленіп жатқанда «Сүйінші!» деп біреу жетіп келді. Ол «Жолдас Жұматай, сіздің Отан соғысындағы ерлігіңіз үшін берілген «Богдан Хмельницкий» ордені келді. Енді алуыңызға болады» деп сөзін аяқтады.

Екі қуанышты көрген мен шаршайтын емеспін. Жүгіріп аудандық әскери комиссариатқа бардым. Олар құрметпен қарсы алып, маған келген орденді тапсырды.

Міне, екі той бір болды. Қой сойылды. Сыра қойылып достармен, жолдастармен бас қосқан екі күндей мәре-сәре мәжіліс кеші болып өтті.

Жаздым. Жұматай Құтжанұлы.

Ақсу-Аюлы селосы.»

* * *

Есентай Қарағанды политехникалық институтын бітірді. Саран, Қарағайлы, Қарағанды қаласында автокөлік мекемелерінің бастығы болып қызмет атқарды. Қарағайлы кентінде әкім болып біраз жыл еңбек етті. Көп жылғы тәжірибесі мен біліктілігін бағалап «Центргеологиясьемка» басшылығы автотранспорт бөліміне басшылық қызметіне шақыртылып, зейнетке шықса да осы салада еңбек етіп жүр. Отанасы Несібелді - жоғары білімді ұстаз, көп жылдар мектепте, Саран педогогикалық училищесінде жемісті еңбек етті. Өскен орта, ұшқан ұядан алған тәлім-тәрбие Есентай мен Несібелді шаңырағында жылылық пен ауызбіршілікті, бір-біріне деген құрметті сақтай білуге ұйтқы болды.

Үлкендер туралы Несібелді: *«Мен ата-анама үлкен ризалығымды айтқым келеді. Осы босағаны келін болып аттасамда мен сол шаңырақтың қызындай болып кеттім, менің Есентаймен бірге жоғары білім алуыма, балаларымыздың тәрбиесіне ағатайым мен тәтем көп еңбек етті. Мен ол кісілерден бір қатты сөз естіген емеспін, бар ғұмырын баларының болашағы үшін арнаған аяулы адамдар. Әттең тәтем қазір арамызда жоқ. Мен тәтемнің «әр кез сабырлы бола біл» дегенін жадымда сақтап жүрмін. Балаларымыз да немерелерімізде, шөберелерімізде атасына барып,*

жанында болып келуді аңсап тұрады. Ақсу-Аюлыдағы үлкен үй, сол қара шаңырақ бізге өте ыстық, себебі біз сол үйдегі бір шуақты, ортаны саңынамыз», - дейді.

Есентай мен Несібелді Нұрлан, Айгүл, Ерлан есімді балаларын аяқтандырып, шөберелерінің қылықтарын қызықтап отырған жайлары бар. Айгүл мен Ерлан - экономика мен заң саласында басшы қызметте, Нұрланы жеке кәсіпкерлікпен айналысады. Марат немересі атасына тартып, күреспен айналысып, өз алдына күрес мектебін ашып, жас жеткіншектерді күрес спортына дайындап жүр.



Есентай – Несібелді ұлы Ерланның отбасымен.

Шолпан ата-анасының жолын қуып, әкесінің жолын жалғап, математика пәнінен зейнетке шыққанша ұстаздық еңбек етті, «Оқу ағарту саласының үздігі». Жолдасы Марал Момышұлы көп жылдар жасөспірімдер мен балалар спорт мектебінің, орта мектептің директоры қызметін атқарды. Жоғары санаттағы ұстаздық еңбегі бағаланып Республикалық мұғалімдердің III-съезіне қатысып, әріптестерімен тәжірибесімен бөлісті. Марал мен Шолпан Сәуле, Зәуре, Гүлден, Ержан, Сержан есімді балаларын тәрбиелеп, өсірді. Олар жоғары білімді азаматтар, әр салада жемісті еңбек етіп, басшы лауазымды қызметті атқарып жүр. Қазіргі уақытта Шолпан мен Марал немерелерін қызықтап, сүйікті ата-әже болған жайлары бар.



Марал мен Шолпанның отбасы – балалары, күйеу балалары, немерелері, жиендері

Айкен Москва технологиялық институтын бітірді, осы Мәскеуде кандидаттық диссертациясын қорғады, техника ғылымдарының кандидаты атағына ие болды. Жамбыл технологиялық институтында біраз жылдар еңбек етті, қазір Алматы технологиялық университетінде кафедра меңгерушісі, профессор атағын иеленді, 2011 жылы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» білім грантының иегері. Айкен «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» медалімен марапатталған. Білім беру ісінің құрметті қызметкері. Еліміздің жеңіл өнеркәсібін өркендету саласында көптеген ғылыми жобалары өнеркәсіптерде қолдау тауып, өндіріске енгізілді. Жаңа материалды алудағы бірнеше иновациялық патенттері және Республикалық патенттері тіркелген. Жолдасы Болат Базылұлы әскери қызметте болды, зейнеткер. Балалары Ғалымжан, Мариямгүл магистрлік академиялық дәрежелері бар жоғары білімді мамандар.



Болат – Айкен немерелері
Әнел, Жаниямен

Кұлпан Қарағанды медицина училищесін бітіріп, медбикелік шықты. Жолдасы - Бейсентай Ильясұлы көп жылдар полиция қызметінде жұмыс атқарды. Шет аудандық полиция бөлімін басқарды. Қазір жинаған тәжірибенің арқасында еліміздегі «Нұр-Отан» партиясының саясатын халыққа жеткізіп, жүзеге асуына үлесін қосып, аудандық партия филиалының төрағасының бірінші орынбасары болып қызмет атқарады. Балалары Айнұр мен Бахтияр жоғарғы білімді заң қызметкерлері, отбасылы, егеменді жұмысын абыроймен атқарып, зейнетке еліміздің өркендеуіне өз үлестерін қосуда.



Бейсентай мен Кұлпан, ұлы Бахтияр мен Ханиса,
немересі Нұраймен бірге.

Бейсентай: «Өз әкем өмірден ерте озған соң мен үшін атамның әңгіме барысында айтып отыратын кеңестері өмір жолымда көп көмек болды. Өмірден көпті көрген адамның, оның ішінде ұстаз болған соң мен санама атаммен ортақ әңгімеден мол сабақ түйдім. Ата-енемнің отбасы қай уақытта бара қалсам да мен үшін бір жылуы мен шуағы бірдей орда болды. Мен «күйеу бала» емес сол үйдің бір мүшесіндей еркін қарым-қатынаста жүремін. Атамның әулеті - қуаныш пен реніште, қандай жағдайда болсын, жанымнан табылатын туғанымдай ет-жақындарым», - деп ағынан жарылды.

* * *

Құндыз Қарағанды мемлекеттік университетін бітірген. Жәйрем кен-байыту комбинатында химиялық зертхананың бастығы болып, көп жылдар еңбек етіп келе жатыр. Жолдасы Болат Сқақұлы - кен инженері, Жәйрем кен-байыту комбинатында сапа жөнінде директордың орынбасары болып көп жыл еңбек етті, қазір зейнеткер.

Құндыз бен Болат Әлібек, Айгерім есімді балаларын тәрбиелеп, өсірді. Әлібек Ломоносов атындағы Москва мемлекеттік университетін, Айгерім Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеты бітіріп, өз отбасыларын құрып, мамандықтары бойынша еңбек етіп жүр.



Болат, Құндыз, Әлібек

* * *

Әсия Қарағанды мемлекеттік университетін бітіріп, Қарағанды қаласында мамандығы бойынша көп жылдар «Геоаналит» орталық зертханасында инженер болып қызмет етіп жүр. Жүмекеңнің жиендері Әсия тәтелерінің қанатының астында жоғары білімдерін алып, еліміздің экономикасының әр саласында еңбек етіп келеді.



Әсия Қызыл алаңда

Әлия Целиноград ауыл шаруашылық институтын бітіріп, өзі таңдаған «мал дәрігері» мамандығы бойынша үздіксіз еңбек етіп келеді. Жолдасы Серік Дүйсенбайұлы жоғары білімді құрылысшы. Шет ауданында құрылыс саласын басқарып, ауданды сәулеттендіруде үлесін қосуда. Әлия мен Серік Жұлдызай, Салтанат, Асылжан атты балаларын тәрбиелеп, өсірді. Олардың әр

қайсы жоғары техникалық білім алды. Жұлдызай - орталық агенттікте, Салтанат ІТ-компаниясында еңбек етіп жүр.



Серік пен Әлия

Кенжегүл Балқаш медициналық училищесін бітіріп Шет ауданының орталық ауруханасында көп жылдар еңбек етіп келеді. Ол - мол тәжірибесі мен біліктілігі арқасында әулеттің отбасылық дәрігері болып, әке-шешесіне сырқаттанған сәттерінде жанынан табылып, тәуліктің 24 сағатында көз ілмей қызмет ететін аяулы қызы. Әкесі «менің ғұмырымды ұзартып, сырқаттансам емдеп алып жүрген, қолының шипасы жаныма қуат

беретін қыздарымның бірегейі» - деп, батасын беріп жатады. Еңбек ете жүріп, балалары Аида мен Айболын азамат қып өсірді. Аида медбикелік мамандығын алса, Айбол Қарағанды заң институтын бітіріп, тергеуші қызметін атқарып жүр. Кенжегүл - немерелерінің, жиендерінің сүйікті әжесі.



Кенжегүл әкесімен жол үстінде

Серік Қарқаралы зооветеринарлық техникумын бітіріп, аудандық орман шауашылығында еңбек етіп келеді. Серік жұбайы Сәулемен Бекжан Қайыржан, Әлімжан атты балаларын тәрбиелеп өсірді. Сәуле - аудандық балабақшаның меңгерушісі. Бекжан Қарағанды заң институтын бітіріп, сол салада қызметін атқарып жүр, атасына тартып институтта өткен және облыстық «мылтық ату» сайыстарында чемпион атанып жүр.

Қайыржан, Әлімжан жоғары техникалық білім алып, еңбек етуде. Серік пен Сәуле қара шаңырақта немерелерінің ортасында, Жұмекеңнің жанында балаларының азамат болып, аяқтанғанын қызықтап жүріп жатыр.



Серік отбасымен

Айжан Жамбыл технологиялық институтын, Қарағанды мемлекеттік университетін бітіріп, облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасында лауазымды қызметте. Жолдасы Қайрат Сыздықұлы - Қарағанды милиция жоғары мектебін бітіріп, ішкі істер саласында жемісті еңбек етіп келеді, облыстық ішкі істер департаменті бастығының орынбасары, полковник. Айгерім есімді қыздары Астана қаласында Әділет министрлігінде қызметін

атқарып жүр. Әкесі кенже қызы Айжанға «Ертегілерде айтылатын бір ақылды, мейірімді қызым деп, Қайратты көш басшым» деп еркелетіп, әр кез риза болып отырады.



Қайрат, Айжан, Айгерім

СӨЗ СОҢЫ

Осы абыз ақсақал, мерейлі майдангер, ұлағатты ұстаз туралы кітаптың мән-мазмұнының лайықты түзіліп, құралуына ықыласты пейіл қоюға байланысты игілікті іске белсеніп кіріскен көзкөргендердің, туысқандардың, құда-жегжаттардың, ол кісіден дәріс алған, тәлім-тәрбие көрген шәкірттердің, әулет азаматтарының еңбектері ұшан-теңіз, айтуға ғана оңай, шын мәнісінде олардың жарғақ кұлақтары жастыққа тимей, тынымсыз қарекет жасауы үлкендердің батасын алуға лайық. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні: осы азаматтарға алғысымыз шексіз.

Кітапты тек қалың елге танымал болған ақын-жазушылар ғана жазуы керек деген шарт жоқ. Айналып келгенде, кітап деген - әр автордың, әрбір көзкөргеннің жан сыры, жүрек сыры, оқырманымен бөлісер ой-толғамдары.

Жақсы кітап қаламның қара сиясымен емес, жүректің қызыл қанымен жазылады. Тек сонда ғана ол оқырманға олжа салатын рухани мұраға айналады. Осы тұрғыдан алғанда «Мәуелі бәйтерек» деп аталған осы ұжымдық кітапты жүректен шыққан жазба деуге болады.

Тарих шерін таратып, аталар аманатын орындап, тәуелсіздікке қол жеткізіп, өткенге салауат, бүгінге тәуба, болашаққа тәуекел айтып «Мәңгілік ел» орнатып жатқан, Ерлік пен Елдік туын көтерген егемен еліміздің мерейі асқақтай берсін. Шаңырағын кеңге көтерген, керегесі бүтін, уығы түгел, ертеңіне сенген елдің берекесі мол,

мерейі үстем болғай. Осы жасампаздықтың тұрлауы да, тұғыры да тәу етер Тәуелсіздік екенін еңсесін тіктеген еліміз түсінген. Ендеше керім де кемел келешегіне сенген көшелі елдің басының бүтіндігін, амандығын тілеп, әрқайсысымыз жұдырықтай жұмылуымыз қажет-ақ. Бұл - тәуелсіздік талабы, жаһандану сауалы, ел болудың амалы,

Ауылымыз аман, еліміз тыныш болсын. Халқына қалаулы, еліне елеулі абыз ақсақалымыз Алла Тағаланың берген жасын жасай берсін. Шуақты шарапатын ұрпағына, маңайына, айналасына тарата берсін. Уақыт табалдырығынан аттап келе жатқан Жаңа жыл берекелі болып, молшылық пен тоқшылық әкелсін. Мәңгілік Еліміздің жұлдызы жоғары болсын. Той тойға ұлассын!

МАЗМҰНЫ

АБЫЗ АТА, ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ	
Жүз жылдық несібе.....	7
Соғыс және еңбек ардагері Жұматай	
Құтжанұылының алған наградаларының	
тізбесі.....	19
Кенен ақыл, кемел оймен бөліскен.....	20
Әдемі қартаю да - бір бақыт.....	31
Әркім осындай ақсақал болса ғой.....	36
Ардақты аға, абзал жан.....	47
Ұрпақта жалғасын тапса екен.....	50
Сүйегі асыл әкем жайлы бір үзік ой.....	52
Сөзі сусын, ақылы азық.....	59

МАЙДАНДА ШЫҢДАЛҒАН ДОСТЫҚ	
Жоқшы.....	67
Жұматайға.....	75
Кездесу.....	78

КӨЗКӨРГЕНДЕР ЛЕБІЗДЕРІ	
Берекелі жанұяның атасы.....	81
Майдангер мұғалім.....	85
Атұстар.....	93
Әкелеріміз - Жеңіс жауынгерлері.....	99
Жайратқан жауын жас қазақ.....	104
Теңдессіз Ұлы Жеңіс бұл.....	106

ОТБАСЫНЫҢ АЛТЫН ДІҢГЕГІ	
Сәулелі сәттер, мерейлі мезеттер.....	111
Жақсы ұстаздың жаны жайсаң еді-ау.....	114
Менің анам.....	121
Шарапат қайнары.....	124
ҚОЛЫНА ҚАЛАМ АЛДЫ АЙТАМЫН ДЕП..... 128	
Ағыбай асы, Рахымбек балуан	
туралы білетінім.....	130
Ақиық ақсақал.....	137
Ұлағатты жан еді.....	143
«Осы жұрт Ахатайды біле ме екен?»	
дейді Жүмекең.....	150
Екі ғасыр куәсінің өсиеті.....	158
БАСПАСӨЗ БЕТТЕРІНЕН	
Заманмен сырласқан.....	171
Майдангер.....	173
Қарттарым, аман-сау жүрші.....	175
Балласт истории.....	177
Отан үшін от кешкен.....	180
Ерлігі ұрпаққа ұран.....	186
Асқақ рухты Ұлы Жеңіс.....	191
Ұмыт қалған орден ұмытылған	
ерлікпен пара-пар.....	196
Ұрпаққа ұран болған ұлы жеңіс.....	200
Ерлік - елге мұра, ұрпаққа ұран.....	203
Ер есімі - ел есінде.....	208
Қариялар құрметке лайықты.....	212
Жұматай атаға.....	215

ЖЕТІ АТАСЫН БІЛГЕН ЕР

Алты алаш қай жұрт?.....	218
Кешегі аңыз - бүгінгі шындық.....	221
Тек шежіреміз (<i>Жұмекеңнің жазған жазбаларынан алынды</i>).....	226

БІР ҰЯДАН ҚАНАТ ҚАҚТЫ

Мейірім мен шапағатыңа ризамыз, ата.....	231
Жұматай ата әулет.....	233

Дайын электрондық тасымалдаушыдан
«Tengri Ltd» баспаханасында басып шығарылды.
Қарағанды қаласы, Б.Жырау даңғылы, 84 үй.
тел. 8 (7212) 43-19-54
Моб.; 8 (702) 222 30 22, 8 (700) 222 30 22
e-mail; tootengri@mail.ru

